Оқытудың жағдайы	Арнаулы техникалық құралдармен жабдықталған ханада
Мониторинг және бағалау	Бақылау, ауызша бақылау, жазба бақылау, сұрақ-жауап, тест

Лекцияның технологиялық картасы

Қызмет басқыштары	Орындалу жағдайы	
	Оқытушы	Талаба
1-басқыш. Кіріспе (10 минут)	1. 1. Оқу пәнінің, предметтің алғашқы жалпы характеристикасын береді. Методикалық және ұйымдастырушы тараптары, талапкерлер білімдерін бағалау критерияларын және пәннің структурасын таныстырады.	1.1. Тыңдайды және жазады 1.2.Тақырыптың атын жазып алады, сұрақтарға жауап береді 1.3.Дәптерлеріне қажет жерлерін жазып отырады.
2-басқыш. Негізгі басқыш (60 минут)	2.1.Сабақтың жоспарының барлық сұрақтары бойынша визуал материалды айтып өтеді. Лекцияның негізгі жерлерін жазып алуларын сұрайды. Активтендіруші сұрақ-жауаптар өткереді. 1. Балалар әдебиетінің теориясы мен тарихы. 2. Балалар әдебиетінің міндеттері мен қызметі. 3. Балалар әдебиетінің бірнеше салаға жіктелуі Жауаптарын дұрыстайды және қорытындылайды. 2.2.Тақырыптың тірек ұғымдары және керекті материалдар қосылады. 2.3. Шығармашылық мәтін беріледі 2.4.Талапкерлердің еркін пікір айтуына рұхсат беріледі, оларды марапаттайды. 2.5. Слайдтар көрсетіледі.	Тыңдайды, үйренеді, жазады, анықтайды, Сұрақтар береді. Негізгі жерлерін жазады Сұрақтарға жауап береді Әр бір тірек ұғым және сұрақтарды талдау, жазады. Жауап береді
3- басқыш. Қортындылау шы басқыш (10 минут)	3.1 Тақырып бойынша жалпы қорытынды жасайды. 3.2 Талапкерлердің тақырып бойынша алған білімдерін талдап, бағалайды.(1-үлгі) 3.3. Тақырып бойынша өзіндік тапсырмалар беріледі. 3.4. Тақырып бойынша білімдерін тереңдеті мақсатында әдебиеттер тізімі беріледі.	3.1. Тыңдайды 3.2. Талдау жүргізіледі, Тест шешеді 3.3. Өз бетінше істеу үшін тапсырманы жазып алады 3.4. Өз бетінше істеу үшін тапсырманы жазып алады

1-үлгі:

**Курс бойынша тыңдаушылардың алған білімдерін бағалау
өлшемдері**

**Студенттер білімін (практикалық, семинар, жұмыстары) күнделік бағалауда
төмендегі критерияларға негізделеді:**

Ең жоғары көрсет.100 %	Баға	Студенттердің біліміне қойылатын талаптар
86-100	Айрықша	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларының жоспарындағы әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша түсінікке ие болса, өз бетінше пікірлеп, тақырыптың маңызын түсініп, практикада қолдана алса, қорытындылар шығарып , мысалдармен дәлелдесе.
71-85	Жақсы	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларының жоспарында көрсетілген әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша түсінігіне ие болса, өз бетінше пікірлей алса, тақырыптың маңызын түсініп, практикада қолданса.
56-70	Қанағаттандыруарлы	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларына дайын болса, тапсырмалар жоспары негізінде көрсетілген әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша белгілі бір түсінікке ие болса.
0-55	Қанағаттандыруар- сыз	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларын орындамаса, берілген тақырыпқа сай түсінікке ие болмаса.

Ескерту: Практикалық, семинар, лаборатория (өзіндік жұмыс) тапсырмалары орындалуы дәптерлерінде де тексеріледі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі оқулықтар

1. Ахметов Ш. «қазақ балалар Әдебиеті». Алматы, 2001
2. Қазақ балалар әдебиеті, Хрестоматия. Алматы, 1998 ж.

Көмекші Әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 2005
2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2003
3. Табылдиев Ә. «Қызғалдақтар». Алматы, 1990
4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003 ж.
5. Матчанов С. «Китоб уқишни биласизмиқ» Тошкент, 1993 ж.
6. Жумабаев М. «Узбек болалар адабиети» Тошкент, 2004 ж
7. Баракаев Р. «Узбек адабиети ва А.Авлоний ижоди» Тошкент, Фан, 2004 ж.
8. Бектаев А. «қазақ балалар Әдебиеті». Ташкент, 2008
9. Қазақ ертегілері. Алматы, 2000 ж. 1-2 кітап.
10. Батырлар жыры. Алматы, 2000 ж. I-II том.

1-тақырып бойынша тірек ұғымдар:

Балалар әдебиетінің дамуы, басты проблема тіл екендігі, өлеңдердің ойнақы, жинақты болуы, әдебиеттің ерекшеліктері жайындағы пікірлер, бірнеше салаға жіктелуі.

1-слайд.

Балалар фольклоры – балалар әдебиеті туралы түсінік

Жоспар:

1. Балалар әдебиетінің теориясы мен тарихы.

2. Балалар әдебиетінің міндеттері мен қызметі.

3. Балалар әдебиетінің бірнеше салаға жіктелуі

2-слайд.

Мектепке дейінгі балалар әдебиеті

Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиет.

Орталау мектеп оқушыларына арналған әдебиет

Жоғары сынып оқушыларына арналған әдебиет

Сабақты өту технологиясы

2-тақырып	Балалар фольклорына жататын жанрлар.
------------------	---

Уақыты: 2-сағат.	Студенттер саны:
Сабақ түрі	Кіріспе-тақырып бойынша түсінік
Сабақ жоспары	1.Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері. 2.“Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының айтылуы мен эстетикалық әсері. 3.Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі 4.Өтірік өлеңдердің оқыс көріністеріндегі өмір танытарлық оқиғалар 5.Халық даналығына баулуда мақал-мәтелдердің орны 6. Жұмбақтарда жасырынған шындық 7.Ертегілер – халық даналығының айнасы.
Мақсаты:	Балалар фольклорына жататын жанрлар туралы терең меңгерту
Педагогик міндеттер:	Оқу жағдайының нәтижелері:
• Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері жайлы кең тоқталады. • Өзіне тән белгілері: коллективтік, ауызша, варианттық, версиялық, дәстүрлік терең баяндалады. • .“Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының айтылуы мен эстетикалық әсері туралы мәлімет береді • Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі туралы түсінік береді. • Ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктер	• Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлерінің, маңызын үйренеді. • Өзіне тән белгілері: коллективтік, ауызша, варианттық, версиялық, дәстүрлікті терең біледі. • .“Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының айтылуы мен эстетикалық әсері туралы мәлімет алады; • Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік маңызын үйренеді. • Ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктерді үйренеді
Тәлім беру әдістері	Лекция, ақылға шабуыл, кластер, блиц ойын.
Тәлім беру түрлері	Коллективтік жұмыс, фронтал, кіші топтарда жұмыс істеу.
Тәлім құралдары	Лекция мәтіні, компьютер технологиясы,бейне проектор, слайдтар, көргізбелі материалдар,тақта,бор
Оқытудың жағдайы	Арнаулы техникалық құралдармен жабдықталған ханада
Мониторинг және бағалау	Бақылау, ауызша бақылау, жазба бақылау, сұрақ-жауап, тест

Лекцияның технологиялық картасы

Қызмет басқыштары	Орындалу жағдайы	
	Оқытушы	Талаба
1-басқыш. Кіріспе (10 минут)	1. 1. Оқу пәнінің, предметтің алғашқы жалпы характеристикасын береді. Методикалық және ұйымдастырушы тараптары, талапкерлер білімдерін бағалау критерияларын және пәннің структурасын таныстырады.	1.1. Тыңдайды және жазады 1.2.Тақырыптың атын жазып алады, сұрақтарға жауап береді 1.3.Дәптерлеріне қажет жерлерін жазып отырады.
2-басқыш. Негізгі басқыш (60 минут)	2.1.Сабақтың жоспарының барлық сұрақтары бойынша визуал материалды айтып өтеді. Лекцияның негізгі жерлерін жазып алуларын сұрайды. Активтендіруші сұрақ-жауаптар өткереді. 1.Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері. 2.“Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырыныңайтылуы мен эстетикалық әсері. 3.Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі 4.Өтірік өлеңдердің оқыс көріністеріндегі өмір танытарлық оқиғалар 5.Халық даналығына баулуда мақал-мәтелдердің орны 6. Жұмбақтарда жасырынған шындық 7.Ертегілер – халық даналығының айнасы. Жауаптарын дұрыстайды және қорытындылайды. 2.2.Тақырыптың тірек ұғымдары және керекті материалдар қосылады. 2.3. Шығармашылық мәтін беріледі 2.4.Талапкерлердің еркін пікір айтуына рұхсат беріледі, оларды марапаттайды. 2.5. Слайдтар көрсетіледі.	Тыңдайды,үйренеді, жазады, анықтайды, Сұрақтар береді. Негізгі жерлерін жазады Сұрақтарға жауап береді Әр бір тірек ұғым және сұрақтарды талдау, жазады. Жауап береді
3- басқыш. Қортындылау шы басқыш (10 минут)	3.1 Тақырып бойынша жалпы қорытынды жасайды. 3.2 Талапкерлердің тақырып бойынша алған білімдерін талдап, бағалайды.(1-үлгі) 3.3. Тақырып бойынша өзіндік тапсырмалар беріледі. 3.4. Тақырып бойынша білімдерін тереңдеті максатында әдебиеттер тізімі беріледі.	3.1. Тыңдайды 3.2. Талдау жүргізіледі, Тест шешеді 3.3. Өз бетінше істеу үшін тапсырманы жазып алады 3.4. Өз бетінше істеу үшін тапсырманы жазып алады

1-үлгі:

**Курс бойынша тыңдаушылардың алған білімдерін бағалау
өлшемдері**

**Студенттер білімін (практикалық, семинар, жұмыстары) күнделік бағалауда
төмендегі критерияларға негізделеді:**

Ең жоғары көрсет.100 %	Баға	Студенттердің біліміне қойылатын талаптар
86-100	Айрықша	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларының жоспарындағы әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша түсінікке ие болса, өз бетінше пікірлеп, тақырыптың маңызын түсініп, практикада қолдана алса, қорытындылар шығарып , мысалдармен дәлелдесе.
71-85	Жақсы	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларының жоспарында көрсетілген әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша түсінігіне ие болса, өз бетінше пікірлей алса, тақырыптың маңызын түсініп, практикада қолданса.
56-70	Қанағаттандыруарлы	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларына дайын болса, тапсырмалар жоспары негізінде көрсетілген әдебиеттерден пайдаланып, тақырып бойынша белгілі бір түсінікке ие болса.
0-55	Қанағаттандыруар- сыз	Практикалық, семинар, (өзіндік жұмыс) тапсырмаларын орындамаса, берілген тақырыпқа сай түсінікке ие болмаса.

Ескерту: Практикалық, семинар, лаборатория (өзіндік жұмыс) тапсырмалары орындалуы дәптерлерінде де тексеріледі.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі оқулықтар

1. Ахметов Ш. «қазақ балалар Әдебиеті». Алматы, 2001
2. Қазақ балалар әдебиеті, Хрестоматия. Алматы, 1998 ж.


Көмекші Әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 2005
2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2003
3. Табылдиев Ә. «Қызғалдақтар». Алматы, 1990
4. Алтынсарин Ы.. «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003 ж.
5. Матчанов С. «Китоб уқишни биласизмиқ» Тошкент, 1993 ж.
6. Жумабаев М. «Узбек болалар адабиети» Тошкент, 2004 ж
7. Баракаев Р. «Узбек адабиети ва А.Авлоний ижоди» Тошкент, Фан, 2004 ж.
8. Бектаев А. «қазақ балалар Әдебиеті». Ташкент, 2008
9. Қазақ ертегілері. Алматы, 2000 ж. 1-2 кітап.
10. Батырлар жыры. Алматы, 2000 ж. I-II том.

2-тақырып бойынша тірек ұғымдар:

Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері, “Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жыры, бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі, өтірік өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтарда жасырынған шындық, ертегілер – халық даналығының айнасы.

1-слайд.



2-слайд.



Конференция сабақта оқыту технологиялары

3-тақырып	XIX ғасырдағы балалар әдебиеті
-----------	---------------------------------------

3.1. XIX ғасырдағы балалар әдебиеті тақырыбындағы конференция сабақ

<i>Уақыт: 2 сағат</i>	<i>Талапкерлер саны -</i>
<i>Сабақ түрі</i>	Конференция сабақ
<i>Сабақ жоспары</i>	1. Шоқан Уәлихановтың өмірінен мәлімет 2. Ыбырай Алтынсарин-қазақ балалар әдебиетінің атасы 3. Қазақ балалар әдебиетінде Абайдың ролі.
<i>Сабақтың мақсаты:</i> Талапкерлерде XIX ғасыр әдебиеті және көрнекті өкілдері, жаңа жазба реалистік әдебиеттің негізін қалаушы, зерттеуші, ағартушы, жазушы, ақын, өнерпаздар жайлы білімдерді қалыптастыру.	
<i>Педагогик міндеттер:</i> - XIX ғасырдағы балалар әдебиетімен таныстыру; - Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылығы туралы мәлімет беру; - Балаларға арналған шығармалары туралы мәлімет беру; - Тақырып туралы туралы білімдерін бекіту; - Ыбарай және Абайдың табиғат лирикасын оқыту	<i>Оқудың нәтижесі:</i> - XIX ғасырдағы балалар әдебиеті туралы мәлімет беру; - Шоқан, Ыбырай, Абай жайлы, өскен ортасы туралы мәлімет; - Балаларға арналған шығармалары туралы мәлімет беру;у - Тақырып туралы туралы білімдерін бекіту; - Үзінділер оқу
<i>Оқытудың әдістері</i>	Конференция, әңгімелеу, пікірлеу, болжам жасау
<i>Оқытудың түрі</i>	Топтық, индивидуал, ұжымдық

<i>Көргезбелі құралдар</i>	Оқу қолданба, лекция мәтіні, слайд, бейне проектор, тарқатпа материалдар
<i>Тәлім беру жағдайы</i>	Топпен жұмыс істеуге қолайлы ханада
<i>Мониторинг және бағалау</i>	Ауызша бақылау, сұрақ-жауап,

3.2.“ XIX ғасырдағы балалар әдебиеті тақырыбындағы конференция сабақтың картасы

Жұмыс уақыты, кезеңдері	Мазмұны	
	Білім беруші	Білім алушы
Дайындық	Тақырыпқа тиісті әдебиеттер тізімі беріледі. Баяндамашыларға тақырыптар беріледі, анализ жасаушы, оппоненттер белгіленеді. .	Баяндамашылар тақырып таңдайды және сол бойынша жоспар түзіледі . Қалғандар лекция және қосымша материалдармен танысып шығып баяндамашыларға сұрақтар дайындайды.
1-кезең. Сабақтың алғы сөз (5 минут)	1.1. Сабақтың мақсат-міндеттері, күтілетін нәтиже туралы түсіндіріледі. Жүргізушімен таныстырады. 1.2. Білімдерін бекіту үшін қызықтыратын сұрақтар беру. 1.3. Жұмысқа ажыратылған уақыт, пікірталас өткізу қағидалары. (2-үлгі), бағалау көрсеткіштері және өлшемдері (3-үлгі).	Мұқият тыңдайды, жазып алады, жауап береді. Жұмысқа ажыратылған уақыт, пікірталас өткізу қағидалармен, бағалау көрсеткіштері және өлшемдерімен танысады.
2-кезең. Негізгі (60	2.1. Талапкерлерді дайындалған баяндама және мәліметтер мен таныстыруды ұйымдастырады. 2.2. Талдаушыларға сөзге шығу, сұрақтар беру тапсырылады. 2.3. Баяндаманың мазмұнын ұжым болып талқылау ұйымдастырылады. - оппоненттарға өз пікірлерін білдіруді, қосымша сұрақтар беруді ұсынады. - Сұрақтар беріледі	Баяндамашылар мәліметтермен танысады. Талдаушылар баяндаманың әлсіз жақтарын айтып өтеді. Оппоненттер өз пікірлерін айтады. Сұрақтар береді.

минут.)	- . 2.4. Әрбір оқылған баяндаманы қысқаша толықтыру арқылы аяқтайды.	Ойталқыда қатысады.
3-кезең. Қорытынды (10 минут.)	3.1. Сабакқа қорытынды жасалады. Актив баяндамашылар марапатталады 3.2. Өзіндік жұмыс үшін тапсырма береді .	Тыңдайды. Анықтайды, тапсырманы жазып алады.

2-үлгі

Ойталқыны өткізу тәртібі және уақыт мөлшері. (регламент)

Жүргізуші: Тақырыппен таныстырады және сөзге шығушыға сөз береді.
5 минут уақыт белгіленеді.
Лекция 5 минутқа созылады.
Талдаушы: 5 минутқа сөзге шығады.
Ұжыммен талқыға салу үшін 10 минут уақыт белгіленеді.

3-үлгі

Ойталқыға қатынасушыларын бағалау өлшемдері (эксперт яки оқытушылар жағынан толтырылады.

Баяндамашының аты-жөні	Тақырыпты толық ашып бергендігі (макс 3 балл)	Ойталқы барысында сұрақтарға берілген жауаптар саны (Әрбір тура жауапқа 1 баллдан)	Жалпы балл
1			
2			
3			
4			

Баяндамашының аты-жөні	Баяндаманың әлсіз жақтары (1 баллдан)	Баяндаманың реңсіз жақтары (1 баллдан)	Жалпы балл
1			
2			
3			
4			

Ойталқыға қатысушының аты-жөні	Қосымша айтушылар	Сұрақтар саны (Мазмұн бойынша)	Жалпы балл
1			
2			
3			

4			
---	--	--	--

Ойталқы қатысушыларына анықтамалар

- . Басқаларға да өз пікірін айту үшін көп сөйлем.
- . Сөздерінді ойлап сөйле.
- . Оппонент позициясын түсінуге әрекет жаса, оларға құрметпен қара.
- . Оппонент баяндаған пікірлерді бұсбастан, қате талдамастан дұрыс пікірле.
- . Өзіңнің сөйлеуіңе басқаларды қызықтыра біл.

Ойталқыда қарастырылатын мәселе .

Күргізуші: Оқытушының барлық міндетін өз қолына алады, ойталқыны басқарады, түсінік береді, барша дәлелдерді, атамаларды қажетті жерлерінд дұрыс пайдалануға, сөйлеу мідениетіне көңіл аудару керектігін айты бақылап отырады. Сөзге шығушылардың уақытын бақылап отырады.

Талдаушы: Сөзге шығушылардың баяндамаларын бағалайды, өзектілігін, бірізділігін, нақтылығын, қорытындысын т.б жақсы жақтарын анықтайды.

Эксперт: Бүкіл ойталқының нәтижелілігін, алып шыққын мәселелерді, пікірлерді бағалайды, өз пікірлерін айтады.

Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі оқулықтар

1. Ахметов Ш. «қазақ балалар Әдебиеті». Алматы, 2001
2. Қазақ балалар әдебиеті, Хрестоматия. Алматы, 1998 ж.


Көмекші Әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 2005
2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2003
3. Табылдиев Ә. «Қызғалдақтар». Алматы, 1990
4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003 ж.
5. Матчанов С. «Китоб уқишни биласизмиқ» Тошкент, 1993 ж.
6. Жумабаев М. «Узбек болалар адабиети» Тошкент, 2004 ж
7. Баракаев Р. «Узбек адабиети ва А.Авлоний ижоди» Тошкент, Фан, 2004 ж.
8. Бектаев А. «қазақ балалар Әдебиеті». Ташкент, 2008
9. Қазақ ертегілері. Алматы, 2000 ж. 1-2 кітап.
10. Батырлар жыры. Алматы, 2000 ж. I-II том.

3-тақырып бойынша тірек ұғымдар:

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов-заманының білгір ғалымы, қазақтың тұңғыш ағартушы-зерттеушісі, батыл саяхатшы, Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы, қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев - өз ұлтының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын.

Жоспар:



Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Абай

Өмірбаяны

- 1845-** (10 тамызда) Семей облысындағы Шығыс тауының баурайында дүниеге келді. Анасы Ұлжан мен Кеше шешесі Айға өлеуінің арасында «Телгара» атанып өсті.
- 1855-1857-** ауыл молдасынан сауат ашты. 9 жасында «Кім екен деп келіп ем түіе қуған» деген ең алғашқы мысылы өлеңін шығарды.
- 1857-1859-** Семей қаласында Ахмет Риза медресесінде белем алды. Үш ай «приходская школа» атты орыс мектебінде қосымша оқыды. 13 жасынан аға сұлтан Құнанбай өнесінің көмекшісі болып, ел билеу ісіне араласты.
- 1877-1878-** жалаңарпақтың өтпек арыздары көбейіп, 12 іспен тергеліп, Семей қаласында 3-4 ай жаты. 1884 жылы Абайды ақпан 700 кісі құлпик берген, содан Абайдың «қылмыстық ісі» жабылды.
- 1890-1898-** қарасөздерін жазды.
- 1899-** Абай өлеңі көбірек жазылады. Өлеңге өлім тақырыбы араласады. Осы жылдан кейін Абай өлең жазуды сиретеді. Көп жазылған жылы 4-8, әйтпесе, 2-3 өлеңмен 1903 жылғы көлеңгі де, содан кейін мүлде жазылмай қалады.
- 1904-** (23-мамырда) баласының өлімінің қайғысын көтере алмай, қырыншы күні өзі де елу тоғыз жасында қайтыс болды.


Абайдың сүйегі Жидейбайдағы өз қыстауының жаңына жерленген.

Абайдың балалық шағы



Бала Абай сусындаған білім бұлағы

Абайдың балалық шағы



Бала Абай медреседе

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті бас ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды
Дәм алысы үскіріп аяз бен қар,
Кәрі қудан қыс келіп әлек салды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды.
Борандай бүрқ-сарқ етіп долданғанда,
Апты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүтірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

ПӘНІНЕН ЛЕКЦИЯ МӘТІНДЕРІ

Білім саласы:	100000 – Білім
Оқыту саласы:	140000 – Оқытушылар дайындау және педагогика пәні
Бакалавриат бағыты:	5141600 – Бастауыш білім және спорт тәрбиелік жұмысы

Балалар фольклоры – балалар әдебиеті туралы түсінік

Жоспар:

1. Балалар әдебиетінің теориясы мен тарихы.

2. Балалар әдебиетінің міндеттері мен қызметі.

3. Балалар әдебиетінің бірнеше салаға жіктелуі

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2006ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Балалар әдебиетінің дамуы, басты проблема тіл екендігі, өлеңдердің ойнақы, жинақты болуы, әдебиеттің ерекшеліктері жайындағы пікірлер, бірнеше салаға жіктелуі.

Лекция мәтіні:

Балалар әдебиеті - әдебиетіміздің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиетпен бірге дамып, толысып келген ол XIX ғасырда өз ерекшеліктерімен дербес күйге жетті. Балалар әдебиеті тәлім-тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды.

Балалар әдебиетінде оптимизм басым. Сары уайым, қайғы шер атымен кездеспейді. Бала біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы болғандықтан, олар егеменді ел құрылысына қажырлы күш жұмсайды. Балалар әдебиетіндегі басты қасиеттердің бірі оларды осындай ер жүрек, өз отанының патриоты, ардагері болуға жетелейтін, өнеге беретін батыр, адал адамдардың образын жасау.

Балалар әдебиеті шығармаларының ықпалы, тәрбиелік күші жаңымды кейіпкерлер образын жасау проблемасына байланысты шешіледі. Жақсыны үлгі етіп көрсету, ардагер адамдардың отаны, халқы алдындағы қызметін суреттеу, солардың типтік образдарын жасап білу жас өспірімдердің еліктеуіне, солардай болуына талпынуына жол ашады.

«Өнер алды қызыл тіл» деп Абай атамыз айтқандай, балалар әдебиетіндегі басты проблемалардың бір түрі – осы тіл. Балалар жазушысы әдеби тілге шешен болумен қатар, оған өте ұқыптықарауға тиіс. Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, жүйелі түрде қисынды сөйлеуге, әсіресе, ана тілін сүйе білуге баулитын көркем құрал болуға тиісті. Әрбір сөз өз орнында өз қызметін атқара тұрып, баланың уылжыған жас жанына қозғау салып, сұлу суреттерімен эстетикалық күшті күшті әсер ететіндей болуы керек.

Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, жинақты, тілі баланың өз ойындай мөлдір де тұнық, қызықты да қарапайым болуы шарт.

1920 жылдардан кейін қазақ балалар әдебиеті жөнінде де сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен ақын-жазушылар және мұғалімдердің ықыласы ерекше болды. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері жайында әр кезде алуан пікірлер айтылды. Бұл ретте

С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, С. Ерубаевтың, С. Мұқановтың еңбектерін атап өтуге тиіспіз.

С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған.

І. Жансүгіров 1927жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады» - деп түйіндеген.

М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары», «Ертегілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалар екенін дәлелдеді.

Педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда «бала» деп атап жүрген жас жеткіншектердің өз араларында үлкен өзгешеліктер бар. Мәселен, бес жастағы бала мен он жастағы баланың мінезі, ұғымы, дүниеге көзқарасы бірдей еместігі мәлім. Соған орай балалар әдебиеті өз ішінде бірнеше салаға жіктеледі.

Мектепке дейінгі балалар әдебиеті
Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиет.
Орталау мектеп оқушыларына арналған әдебиет
Жоғары сынып оқушыларына арналған әдебиет

Мектепке дейінгі балалар әдебиеті

Мектеп жасына дейінгі балдырғандар шын мағынасындағы оқырмандар емес, олар – тек тыңдаушылар, көрушілер ғана. Оларға арналған шығармалар қысқа да ықшам жазылған суретті кітапшалар түрінде беріледі. Бұл жастағы балдырғандарға арналған шығармалардың тақырыбы көбінесе табиғат әлемінен, өзін қоршаған, күнде көріп жүрген оқиғалардан алынады. Тілі жеңіл, сөзі ойнақы келеді. «Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп бес саусақты санату, таныту, тағы сол сияқты баланы ойната отырып күлдіру, күлдіре отырып өмірге үйрету жағы көзделеді. Немесе:

Ал білек, ал білек,
Балдырған, бал білек
Аулың толы мал, білек.
Атқа тоқым сал, білек,
Отан тілін ал, білек,
Мал ішіне бар, білек,-

Деген сияқты ойнақы болып келеді. Оның жатталуы да қиын емес. Бұл жаста әсіресе өлең сөздер айрықша әсер етеді. Өйткені олар есіткенін жаттап алуға әуес.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиет.

Бұл жеті мен он жастың арасын қамтиды. Бастауыш мектеп оқушылары бұл кезде мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда едәуір білімді, тәжірибелі болады. География мен табиғат танудан алғашқы мәлімет алады. Отанымыздың бастан кешірген дәуірлері жайында: тарих пен есепті, әдеби кітапшаларды оқи бастайды. Поэзия шығармалары, хайуанаттар жайындағы әңгімелер, ертегілермен қатар, енді қиял-ғажайып салт ертегілерді және күлдіргі ертегілерге көбірек көңіл бөледі. Әсіресе, Алдаркөсе мен тазшалар бейнесі, солардың тапқырлығы мен ақыл-айласы бұл жастағы балаларды таңтамаша етеді. Бұл жастағы балалар үшін өін қоршаған орта жайлы, табиғат ғажайыптары жайлы, олардың әр алуан тілектерін, сұрақтарына жауап берерліктей болады.

Орталау мектеп оқушыларына арналған әдебиет.

Балалар әдебиетінің бұл сатысы он бір мен он төрт жас арасын (V – IX оқушыларын) қамтиды. Сегіз жылдық мектеп оқушылары кітапшалармен үздіксіз байланыс жасап тұрады, өте көп оқиды. Үлкен кісілерге еліктеп, өздеріне лайық мамандық іздеуді арман ете бастайды.

Бұл жастағы балалар көбінесе ғылыми – фантастикалық кітаптар мен саяхатшылар жайындағы және шытырманды оқиғаларға құрылған кітаптарды оқуға құмартады.

Жоғары сынып оқушыларына арналған әдебиет.

IX – XI сынып оқушылары өткінші шақтантан өтіп, кәмелеттік дәрежеге жетеді. Сондықтан да 15 пен 17 жастың арасындағы жас өспірімдер көбінесе үлкендер оқитын шығармаларға әуес келеді. Жоғары сынып оқушылары өздері оқып жүрген сан алуан пәндер төңірегінде сабаққа пайдасы тиетін кітаптарды іздестіреді. Мұғалім оларға қандай кітапты оқу керектігі жөнінде ақыл береді. Әр оқушының ұнататын пәні болады. Сол негізде олар мамандық таңдайды.

Балалар фольклоры – балалар әдебиетінің алтын қоры.

Жоспар:

1. Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері.
2. Баланың халық поэзиясымен байланыста өсетіндігі.
3. Балаларға арналған шығармаларда шындықты бейнелеу.
4. Балаларға арналған фольклор түрлерінің идеялық-эстетикалық табиғаты.
5. Балалар фольклорын синап, шығару, зерттеу тарихы.
6. Балалар фольклорының бастауы.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2006ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.

4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл.1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында күдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Лекцияның мәтіні:

Балалар ауыз әдебиетін жасаған –халық. Адамға баласынан жақын, баласынан артық еш нәрсе болмаған. Халық еш нәрсені де өзінің баласынан жоғары бағалаған емес. Сондықтан халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, тәтті қиялын өлең етіп, ән етіп баласына арналған. Жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш еткен. Баланың жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек-мақсаттар қою өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған. Өйткені “Адам-дүниені ұйымдастырушы, екінші жаратылысты, мәдениетті жасаушы күш-қуаттың иесі, адам –жаратылыстың органы, жаратылыс оны өзін тану, өзін көркейту үшін туғызған, міне балаларға осыны ұғындыру керек.” деген М.Горький. Демек, халық ауыз әдебиетінің алғашқы пайда болуы, шығуы халықтың балаға арнап айтқан өлең, жыр, ертегілерден басталады.

Бала өскен соң, өздерін қоршаған жаратылыстың ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан түзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, адаспай кете беретін болған.

Халық ауыз әдебиетін балалар сүйіп оқиды, қызыға тыңдайды. Халықтық шығармалармен мектеп жасына дейінгі балалар да ата-анасының, туған-туысқандарының айтуы бойынша ертеден-ақ таныс бола бастайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаш сөздер, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдер-бәрі де баланы қызықтырып, оларды мәз-мейрам етеді. Сайып келгенде, осының бәрін балалар ауыз әдебиеті деп атауға болады.

Балалар ауыз әдебиетіне халықтық шығармаларымен бірге туып жасасып келе жатқан, бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың өмір тәжірибиесіне туған игі ісі, жемісі жатады.

Балалар ауыз әдебиеті-балалардың психологиясымен, олардың ерекшелігімен санасудан туған және оларды тәрбиелеу ісінен келіп шыққан игілік. Жылаған бөбегін жұбату үшін немесе ұйықтату үшін ата-анасы балаға бесік жырын шығарған. Бөбектердің кішкентай саусақтарын қимылдатып, өз саусақтарымен өздері ойнап, үлдеп бірінші тіл қатқаны, мәз-мәйрам боп сықылдап күлгені ата-ананы шексіз қуанышқа бөлеген.

«Бесік жырынан » кейін- «тұсау кесу» жыры келеді. Мұнда жас нәрістенің қаз тұрып , апыл-тапыл басқаны «тәй-тәй» деген әнді әуенмен, жылы сөзбен , мазмұнды әсем ырғақпен жыр етеді. Балдырған өскен сайын әннің де, өлеңнің де мазмұны тереңдеп, енді балаға тілек, мақсаттар қойыла бастады.

Бізге балалар ауыз әдебиетін жинау, бастыру, оны бір жүйеге келтіріп, жас өспірімдерге ұсыну жұмысы тек XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ғана қолға алынды.. Өйткені XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ даласында ең бірінші рет жаңа типті орыс-қазақ мектептері ашыла бастауына байланысты халық ағарту жұмысымен шұғылданған педагогтар ең алдымен халық ауыз әдебиетіндегі бала тәрбиелеуге арналған шығармаларды жинауға бет бұрды. Олар балаларды оқытуға , тәрбиелеуге ең қажетті материалдар халық ауыз әдебиетінен табылатынын анықтады.

Қазақта балалар ауыз әдебиетін бірінші жинаған және оны ең бірінші рет құрыстырып, «Қазақ хрестоматиясы», «Мактубат» атты кітаптарына енгізіп, 1879 жылы бастырып шығарған Ы б ы р а й А л т ы н с а р и н еді. Төрт бөлімнен құрастырылған осы кітаптың бірінші бөліміне өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелер, ертегілер енгізілген. Ы.Алтынсарин тек балалар ауыз әдебиетін жинаушы болып қалған жоқ, сонымен қатар ол қазақ балалар жазба әдебиетінің атасы болады. Осыдан соң-ақ қазақ халқының алдыңғы қатардағы оқыған азаматтары, педагогтары қазақ балалар ауыз әдебиетін жинаумен шұғылдана бастады.

Халық шығармаларының көркемдік принципі - жағымды кейіпкерлерді мейлінше дәріптер суреттеу мен қатар, жағымсыз кейіпкерлерді жиіркенішті, жексұрын етіп көрсетуге негізделген. Халық ауыз әдебиетіндегі көркемдік әдістің творчестволық күші өзіндік өзгешелігі міне осында. Адам өз ғасырының айнасы болғандықтан, ол өз заманының сипатын танытады. Біз осы негізге сүйеніп, балалар ауыз әдебиетіндегі эстетикалық идеалға көңіл аударамыз. Қай жерде өмір болса, сол жерде поэзия бар,- деп Пушкин айтқандай, қай жерде шындық болса, сол жерде поэзия бар,- дейді Беленский. Бұл екеуі бірін-бірі толықтыратын өзекті мәселе. Бірақ өмір бар жерде өтірікте, қиянат та болады ғой. Ал қиянат бар жерде нағыз халықтың поэзия болуы мүмкін емес. Беленский айтқандай, соған қоса шындық керек. Шындық бар жерде өмір дегенің гүл-гүл жайнап, көркемденіп, жанданып сала береді. Халықты қанаттандырып, рухтандырып, ерекше әсер етеі. Сондықтан поэзия халық үшін өмір шындығын суреттеумен ғана әсерлі, шынайы көрінеді. Ал шындықты аңсау халықтың эстетикалық идеалынан туған. Бұдан шығатын қорытынды эстетикалық ешқандай көркем шығарма тумайды. Өйткені, идеалсыз өнер өмірдің тек салқын, жансыз нұр сүлдесіне айналған болар еді.

Халықтың әдеті, салты, дәстүрі, ғұрпынан тыс фольклор болмайды. Сондықтан фольклордағы эстетикалық идеал халықтың салтымен, әдетімен, ғұрпымен, дәстүрімен кәсібімен тығыз байланысты дамытады да, әрқашан әр түрлі жағдайларға байланысты халықтың көңіл-күйін танытып отырады.

Күйіну-сүйіну үстіндегі эстетикалық идеал – ауыз әдебиетіне тән ең тамаша ерекшелік.

Балалар ауыз әдебиетінде эстетикалық мазмұн, эстетикалық идеал әр жақты, әр алуан мол болды. Соның өзі балалар санасының дамуына үлкен мүмкіндіктер туғызады. Өйткені, балалар ауыз әдебиетінде халықтың болашақтан үміт еткен эстетикалық идеалы өте күшті сезіледі. Әсіресе жыршының шығарманы суырып салып орындап отырған кезінде оқиғаның ақиқатына жетердегі адамның жан дүниесін тебіrentіп эстетикалық әсері тым күшесісіп отырады. Ауыз әдебиетінің ең тамаша ерекшелігі оның осындай күйінше -сүйінше үстіндегі эстетикалық әсерінен байқалады.

Егер ауыз әдебиетінің осындай қасиеттерін кино немесе магнитофон, не кітап арқылы бермен болсақ, ол өзінің эстетикалық әсерін мүлде төмендетіп алған болған еді. Демек халық шығармаларындағы жақсы адам эстетикалық идеалдан туған еңбекқор шаруаның типтік образы екені көрінеді.


Халық шығармаларында типтік образдардың портретін суреттегенде аппақ етін – қарға, қызыл бетін қанға, оған ғашықтығын кеудесіндегі жанға балап айту бар. Осыдан келіп оның ер көңілділігі, ер болып туып, ел алдында халқы үшін қызмет ететіні бірге суреттеледі.

Эстетикалық тәрбие көркем өнер мен әдебиетінің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың толық түсініп, сол шығармалардан рақаттанып, рухани азық алдым көздейді. Бұдан шығатын қортынды эстетика адамның шындықты көркем түрде игеру заңдылығын білдіретін ғылым, соның жалпы заңдылығын көркем түрде танытатын ғылым. Эстетикалық идеал-халықтың арман мүддесін бейнелеп, шындықтың шексіз шыңына жетуге тырысатын көркемдіктің шырақтау шегі.

Дүние жүзіндегі бұқара халықтардың көркем ой тарихында ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті халықаралық ғылыми тіл де фольклор деп аталады. Фольклор деген атау ағылшын тілінде халық даналығы деген ұғымды білдіреді.

Жазба әдебиеттен бұрын әр халықтың көңіл - күйін, тұрмыс – салтын, тарихын көркем сөзбен бейнелейтұғын ауызша айтылып, ауызша тараған әдеби үлгілері болған. Ауыз әдебиетінің өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын тексеретін ғылымды фольклористика дейді.

Дәстүрлі фольклорлық шығармалардың төмендегідей басты-басты белгілері болады :



Фольклор деген атауды тұңғыш рет жазба әдебиетте қолданған ағылшын ғалымы В. Томсон, ол 1846 жылы Лондонда шығатын “Атенеум” газетінде ауыз әдебиеті туралы мәлімет келтірген. Фольклорлық шығармалар әр дәуірде әр түрлі аталған : “халық поэзиясы”, “халық шығармашылығы”, “халық ауыз әдебиеті”, “халықтың сөз өнері”.

Ертедегі фольклорлық шығармалар ру, тайпалардың ортақ әдеби мұрасы болса, келе-келе қоғамдық қатынастың дамуына таптық сипат алған, оның басты себебі адамдардың ара қатынасындағы әлеуметтік теңсіздіктен әр алуан топтар, нәсілдер, тектер, таптар пайда болған. Соның нәтижесінде белгілі бір таптың салт – санасына, талғам – талаптарына лайық көркем шығармалар пайда бола бастаған. Еңбекші қарапайым халық жаратылыспен қарым – қатынаста, қоғамдық әрекетте және өзімен өзі сырласқанда өлең – аңыздар шығарған. Оны әдетте жұрт алдында, көп көзінде орындаған. Айтушы да, тыңдаушы да бетпе-бет қатар отырып, шығармашылық бірлік құрған.

Шығарманы ә дегенде белгілі бір ақын, жыршы, жыраулар шығарған, содан соң аталған әдеби мұра бір елден екінші елге басқа біреулердің жаттауымен жетіп отырған. Заманы алыстаған сайын түп нұсқаның алғашқы авторлары ұмыт болып, ол біртіндеп бүкіл халықтық ортақ мұраға айналған. Мысалы : “” “Қозы Көрпеш- Баян сұлудың” отыздан астам варианттары сақталған. Бұл жырдың өмір тарихы сан ғасырмен өлшенеді. Сол орталықтағы оның бірінші жырлаушысының есімі ұмытылған, басты сюжеттік желісі әр алуан өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан фольклорлық әдебиеттің нақтылы авторы аталмайды. Ол шығарма қай ұлттың, қай халықтың көркем шығармасы еді деген сұрақ бірінші орында тұрады.

Ауыз әдебиеті үлгілерін кез келген адам шығармаған, оған сөз өнеріне қабілеті, бейімі бар адамдардың қатысы бар.

Фольклор ағылшын сөзі ол халық шығармасы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы. Халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Фольклор дүние жүзі халықтарының бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп. атайды. Ауыз әдебиеті ертеден келе жатқан мұра. Орыс халқының ұлы сыншысы Б. Г. Белинский “Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы” деген еңбегінде ауыз әдебиеті мен жаба әдебиетінің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп ауыз әдебиеті ерте замандағы ой – сананың жемісі дейді. Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін. Бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес дейді. Билинский ауыз әдебиетінің ерте кезде халықтың жазу, сызу өнері болмаған заманда туғандығын дәлелдейді. Өткен ғасырдың орта шенінде Батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген Буржуазияшыл ғалымдар “мифтік теория” дегенді ойлап шығарды. XIX ғасырдың 50 – 60 жылдарында орыстың Буслаев, Миллер, А. Н. Афанасев секілді ғалымдары қолдап ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп. қарады. Сөйтіп идеалистік көз қарасқа негізделген мифтік теория ауыз әдебиетінің шығу тегін ашып бере алмады. Ауыз әдебиетінің шығуы жайында өткен ғасырдың II жартысында Батыста тағы бір теория пайда болды. Бұл “ауысып алу” теориясы деп. аталды. Оны Ресейде А. Н. Пыпын, В. В. Стасов, А. Н. Веселовский т. б. ғалымдар қолдады. Бұлар орыс халқының ауыз әдебиетінен басқа халықтың ауыз әдебиеті мен мазмұны жағынан салыстыра зерттеді және әр елдің ауыз әдебиетінде ұқсас келетін сюжеттерге айырықша көңіл аударды. Осының нәтижесінде, бір елдің ауыз әдебиетінде кездесетін сюжеттер екінші бір елдің әдебиетінен ұшырай қалса – ақ болғаны, оны олар бір – бірінен ауысып алған деп. есептейді. Мұндай ауысып алулар әр түрлі қарым – қатынас, сауда – саттық жолдарымен жасалған дейді. Мәселен Веселовский орыстың батырлар жырының сюжеті Батыс Европадан алынған десе, Пыпын оны тек Батыс емес, Шығыс елдерінен де келген деп. дәлелдейді. Орыс халқы Шығыс елдері ауыз әдебиетінен көп сюжет алған деген пікірді Стасов та, кейінен Потанин де көрсетеді. Ауыз әдебиетінің тууы, даму жайында “ауысып алу” теориясы ғылыми теріс, дәлелсіз және қате теория еді.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмасы жөнінде В. Г. Белинскийдің мына бір пікірін келтірейік. Ол былай дейді: «Ауыз әдебиетін алатын болсақ, оның жұртқа аты белгілі авторы болмайды, өйткені қашанда болса, ауыз әдебиетінің авторы халық болады». Халықтың немесе бір тайпаның жас шағындағы ішкі және тысқы тіршілігін ешбір боямасыз айқын көрсететін қарапайым, үстіртін аңғал, өлең-жырларын шығарған кімдер еді, оны ешкім білмейді.

Таптық қоғамда туған ауыз әдебиеті үлгілерінің қайысысы болса да белгілі бір таптың идеясын, арман-мүддесін әлеуметтік көзқарасын білдіріп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, ауыз әдебиетінің халықтың сипаты, ең алдымен, оның халық психологиясын, халықтың арман-мүддесін, тілегін қалай суреттеп көрсеткіндігіне байланысты деп. түсінуіміз керек.

Ауыз әдебиетінің халықтық сипаты деген мәселені біз оның таптық сипаты деп ұғынамыз. Сондықтан бұл екеуін бір - бірінен бөліп қарауға болмайды. Ертеден келе жатқан ауыз әдебиетінің қандай түрін алсақ та, онда белгілі бір таптың идеясы, көзқарасы жататындығын ап- айқын көруге болады. Еңбекші бұқара тудырған ауыз әдебиетінің халықтық сипаты-халықтың тұрмыс тіршілігі, қоғамдық өмірін, арман-мүддесін, дүние танудағы көзқарасын т.б. суреттеуінен де байқалады. Халықтың адал еңбекті, достық-татулықты, жақсы шат өмірді ансап арман еткендігі оның ауыз әдебиетінің негізгі тақырыбы, идеялық нысанасы болып келеді және бұл жолда халыққа қызмет еткен қарапайым еңбек адамдары ардақталады, олардың ісі, мінезі сүйкімді түрде жырланады, олардың үстем тап өкілдеріне қарама-қарсы қойып әңгімелейді.

Жазу, сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ халық өзінің тұрмыс тіршілігі қоғамдық өмірі шаруашылығы мен кәсібі қуанышы мен күйініші дүниетануға көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең жыр, ертегі әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және

оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған кімнің шығармасы, даналық сөзі яғни ауыз әдебиеті деп. атаймыз.

Ауыз әдебиеті фольклор депте аталады. Фольклор ағылшын сөзі ол халық шығармасы ауызша тудырған, көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды білдіреді.

Фольклор дүние жүзі халықтарының бәрінде бар. Ал, халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп. атайды. Ауыз әдебиеті ертеден келе жатқан мұра. Орыс халқының ұлы сыншысы Б. Г. Белинский “Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы” деген еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп ауыз әдебиеті халықтың ерте замандардағы ой-сананың жемісі дейді. Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін. Бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес дейді. Белинский ауыз әдебиетінің ерте кезде халықтың жазу, сызу өнері болмаған заманда туғандығын дәлелдейді. Өткен ғасырдың орта шенінде Батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген Буржуазияшыл ғалымдар “мифтік теория” дегенді ойлап шығарды. XIX ғасырдың 50 – 60 жылдарында орыстың Ф. И. Буслаев, О. Ф. Миллер, А. Н. Афанасьев секілді ғалымдары талдап ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға әр-түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп. айтады. Сөйтіп идеалистік көз қарасқа негізделген мифтік теория ауыз әдебиетінің шығу тегін ашып бере алмады.

“Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының айтылуы мен эстетикалық әсері.

Жоспар:

1. Бала тәрбиесіндегі “Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының алатын орны.
2. Тәрбиелік мәні, көркемдік сипаты.
3. Халықтың балаға деген сүйіспеншілігі мен тілек-арманының көрінісі.

- 2.Байтұрсынова А. Ақ жол – А., 1991
- 3.Веселовский А. Н. Историческая поэтика. –М.,1940
- 4.Тайлор Э. Первобытная культура – М., 1989
- 5.Анисимов А. Духовная жизнь первобытного общества – М., 1978
- 6.Гусев В. Е. Эстетика фольклора – Л., 1967
- 7.Пропп В. Я. Фольклор и действительность – М.,1976
- 8.Эмельянов Л. И. Методолог, вопроы фольклористики – Л., 1978
- 9.Әуезов М. Әдебиет тарихы – А., 1991
- 10.Ысмайылов Е. Ақындар – А., 1956
- 11.Смирнова М. С. Казахская народная поэзия – А., 1967
- 12.Садырбаев С. Фольклор және эстетика – А., 1976

Қосымша

- 16.Қазақ әдебиетінің тарихы 1-т 1,2-кітаптар. – А., 196031964
- 17.Қазақ фольклористикасының тарихы – А., 1988
- 18.Қазақ фольклорының тарихылығы – А., 1993

Лекцияның мәтіні:

«Бесік жыры» және ондағы эстетикалық идеал.

Адам баласы тарихында ауыз әдебиетінің алтын ұрығы- жыр, өлеңнің бірінші бастамасы « Бесік жыры» десек, қателеспеген болар едік. Бесік жырында қазақ қауымының балаға деген ең ізгі сүйіспеншілігі, тілегі , халықтың шешендігі мен арманы, эстетикалық идеалы бейнеленген .Оның сөз жүйесі мен ырғағы , мән – мағынасы аса ұқыпты. Ана сәбиді тербете отырып « бесік жырын» айтады. Ересектеу баласына бөбекті тербеттіреді , ал ересектеу бала анасынан үйренген өлеңді айта отырып тербетеді.

Бесік жырларында дүниеге жаңа келген жас нәрестенің балашағы ойлап , қолдан келер мүмкіндіктерін сонаң жолына бақыштауға тырысады. Халық тәрбиесі баланың жас басынан көпшіл , ынтымақшыл , сыйпаттап көрсете білетін өнегелі азамат болуын көздеген , баладан адамгершілік қасиетті талап еткен . Қолы ашық , алақаны жазық береке иесі болсын дегенді балаға жас басынан ұқтыруға тырысқан .Баланы күту , бағу , тәрбиелеу , әлпештеп ақ бесікке салу , оның мәңгілік қамқоршысы болу –ата анасының , борышы. Бала туғанда шілдеhana жасау, жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш ету,оны өздеріне бақыт санау жалпы халықтың салтқа , әдет – ғұмырна , эстетикалық идеалға айналға .

Бармақтарың майысып ,
Түрлі ою ойысып ,
Ұста болар ма екенсің.?

Бала халыққа әр жақты өнермен , білімімен, игілікті ісімен танылса деп арман еткен қауым :

Таңдайларың тақылдап ,
Сөйлегенде сөз бермей ,
Шешең болар ма екенсің?-

Деп бесікте жатқан жас нәрестенің болашағын ойлайды .Қай існе , қай өнерге болса да икемі бар , бір сырлы , сегіз қырлы азамат болуын көздейді.Әйтеуір қандай іс , қандай өнер болса да өзінің бейіміне, ықылас -әрекетіне қарап нәсіп ете юеруіне халық ертеден – ақ аңсаған .Сондықтан да өз сәбиін өнердің, еңбектің қандай түріне болса да баулы беруді , ынталандыра беруді мақсат еткен. «Бесік жырының» мазмұнына теренрек үңілсек , одан адамның бастан кешірген бар тағдыры көрінгендей болады . Бала тербете отырып , ана кейде өз басынан кешкен қуанышын да , рахатында ,қоса жырлайды .Бала болашақтан күткен зор үмітке арман тілекке, біреуге тәуелді болмай ,ерікті түрде өмір сүруге жеткізетін осылар болар ма екен деп ,жас басынан баланың құлағына құйып отырады:

Кең балағын түсіріп,
Ойға ,тауға жүрісіп,
Балуан болар ма екенсің?
Немесе:
Құрағыңды майырып.
Түнде жылқы қайырып.
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?

Деген ананың асыл арманы эстетикалық идеалы - жалпы халықтық тілекпен үндесіп , өзектесіп жатады.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп.
Батыр болар ма екенсің?

Мұнда жеке бастың пайдасына бола даңқ, атақ алу үшін емес « атасының баласы болу» үшін емес , адамның баласы болуын тілегендіктен айтылған халықтың асыл ойлары берілген. Өз отанын қорғайтын азамат болар ма екен деген тілектер қойған. Бала жұбатудан басталатын бірнеше тілек- мақсаттар асық болашақтан күткен арманына жетудің жалғасы боладыдеп мезгеген « Бесік жырының» әсем де жеңіл айтылуы , оның

сазды әуенге қосылып , сондалық баппен шырқалуы баланың көңіл күйін ашып , оны мәз- майрам күлкіге шомылдырады. Бесіктің тербелуі мен ән ырғағының бірдей шығуы бала тербеткен ананың да , бесікте жатқан баланың да жүректері бірге соққандай әсер береді.

«Бесік жыры» ғасырлар бойы ұзақ өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласумен қатар оған бала жұбату, тәрбиелеуде заманы қойған тілек, мақсаттарға қарай жаңа мазмұнда, жаңа түрде айтылатын шумақтар да қосыла берген.

Айналайын балдырған,
Қылығың мейір қалдырған
Күйші болар ма екенсің,
Өнердің отын жандырған, -

Деп, біздің қазіргі қойып отырған талаптарымыз да аналар сөзімен қоса жырланатыны бар. Қорыта айтқанда, «Бесік жыры» - мәңгілік кріс алып, одан әрі дами беретін балалар ауыз әдебиетіндегі халық ауыз әдебиетінің алтын ұрығы, жыр, өлеңнің бірінші бастамасы.

Балаға үміт артарлық осындай тілек мақсаттардың қойылуының өзі де олардың ақыл-есін жетілдіріп, көңіл күйін оятып, болашаққа, алға қарай талпынтады: талпыну талаптарға, ілгері қарай ұмтылуға, жігер қайратының шыңдалуына бастайды. Осының бәрі көркем шығармалардың күшін және әдемілігін жақсы сезіну арқылы жетілетін игі нәрсе. Екінші сөзбен айтқанда, көркемдікті, әдемілікті, жақсылықты түсіндіре берудегі эстетикалық тәрбиенің жемісі.

Бесікте жатқан баланы тәрбиелеу ісіне халық осындай зор мән берген. Өйткені балаға жақсы тәрбие беру үшін оны ең алдымен бес жасқа келгенге дейін дұрыс тәрбиелей білу керектігі жайында А.С. Макаренко кезінде өте дұрыс айтқан . Халық бала тәрбиелеуде өздерінің асыл ойларын , мол тәжірибелерін көбіне өлеңге , әнге қосып айту арқылы баланың ой- ықыласын тез баурап алуға болатын әдіс- айдалар қолданғанын білеміз. Өйткені , әйткуір бірсебептер қатты ызаланып шырылдап жылаған бала жай сөзге еліге қоймайды , тербете отырып айтылған жақсы ән мен тәтті күй ғана оның көңілін жұбата алады . Бұл эстетикалық жылы ләззаттық зор әсері мен құдыретті күшімен туған көңіл күйін аулайтын жақсы тәрбиенің жемісі.

“Тұсау кесу ” жырындағы эстетика. Қазақ халқы тек бесікте жатқан балдырғандарды ғана қалай тәрбиелеу керектігіне көңіл бөліп қоймаған, олар сонымен қатар аяғын апылтапыл басып , қаз-қаз тұрған балаға қалай қарау керектігін өлеңге , әнге қосып айтып, оны да зор қуаныш көрген, “Тұсау кесу” жыры деп айтылатын халықтық өлеңде бұл жайында мынадай терең ой бар:

Қаз,қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассан мәз болам.
Күрмеуінді шешейік,
Тұсауыңды кесейік.

Бұл балдырғандарға қойылған бірінші шарт, бірінші тілек десек, бала сол тілекті орындауды өзіне зор қуаныш көреді де, оған мәз болады. Оның қаз тұруы ата-ана тілекті орындағандықтың алғашқы қадамы болып саналады. Өлеңде ешқандай бұйыру жоқ, тек қана тілек бар.Ол тілек әсем сазды өлеңмен айтылады.

Қаз,қаз,балам,қаз, балам
Тақымыңды жаз,балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Бір ден-бірге алға қарай жетектеп, өмірге баулып, үйретіп келеді.

Осының бәрі де баланың Жан жүйесіне әсер еткен эстетикалық тәрбиесінің жемісі.Өйткені жастайынан ән мен өлең арқылы көп нәрсені ұққан бала, есере келе өздері де көңіл күйін әнмен, өлеңмен білдіруге талаптанып, осыған әуестене бастайды.

Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі

Жоспар:

1. Жаңылтпаш туралы түсінік.
2. Жаңылтпаштың тәрбиелік мәні.
3. Жаңылтпаштар түзілісі.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2006ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Халық ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанрлар деп аталатын жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер мен мақал-мәтелдердің балалар фольклорының алтын қорынан алатын орны ерекше. Бала тәрбиелеуде бұл жанрлардың атқаратын үздік орны бар екендігіне халық зор мән берген. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйрететін, тілін дамытуға жаттықтыратын жанр да бар.

Ол- жаңылтпаш. Сәкен жаңылтпаш туралы: -Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі дүкенін құрған орында айтылатын айтыстың бірі- жаңылтпаш. Бұл да өлең, ертеке, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың, тілге ұстануларының, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне арналған сабақ, тәжірибе болатын ойын. Ойнақы, қырлы қиын дыбысты сөздерді біліп еркін сөйлеуге төселу ретінде балаларға, жастарға жас басынан сабақ ойын болатын нәрсе әсіресе осы жаңылтпаш,- дейді.

Жаңылтпаш көбінесе мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына лайықты шығарма. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен бастауыш айтылуы қиын сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету ол көбінесе балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес баланы талғамы күшті эстетикалық нәр алатын қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған баланы еліктіру арқылы жаттығу жұмысын жүргізуге үлкен шеберлік керек. Бұған алғаш үлкен кісілер де араласады. Баланың тіліне, әрбір тәтті сөздері мен тартымды қылықтарына күле отырып, оларды дұрыс бағытта сөйлеуге баулиды. «Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең не ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған» деген академик М.Ғабдуллин.

Балалардың көпшілігі 10 жасқа келгенге дейін кей сөздерді не жеке дыбыстарды дұрыстап айта алмайды. Кейбір ерке өскен шолжаң балалар тіпті он бес жасқа дейін де сақаулана сөйлейтіні бар. Міне, осы сияқты жаңсақтық пен сақаулануды болдыртпау үшін баланы жастан деген сияқты халық оларды жас

кезінен дұрыс сөйлеуге үйретуді көздеген. Балалардың көбіне дұрыс айта алмайтыны, тілі келмейтіні Р дыбысы. Осыған байланысты Р дыбысын дұрыс айттыруға бағытталған мынадай жаңылтпаш сөздер көп. Мысалы: Ай, Тайқарбай, Тайқарбай, Малынды жадыраға жай Тайқарбай. Ай, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай? Деген сөздерді жылдам айтқызғанда бала жаңылып, Р ның орнына И дыбысты қолданып Тайқайбай деп те жібереді.

Бұл сонымен қатар, сөздерді бұрмалап айтпау үшін, ойын айқын да дәл сөйлеуге жаттықтырады. Жаңылтпаштардың әрбір сөйлемесінде баланың тілі келіңкіремейтін сол Р дыбыстың әлденеше рет қайталап келуін де қарастырған. Жоғарыда келтірілген бір сөйлемді Р дыбысы бес жерде қайталанып айтылған. Сол сияқты Қырық құрықтық, сырық қырықтық немесе Сыпыра сөктім, сыпыра тіктім, сыпыра сөктік, сыпыра тіктік дегенде бір сөйлемнің әр сөзінде Р дыбысы айтылып, соның дұрыс айтылуы талап етіледі. Р дыбысын айтқызуға үйретумен қатар сырт тұлғасы және айтылуы жағынан да, мағыналық ұйқасы жағынан да бір-біріне жақын тұрған қырық құрықтық, сырық деген сөздерді бір-бірімен шатастырып алмау үшін де, дұрыс сөйлеуге үйрету мақсатын көздеп, сөздерді әдейі осылай етіп құраған. Сондай-ақ, осы сөздердің бір-бірінен мағына айырмашылығын танытуға үйрету бар. Бұл жағы балалардың сөз байлығын, сөздік қорын байытуға көмектеседі.

Торта қойдым,
Орта қойдым,
Орта қойдым,
Жорта қойдым.- немесе,
Төбесі төбел төрт бөрік,

Төртеуі де көк бөрік, - деген осы сияқты Р дыбысын дұрыс айтқызуға балаға арналып айтылған сөздер екені белгілі. Осыларды дұрыс айта алмаған, Р дыбысына тілі келмеген балаларға өз достары күліп, оның кейде намысына тиіп, қалайда дұрыс сөйлеуге, әр сөзді айқын дәл айтуға мәжбүр етеді. Намысына тырысқан бала достарының тәлкегіне түскісі келмей, өз бетінше жаттығып, сол сөзді, сол дыбысты сақауланбай қалай да дұрыс айтуға тырысады.

Жаңылтпаш әдейіленіп тілдің оралымдылығын, тілдің өте ыңғайлылығын тіктейтін, айтуға қиын қырлы сөздерден құралады. Р-ға тілдің орамы келмей ыңғайы келмей, кішкене қырдан тайып кетсе, түзілген сөз мүлт айтылса, айтушыға ұят келтірерлік сөздерден құрылған болады. Сөйтетін болғандықтан жаңылтпаш жастардың тілін безеп, қиыннан құрастырылған сөздерді қиыстырып айтуға дағдыландыратын, - дейді Сәкен. Жаңылтпаш сөздер жайдан жай айтыла салмайды. Оның да қоғамдық мәні бар. Баланы дұрыс сөйлеуге үйретумен қатар, оларды айналасындағы неше алуан көріністермен, өмірмен таныстыруға, сөз мағынасын бұрмалап жібермеу үшін абайлап, байыптап маңызды сөйлеуге жаттықтырады. Жаңылтпаш сөздердің бірнеше сөйлемнен құралған күрделенген түрлері де бар. Мұнда әр дыбысты дұрыс айтумен қатар сөздердің мағынасын бұлауламай сөйлеуге де үйрету шарттары қойылған.

Мынау қай арал?
Қайың менен тал арал.
Талға аралар ұялар,
Тарғыл иттің құйрығы,
Талға оралар, талға оралар.

Құдағиға сақталған сұр бал қаймақ,
Ол қаймақты мен жаламай кім жалайды,
Ол бал қаймақты мен жаламай, кім жалайды, деп айтылатын түрлері де көп.

Балаларды жалықтырмау үшін жаңылтпаш сөздер қызықты, өздері ұйқасты болып келеді. Балалардың жаттап айтуына оңай да жеңіл болады. Жаңылтпаш бала

тілін дұрыс үйрету үшін Р дыбысына байланысты ғана айтыла бермейді. Айтылуы қиын және мағынасы жағынан бір-біріне жақын тұратын сөздерді айыра білу үшін де қолданылатын жаңылтпаштар бар. Сонымен қатар ашық та айқын сөйлеуге жаттықтыратын жаңылтпаш мазмұндарынан баланы татулыққа, ынтымаққа, бірлікке шақыру мақсаты көзделетіні, сол арқылы бірқатар тәрбие жұмыстарының жүретіні де көрініп отырады.

Қамаштан көріп қалашты,
Қалашқа Жарас таласты.
Бөлінсін десең қалаш тең,
Таласпа, Жарас, Қамашпен.

Айтылуы қиын сөздерді айқын сөйлеуге үйрету арқылы соның мазмұнын ашып алуға жаттықтыру жағы көзделген. Оны мынадай мысалдардан көруге болады.

Ұлытауда Ұларлар бар,
Ұларларды ұстар ұландар.
Оларды орғыта қашатын,
Ұларлар айлалы ма?
Ұларды орнынан басатын,
Ұландар айлалы ма?

Жас өспірімдерді дұрыс та айқын сөйлеуге үйренуді мақсат етумен бірге жаңылтпаштарда оларды үлкен ойға шалдыратын тәсілдерді қолданатыны да байқалады.

Жақсы атты әп-сәтте
Асқаттар ақсатты.
Жаза алмай бас қатты,
Ақсатса, жақсы атты,
Кім болар жақсы атты.

Міне, осының өзі де баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйретумен қатар, әділ шешім айтуға дағдыландырады. Сонымен қатар контекстен жеке, тыс тұрғанда тұлғасы мен мағынасы да бір сөздердің сөйлем ішінде түрлі мағынаға ие болатынын ажырата білуге де үйрететін амал-тәсілдердің барлығы жаңылтпаштардан айқын көрінеді. Осының бәрі жаңылтпаштардың жасалу жолы мен бала тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелігін танытады.

Жаңылтпаштардың құрылысы жағынан ықшамдылығы, жаттап айтуға жеңіл тиетіні, ұйқасымы күшті әуенді, сазды және мазмұнды, күлдіргі болып келетіні жас өспірімдерді қатты сүйсіндіреді. Жаңылтпаштарда құрылысы жағынан ықшамдылығы, өздерін ептеп сынап қою жағы да ұмыт қалмаған. Ептеп сынау арқылы да оларды дұрыс сөйлеуге, өздерін-өздері дүреге алып жүруге үйретуді көздеу бар.

Әсем әсем билеймін деп әлек,
Қасен шешен сөйлеймін деп әлек,
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?
Қашан Әсем әсем билеп еді?
Әсем билегендерін де көргеміз жоқ,
Шешен сөйлегендерін де көргеміз жоқ.

Осының өзі де баланы дұрыс та айқын сөйлеуге жаттықтырумен қатар бір жағы олады сынап, қайрап отыр. Әсем билеуді де, шешен сөйлеуді де талап ету тілегі бар. Бұл тілек- біздің бүгінгі күннің тілегі. Мұнда жасөспірімдерге сегіз қырлы бір сырлы болуды үйретуді көздеген. Қорыта айтқанда, бала тәрбиелеуде, оларға ана тілін үйретіп, анық та айқын, шешен де шебер сөйлеуге жаттықтыруда жаңылтпаштың маңызы орасан зор екендігін болашақ оқытушы да, болашақ ата-ана да білуі тиіс. Оны үйретуде еріншек болмаған дұрыс.

Шоқша сақал атайдың шақшасы бар,
Күмістей ақ шашы бар.
Бақташы баласының бақшасы бар,

Уыс-уыс ақшасы бар,- деу арқылы үлкенге құрмет пен еңбекке құрметті түсінуге шақырады.

Зерделі ер керек бұл елге,

Үлгілі ер болуға,

Ілгері ел болуға,- дей отырып баланы ел үшін еңбек ететін үлгілі азамат болуға үндейді.

Ақ тайыншаның қатығын,

Аппағыма беремін,

Аппағымның атын тез,

Айтқаныңа беремін. Оңай құрылған жаңылтпаштар арқылы балаға өздерінің де өлең шығару қабілетін сынап көрсетуге болады.

Өтірік өлеңдердің оқыс көріністеріндегі өмір
танытарлық оқиғалар

Жоспар:

1. Өтірік өлең туралы.
2. Өтірік өлеңдердің тәрбиелік мәні.

Әдебиеттер:

1. Ш. Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті» 1980ж «Мектеп баспасы»
2. «Ақ сандық», «Көк сандық» А «Жазушы» 1988ж.

3. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
4. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
5. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
6. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
7. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл.1-том

Өтірік әңгімелермен қатар, қазақта өтірік өлеңдер бар. Өтірік өлеңдер қазақтың, халықтың шығармаларында ертеден орын алған жанр. Мұның түп нұсқасы әзіл-оспаққа, өткір сынға құрылған. Сонымен қатар қиыннан қиыстырылған тапқырлық және ойдың өткірлігімен логиканың күштілігі арта түседі. Сөз еткен тақырыптардың бәрін де адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі жарастықты әзіл-оспақтардың болуымен қатар, үлкен ойға шомдыратын, өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырған. І.Жансүгіров «Қазақтың өтірік өлең, өтірік ертегі» дегендері расында теңеуі жоқ басқа өтірік емес, өте шеберлікпен, тілдің орамдылығымен өзгеше өңделген сөз» деген.

Өтірік өлеңде өмір көп. Салыстыру бар, сықақ мол. Әр жануардың, әр айтылған нәрсенің тұрмысқа байланысы бар деген.

Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім.
Соңымнан көбелекке кел деп кеттім.
Асауын бөгелектің ұстап мініп,
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Немесе:

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.
Өзгесі өтірік болса да осыным шын,
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі.
Ішінде топ кісінің жығып кетіп,
Қылдың ғой ойбай қарсақ мені күлкі

Осы айтылған үш ауыз өтірік өлең ішінде адам күлерлік, сергітерлік, эстетикалық әсер аларлық қаншама көркем ойдың асқан шебер түрлері мен суреттеулері табылады.

Бір қоянды міндім де аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз қурай түбіне ас қып іштім.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Той қылып мың масаны сонда сойдым.
Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.

деген секілді әдемі суреттеулер де молынан кездеседі. Өтірік өлеңдерде өзінің көлемі жағынан үлкен, кішілігіне қарамай, бәрінде де елеулі роль атқаратын кейіпкерлері болады. Сол кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастар, олардың өмір тіршілігі үшін жасалған әрекеттері тым күлкілі. Сонымен қатар өтірік өлеңдердегі кейіпкерлер арасындағы өмір құбылыстарымен қарым-қатынастары бейнелеу, әсерлеу арқылы суреттеледі.

Осындай ерекшеліктеріне қарай өтірік өлеңдер үлкен кісілермен қатар, мектеп жасындағы балалардың оқуына да, жаттап айтуына да лайықты.

Қазір баспада жарияланған оқушыларымыз білетін мынадай өтірік өлеңдер бар. «Өтірік өлеңдер», «Кірпік шешен», «Бүркіт», « Кер бие», « Торы құлан», « Торы тай», « Шыбын», «Ағаш пен шөптің ансырасқаны», « Қамыстың жауабы», т.б.

Бұрын халықтық шығармаларда өтірік өлеңдердің қамтылған тақырыптары көбіне шыбын-шіркей және жануарлар тіршілігіне байланысты айтылатын болса біздің елімізде маңызы жоғары айтылған тақырыптардан әлде қайда зор мәселені көтергенін байқаймыз.

Дүниенің ауыры үлкен қарын,
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.
Алты атанға үш төстеп артып едім,
Көтере алмай жығылды атандарым.
Десе қазіргі тұстағы жаңа мазмұнды өтірік өлеңдерде:
Ұстадым киттің өзін қармақпенен,
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.
Голошын тұңғышымның қайық етіп,
Мұхитты жиһанкездей шарлап келем,-

делінген. Мұндағы қармақпенен ұстаған кит пен бармақпен көтерген Көкшетау керегенің басындағы үлкен қарынмен салыстырғанда салмағы бар заттар ғой сондықтан китті қармақпен ұстап, Көкшетауды жалғыз саусағымен көтеріп тұрған бармақтай бала екеніне әрине күлесің. Профессор М.Ғабдуллин: «Нақтылы деректерде мол шеберлікпен фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамның ойына келмейтін өтірік әңгімеге айналдыру қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлең түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылмақ»- деген.

Адам жас шағында да, есейіп ер жеткен шағында да арманшыл келеді.

Адамның арманы киттей алып болуды көксемейді. Адамның алыптығы ақылымен көрінуді аңсайды да, ақылды азамат болуға күш жұмсайды. Өтірік өлеңдердегі баланың китті қармақпен ұстап, Көкшетауды бармақпен көтеремін деуі орындалатын арман.

Белгілі грек оқымыстысы Архимед жер кіндігін тауып берсеңдер, оны мен жалғыз қолыммен айналдырған болар едім деуінің өзі ғылымға сүйенгендіктен айтылған. Бұл эстетикалық идеалдан туған нәрлі ой, осыған орай өтіріктің де бір жағы шындықпен астасып жататынын атап өтпекпіз. Шынға бергісіз өтіріктер болатыны фантастикалық әңгімелерден де көрінеді емес пе?

Біз өзіміздегі жетістіктерді жұмбақ жанрына қосып айтатынымыз сияқты, өтірік өлеңдерге ғылым, техника жаңалықтарына байланысты айтылып жүрген өтірік өлеңдер соңғы жылда баспа беттерінде мүлде көп жарияланып келеді. Мұның өзі балалар мен жасөспірімдердің көңіл-күйін оятып, ойын сергітіп, бір ауық күлдіріп қоюмен қатар, оларды арман ағысының зор болашағына қарай ұмтылуға үйретеді.

Поезға арттым жалғыз қауырсынды,
Тарта алмай тепловоз ауырсынды.
Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,
Жүйіткіді әлгі поезд дауыл сынды.

Тым тамаша айтылған. Бұл өлең бала түгел үлкен кісілерді де сүйсіндірген. Егер тышқанның орнына поезді сіріңкенің коропкасындай атомға тіркеп жіберсе қайтер еді. Бұл да шындыққа айналған болар еді.

Адамның эстетикалық идеалы, арманы таусыла ма, басында өтірік өлең деп жарияласақ та, ондағы әңгімеленіп отырған күрделі мәселелер түптеп келгенде шындыққа айналуы да ғажап емес.

Бір күні күн шыққан соң таңда тұрып,
Ойыншық резинка шарға мініп.
Жөнелдім қуып екі жер серігін,
Дем алдым Ай қасында жолда тұрып.

Өтірік өлең деп айтып жүрген осы ойымыз қазірдің өзінде-ақ іске асты деуімізге болады. Гагарин мен Титовтын, Николаев пен Поповичтің т.б. жер серіктерін ұшырудан соң-ақ көп ұзамай аспан әлемін космосты айнала ұшқанын өмірдің өзі көрсетті. Қазіргі өтірік өлеңдер ішінде ауыл шаруашылығына байланысты айтылып жүргендері де толып жатыр.

Тас жидым жұмсақ қой деп жастық үшін,

Бес жаста әкемнен де асты күшім.

Танктің бір драуын тандап мініп,

Теңізге бидай ектім астық үшін.

Бірін-біріне шендестіре айту арқылы бір заттың екінші заттан өзгешелігін, артықтығын көрсету өтірік өлең жанрының ең басты қасиеті екені жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрінен де көрінеді. Бұл сондықтан да көркем, қызықты естіледі.

Қорыта айтқанымызда біздің заманымызда туған өтірік өлеңдер адам қиялының, арманының өрісін кеңейтетін, қиыннан қиыстырып, көп болжаулар жасауға мүмкіндік беретін және ұтымды пікір тудыратын қызықты жанр.

Балаларды мәз-мейрам етіп, көңіл-күйін өсірумен қатар оларды қиял пырағына мінгізеді.

Өтірік өлең үлгілері.

Суайттың өтірік өлеңдері.

Есімде ессіз тауда қонақ болдым,

Бал тамған бармағымнан олақ болдым.

Шілдеде үш саусағым үсіп түсіп,

Өмірге келмей жатып шолақ болдым.

Жетпіске келгенімше доп ойнадым.

Есімнен кетер емес сол ойнағым,

Қандырдым мың жылқыны «ә» дегенше

Шелек қып жеңешемнің қол оймағын

Жасымнан жалғыз жүріп, жаһанда өстім,

Жаз күні жалаң аяқ ақ қар кештім.

Байқаусыз бөркім бауы неше байланып,

Ойланып алты жылда эзер шештім.

Сайран сап бес ай жүрдім көк аспанда,

Ақ бұлтты белгі қылдым адасқанға.

Тура айттым, қисық сөзбен төрелігін,

Ай менен Шолпан жұлдыз таласқанда.

Жайлауда шыбын баққан тайлақ сойдым,

Ұйқымды бір күн емес айлап қойдым.

Алты айда ала мінім үйге сыймай,

Тұсына тереземнің байлап қойдым.

Мұз тамақ..

Жасадым жұмыртқадан алтын табақ.


Сүңгі мұзды боршалап, еттім тамақ,

Шегірткенің сирағынан қасық жасап,

Ертеден кешке дейін іштім шалап.

Айға жеттім зымырап.
Ақ тауыққа мініп-ап,
Айға жеттім зымырап.
Құйынынан тауықтың,
Кетті бұлттар ыдырап.

Сүтін сауып торғайдың
Жетім тайды өсірдім
Аққу жегіп арбаға
Бүкіл елді көшірдім.



Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті»
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет»
3. «Ақ сандық, көк сандық» А. 1991Ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А,2004

Кітаптар, альбом – дәптер, газет- журналдар материалдары.

Мақалдардың өзіне тән ерекшеліктері. Қазақ мақалдарының өзіне тән негізгі бірінші ерекшелігі аз сөзбен көп мағына беретінінде аз сөз алтын- көп сөз көмір - дей отырып халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің тобықтай түйінін береді. Ой пікірін көз қарасын әрі терең әрі ашық айтады. Мақалдың сөз саралауы, олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинала келеді. Ішкі құрылысы жағынан алғанда мақалдар екі түрлі біріншісі айтайын деген ойын ашық етіп, бірден турасынан білдіреді. Жауды алған жаралы қалады, Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ, т.б.

Екіншісі негізгі ойды астарлап айтады. Ғибрат білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы соңғы түрге енеді. Бұған мысалы: жығылсаң нардан жығыл, Сырын білмеген аттың артынан жүрме деген мақалдарды жатқызуға болады.

Жығылсаң нардан жығыл дегенде, нардан жығылып құлауды айтып тұрған жоқ, нардан үлкенге ұмтыл, мақсатыңа жете алмасаң, ол айып емес деген ойды білдіреді. Сырын білмегеннен аттың сыртынан жүрме дегенде тура маған болумен қатар, астарлап

айтылған жанама мағана бар. Ол сырлас болмаған сырын білмеген адаммен бір ден ашша-жай болудың қолайсыз жағдайға душар еткенін аңғартады.

Мәтел. Мақал мен мәтел құрылысы, түрі, сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ бұлардың өзара айырмашылығы бар. Басты айырмашылық бұлардың мазмұнында. Мақалды алсақ оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей жанама түрінде, әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді. Кейбір сөзді тындаушы өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар бір ғасырдың ғана жемісі емес. Мақал-мәтел, жұмбақтар халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік, ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып шешетін асыл мұра, ақылына ақыл қосатын жарқын болашағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірді танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі қасиеттері айтылған. Сондықтан да қазақтың мақал-мәтелдерімен жұмбақтарын жинау қамтыған тақырыптарына қарай бір жүйеге алынған. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Көбеевтің еңбектерін ерекше атауға болады.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары – көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген сөздің мағынасын толықтыратын сонымен қатар ұтымды да, ықшамды да қолданылатын әдемі форма. Өйткені бұл мол тәжірибесінің ұзақ уақыт әбден сұрыпталған, сыннан өткен асыл түйіні.

Халықтың осындай асыл мұрасын зерттеу, одан үздіксіз үйрене беру керектігі жайында жастарымызға арнап М.Горький өзінің еңбектерінде.

«Мақал мен мәтелдер халық бұхарасының ой-өрісін өте айқын көрсетеді, халықтың әлеуметтік-тарихи тәжірибесін айқын дәл қорытып айтады», - деген.

Қазақтың мақал-мәтелдеріде адам өмірінің бастан кешірген тарихи әлеуметтік іс-әрекетіне, тіршілік тірегіне байланысты барлық мұрасы толық қамтылып, түгел айтылады. Халық туралы ерлік, батырлық, еңбек, кәсіп туралы, қоғамдық, таптық, хал-жайлар және адамгершілік, достық, ынтымақ туралы. Туысқандық туралы, семья, адам өмірі туралы, төрт-түлік мал туралы, әдет-ғұрып заң туралы, ғылым, өнер, тәлім-тәрбие туралы, денсаулық, тазалық табиғат құбылыстары туралы жан-жақты жинақтасып түгел айтылған.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында адамның өмірі тіршілігіне байланысты қамтылған, айтылмаған еш нәрсе жоқ деуге болады. Адамның мінезіндегі жат қасиеттерде мақал-мәтелдермен жиіркенішті түрде күшті түйрелейді.

Мақалдар мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам көркем, есте сақтауға икемді де жеңіл болатындықтан және бала тәрбиелеу ісінде ерекше роль атқаратындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Сонымен қатар балаларға арналған мақалдар мен мәтелдердің ерекшеліктері оның құрлысымен жасалу жолынан емес, мазмұны мен мағынасы тәрбие жұмыстарына, оқу-ағарту істеріне байланысты болуынан көрінеді. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздің қорын дамыта түседі. Оларды жарқын болашаққа тәрбиелейді, өміріне жол сілтейді.

«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деп еңбектенудің, талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай игілікпен алға қарай өспірімдердің сенімін арттырып өздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпілтіп, қанатына су бүркіп, эстетикалық идеалын шыңдап аспандата береді. Осының бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Халықтың шығармалар ішінде балаларға арнайы айтылған мақал мен мәтелдердің алатын орны да өз алдына ерекше.

Бұл барлық айтылған ойдың насихаттық жиынтығы қорытындысы ретінде беріледі. М. «Ата балаға сыншы» деген халық мақалы менімше дұрыс айтылған пікір.

Бұл- өмір тәжірибесінен алынған бірден – бір ұлағатты сөз. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. «Бала бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Кім болса да өз баласын білімді, өнегелі халық азаматы болып өссін

дегенді арман еткен. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар бар мүмкіншілігін бала болашағының игілігінен аямайды. «Оқу-білім-өмір шырағы» деген ақыл сөздерді әрқашан құлағына құйып отырады. «Оқу -білім азығы, білім- өмір қазығы», - деп өз болашағының ырысты болуы да білімділіктен туатынын айтады. «Ақыл –тозбайтын тон, білім-таусылмайтын кен»- деп оның болашағы да мәндә, мықты болатынын сан рет ескертеді. Бірақ мұның өзі еңбексіз, әрекетсіз, тектен-тек оңай қолға түсе қоятын олжа емес.

Асуы қиын бел-белес, ұшы-қыры көрінбейтін құба жон екенін де ашық айтқан. Қажымай қайрат көрсету арқылы ғана оның үдесіне жетуге болатынын ескертеді. Білім алу жолына түссең оның, оның қиындығын ауырсынба. «Өзің білмегенінді кісіден сұра, үлкен жоқ болса кішіден сұра», қалайда соның үдесіне жет, шыңына көтеріл дегенді насихат етеді.

«Адам болар баланың кісіменен не ісі бар» дегенде баланың кісіменен не ісі бар деп, оның психологиялық өсу процесіне зер аслып, дұрыс бағытқа жол сілтеп отырған. Адам болатын баланың талабы, ынта-жігері жас кезінен танылады. Көпшілікке, оның игілікті, жақсы жақтарына үйір бола бастайды. Қоғамшыл, көпшіл болады. Ақыл, парасатқа бой ұрып, игі жұмысқа зер салып, тез үйренеді.

Халық мақалдарының балаларға арналған түрлерінде жас өспірімдерді білімге баулумен қатар, оларды тәрбиелеу керектігі де толық ескерілген. Адам баласына пайдалы, өнегелі істердің барлығы да мақал-мәтел етіп айтылған. «Есер баладан ерке бала жаман» деп, баланы жас кезінен ерке, шолтық етпей өсіруді жақтайды. «Жорғаның тері кетпес, еркенің көз жасы кетпес» деп, ерке баланың пайымсыз, ақылсыз, шолжаң болатынын айтады. «Көзі соқырдан көңілі соқыр сорақы» деп көңіл соқырлығы жас кезінен ерке, пайымсыздығынан келіп шығатынын оңай түсінуге болады.

Бала жаман болса көрінгеннің мазағы. Ол ата-анаға күйік, ауыр қайғы болатынын да қатты ескертеді. Баланы шолжаң етпеу үшін онымен сөйлесуде үлкен кісілердің өздері парасатты әңгімелер айтуда, балаға баласынып қарамау керектігін де әрқашан еске салады. «Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлеген көп ішінде өлер» деп баланың қалай өсуі алдымен ата-анаға байланысты екенін құптайды. Балаға «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» дегенді көп ескертеді. «Денсаулық зор байлық» деп алдымен саулығыңды сақта, саулығың мықты болса, ойлаған мақсатыңа жетесің деп үйретеді. «Тазалық – саулық негізі, шаруашылық –байлық негізі», - дейді. Саулық негізі таза тұрып, таза жүруге байланысты болса, саулық пен таза жүрудің негізі –ұқыптылыққа байланысты екені де айтылады. «Ұқыптының тоны тозбас, ұқыпсыздың ісі озбас».

Мақалдар мен мәтелдерде жолдастық қатынастар жайында да айтылады. Жас өспірімдерді мейірімді, кішіпейіл болуға, берілген уәде, айтқан серттен айнымайтын адал дос, жақсы жолдас болуға үйретеді.«Ат жаманы жолда қалдырар» деп, жаман адамның санасыз, опасыз, тұрақсыз, табансыз, тайғақ болатынын білдіреді. «Жаман аттан аяғым артық» деген мәтелде жаман жолдастың опасыздығын, қолдағы таяқтан да қадірсіз екенін ескертеді. «Жаман досты көлеңке басына бұлт алса іздеп таба алмайсың» деп қорытынды жасайды.

Жолдасың, достық мәселесін айтқанда жас буынға көбіне адамгершілік сипатқа жатпайтын жат мінездердің барлығынан аулақ болуды көздейді.

Балалар әдебиетінің жас өспірімдерге тигізетін әсері бір жақты емес, дүние тетігінің барлық жайымен таныстыруды көздейді.

Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат –оны алдымен еңбек процесімен таныстырып, еңбектенуді сүйе білуге үйретуді көздейді. Қалған барлық мәселе осыдан тарайтынын түсінген. «Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің» оның қызығы мен рахаты алда екенін де ескертеді. Еңбегі сіңген адамдар біздің заманымызда өзінен әл-қуат кетіп, қартайған шағында мүгедек болса, зейнет ақы алып, оның өмірі қамтамасыз етіліп отыратыны да осының айқын дәлелі.

Сондай-ақ жасөспірімдерді ана тілін сүюге, оны қадірлеп қастерлеуге, жақсы сөзбен қарым-қатынас жасауға да шақырады. «Сөз асылы - мақал», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Көз жетпеген жерге, сөз жетеді», «Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір» т.б.

Халықтың сенгені және сүйенгені жастар болғандықтан оларды ел, жер, отан, халық тыныштығы мен байлығын қорғайтын азаматтар болып жетіссін деп тілейді. «Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады», «Ердің көркі елімен, Отан көркі жерімен» дегендер бұның айқын дәлелі.

Мақалдар мен мәтелдердің балалар ауыз әдебиетінен алатын орны, терең мазмұны, тәрбиелік мәні, өмір оқулығындай болатын идеялық сипаты, өткір де көркем тілі, эстетикалық идеалы оның мейлінше ықшам қолданылатыны өзінің оқушысын таң-тамаша етеді.

Лекцияның тақырыбы: Жұмбақтарда жасырынған шындық

Лекцияның жоспары:

1. Жұмбақ туралы түсінік.
2. Жұмбақтардың балалар әдебиетіндегі ролі.
3. Балалардың логикасын дамытудағы жұмбақтың маңызы.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Ақ сандық, көк сандық» А. 1991ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А, 2004
5. М.Ғабдуллин. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1989жыл.
6. С.Сейфуллин. Шығармалар жинағы, Алматы, 2002 жыл.

«Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде де, баланы тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар», -- дейді С.Сейфуллин.

Жұмбақтар өмірде кездесетін шаруашылық кәсіпке байланысты, тіршілік тірекке тиянақ болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Бәрін де алғаш жұмбақ етіп, санын, сыр-сипатын, түсін, көлемін, құпиясын ашып беруді қажет етеді.

Бұл іс-әрекетке баулудың, соған қызықтыра түсудің бір тәсілі. Жұмбақтар баланы байқағыштық, әр нәрсеге зер салғыштық қасиетке, қабілетке үйретумен қатар, ой-қиялға шоматын, ойландыратын жаққа қарай да жетелейді. Жас буынға мұның ең пайдалы жақтары да осында.

Жұмбақтардың айтылуы, сөз құрамы, әдемі ұйқасы, құрылысы жинақтылығы, аз сөзбен көп нәрсені қамтитыны да балаға көп эстетикалық әсер береді. Ойын жинақты ықшам айтуға үйретеді. Сөзуар мылжың болудан, пәтуасыздықтан аулақтата береді. Жұмбақтардың балалар фольклорынан үлкен орын алатын себептері де осыдан.

Жұмбақтарда көзбен көріп, қолмен ұстап, қажетіне асырып жүрген, өз айналасындағы заттарды жұмбақтап айтудан, алғаш жеңіл желпіден бастайды. «Қыз-бозбала жиналып, ойын-сауықтарда ойларының жүйріктігі мен тапқырлығын сынға алады. Жұмбақ шешімін тез табуға асығып, қызыға түседі. Айтылған жұмбақты тез шеше алмағандарын қызартып ұялтады. Оған тағы да басқа жұмбақ айтады. Жұмбақты тез шешкендерін мақтап, топ алдында оған сый-құрмет көрсетеді. Жақсы қыз, жақсы бала атандырады», - деген С.Сейфуллин өз еңбектерінде.

«Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр» дегенде кейбіреулер шешімін тез айта алмай, жолдастары алдында қатты қысылып, терлеп-тепшіп абыржып қалады. Күнде көріп, біліп жүрсе де соған зер салмайтынына, пайымдамайтынына киналады. Көре жүріп ойланбайтынына өз-өзінен кейиді. Өзін-өзі кінәлайды. Бұл – ыждағаттық, талаптың белгісі. Жұмбақтың мұндай сыры ақыл-ес тәрбиесінің жаттығуына жасалған халықтың ойлап тапқан асыл мұрасы делінеді. Бұл жұмбақтың шешімін Қазан мен от дегенде ғана, тіпті оңай екен ғой деп қалады.

Жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы арғы ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі

замандарға келіп, тіпті осы бүгінгі күнде де керекті қасиетін жойған жоқ. Қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болған. Жұмбақты халықтың саяси құрал ретінде тап жауларына қарсы қолданылған орындары да аз емес.

Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатыны –жұмбақтар. Жұмбақтар және оның шешімін табу баланың ақыл-есін дамытады, ойын шынықтыра түседі. Ойлауға, ойлаған ісінің үдесінен шығуға жаттықтырады. Жұмбақтардың шешімін табу баланың зейін, ықыласын арттырады. Әр нәрсенің себебін іздестіріп табуға үйретеді.

М.И.Калилиннің «Математика -- ойдың гимнастикасы»,- деп айтқанындай, жұмбақтарды да балалар мен жас өспірімдер үшін ой гимнастикасы деп атауымызға болар еді. Жұмбақтар құпиясы баланы қызықтырып, әсерлендіре түседі, шешімін айтқызуға мәжбүр етеді. Баланың ұшқыр ойын іске, әрекетке қарай баулиды. Ой санасының қызмет етуіне серпін береді.

С.Сейфуллин: «Жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі сөз-жұмбақ айтысу. Жұмбақ айтысу – хат жаза білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп безейтін, тәрбиелейтін сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған. Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтыса білмейтін жасы болмаған. Сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға төселген жастаржұмбақты ойынан да шығаратын болған. Жұмбақтар жас буынның ақыл-ойын дамытуға бағытталған асыл мұра», --деген.

Академик М.О.Әуезов қазақтың әдет-ғұрып, салтында, өнерінде жұмбақтың да ерекше орын алғанын айта келіп: «Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан тұрады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады», -деп қорытады.

Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған. Біздің уақытымызда да жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Әрбір оқытушы немесе ата-ана, үлкендер жағы балаларға жұмбақ жасырып, оның дұрыс шешуіне көңіл бөліп барса, тіпті тамаша болар еді. Жұмбақты мектеп балалары тілге ұста, сөзге шебер болу мақсатымен оқуы және жаттап алуы да тиіс.

Жұмбақтарды шешу тәрбиенің бір үлкен бөлегі екені мынадан мәлім. Мәселен, бір жұмбақты жасыру арқылы оны ойлауға, пікірлеуге, айналаны тануға, заттардың белгілері мен ұқсастықтарын тануға үйретсек, шешуін таптыру арқылы оның зейінділігін арттырамыз. Тек олар дұрыс шешпесе ұрып-соқпай емес, ақылға көндіре отырып таптыру керек. Мұнда баланы ақыл, парасаттылыққа баулып, жастықтың даңғойлығынан арылтамыз.

Төмендегі жұмбақтар осы айтылған пікірлеріміздің дәлелі десе болады.

Елу аяқты,
Екі қолды.
Салады елу аяқпен,
Жалғыз жолды. (Отын кесетін ара)

Қылкөңірдек батыр,
Үй көтеріп жатыр. (Көтергіш кран)

Асқа бармайды,
Аспаздан қалмайды. (Алжапқыш)

Шапаным да, тоным да,
Арқаның жүр жоныныда.
Атам соның соңында,
Таяғы бар қолында. (Қой мен қойшы)

Қимылдаса қос шебер,
Қыруар-қыруар іс өнер. (Қол)

Тілі бар, үні жоқ,

Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар да, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (Кітап)

Жолбарыстай жолағы,
Үйір- үйір тай көрдім.
Аймағында қай елдің,
Жануары қай жердің? Зебра.

Иілуге икемді,
Иір мойын бір аңның
Білсеңдер-ау не екенін?
Содан алған үлгісін
Жүк көтергіш кранның. Түйе.

Жанқалтаға баласын,
Салып алып қашады.
Қашқанда да байғұсың,
Оқтай зулап асады. Кенгуру.

Саусылдаған сақалы,
Ешкі де емес, шал емес.
Күйіс қайырып жатады,
Қолда ұстайтын мал емес. Арқар.

Аттан озып көрмеген
Пақыр әлі.
Арыстандай жер жарып
Ақырады. Өңгі есек.

Ақ қанаты керіліп,
Аппақ мойын иілген.
Айдын көлде отырса,
Көрген адам сүйінген. Аққу.

Миллиондаған гүлдердің,
Шырын сөлін жиып жүр.
Өз табысын қамбаға,
Күн ұзаққа құйып жүр. Бал арасы.

Мысық емес, ит емес,
Үй маңынан кетпейді.
Үстіндегі инесін,
Қысы- жазы төкпейді. Кірпі.

Үсті - тас, асты - тас,
Екі тастың арасында—
Төрт аяқпен жалғыз бас. Тасбақа.

Құрылықта қыдырып жай,
Су көрсе бассалады.
Болса да жұдырықтай,

Дауысы тас жарады.

Құрбақа.

Қызығына қара сіз,
Шыбын –шіркей тамағы.
Қусаң егер, шарасыз,
Құмға батып қалады. Батбат, шөл кесірткесі.

Лекцияның тақырыбы: Ертегілер туралы түсінік.

Лекцияның жоспары:

1. Ертегілердің балалар арасына кең таралуы.
2. Қиял-ғажайып ертегілер мен тұрмыс-салт ертегілер.
3. Ертегілердің эстетикалық әсері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Негізгі :

- 1.Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзий. – А., 1992
- 2.Байтұрсынова А. Ақ жол – А., 1991
- 3.Веселовский А. Н. Историческая поэтика. –М.,1940
- 4.Тайлор Э. Первобытная культура – М., 1989
- 5.Анисимов А. Духовная жизнь первобытного общества – М., 1978
- 6.Гусев В. Е. Эстетика фольклора – Л., 1967
- 7.Пропп В. Я. Фольклор и действительность – М.,1976
- 8.Әмельянов Л. И. Методолог, вопроы фольклористики – Л., 1978
- 9.Әуезов М. Әдебиет тарихы – А., 1991
- 10.Ысмайылов Е. Ақындар – А., 1956
- 11.Смирнова М. С. Казахская народная поэзия – А., 1967
- 12.Садырбаев С. Фольклор және эстетика – А., 1976

Лекцияның мәтіні:

Халықтық ертегілер –халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған халықтың ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжірибесі, оның мәдениетімен салты , әдеті мен ғұрпы , шаруашылық кәсібінің түрлері , тілінің шебер ерекшеліктері қамтылған .

Халық ертегісі ішінде балалардың сүйіп оқитын , олардың жас ерекшеліктеріне тән мұралар сондай көп . Халық ертегілерінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып , өмірдің неше алуан қияпатын танытады , сана- сезім , ақыл- ой қызметінің ерте дамуына , ерте қалыптасуына жәрдемдеседі . Халық ертегісін балалардың сүйіп оқитыны, барлық ықыласымен сүйсіне тыңдайтыны , оның ғасырлар бойы ұрпақтан- ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп халықтың даналық , тапқыр ой-пікірлері жинақталып , әрі көркем , әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде . Басталған жерден- ақ оқиғасы қызықты , ұшқыр қиялды болып келеді де , баланың ойын бірден қызықтырып , жетектеп әкетеді .

Халық ертегілерінің балаларды қызықтыратын тағы бір ерекшелігі ондағы адам бейнелері барлық жағынан әбден жетілген болады . Ертеке оқиғасындағы әр алуан толық кейіпкерлердің іс- әрекеттері , ол кейіпкерлердің тапқырлық , ерлік айлакерлік , ісі оңына келе беретін аңқаулық мінездері балаларды таң- тамашаға қалдырып, сүйсіндіріп отырады . Ертегілерден осындай тамаша ерекшеліктерді балалардың эстетикалық талғамдарын дамытуға зор әсер етеді.

Халық ертегілері ішінде балалар арасында кең тарағаны , әсіресе сүйіп тыңдайтыны , хайуанаттар жайындағы ертегілер . Табиғат жайында ең бай материалдар , кең түсініктер балаларға алғаш осы хайуанаттар жайындағандар ертегілер арқылы берілген . « Бармақтай бала» , «Қотыр торғай» , « Мақта қыз бен мысық» , « Арыстан , қасқыр, түлкі, түйе , бөдене» , « Кім неден күшті» , « Түлкі мен тауық» т . б .

Хайуанаттар жайында айтылатын ертегі кейіпкерлерінің өзі қызық. Сол күлкілі, қызық кейіпкерлердің өмір сүру, өмірге икемді болу жолындағы қақтығыстары мен қарым-қатынастары, олардың айла-тәсілдері жас өспірімдерге өмір жолын танытады.

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та балалардың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі де қызық болып айтылады. Халықтың шығармалар ішіндегі хайуанаттар жайында айтылатын ертегілерді түгел дерлік балалар фольклорының мұрасы деп қараймыз.

Бұған «Түлкі мен тауық» деген ертегіні мысал етіп көрейік. Бір түлкі жортып, тамақ іздеп келе жатып биік ағаш басында отырған тауықты көреді де, бұл тауықты алдап, қақпанына түсіреін деп ойлайды.

Тауық:

-Тауығым, биікте неге отырсың? Тілімді алсаң, жерге түс, дос болайық, осы жерде намаз оқып алайық, ойнап-күлейік,- дейді.

Тауық:

Рас айтасың, түлкім, бесін намазының мезгілі болып қалды, анау жерде имам жатыр, оята ғой,- дейді.

Жердегі тауықты жеймін ғой деп жүгіріп барса, бір тазы ұйықтап жатыр екен, тұра түлкіні қуады. Түлкі қаша жөнелді. Тауық оны намазға шақырады. «Байтал түгіл бас қайғы», тазы түлкіні қуып жетіп, алқымынан алады. «Біреуге ор қазба, өз басыңа келер» деген. Апырмай, тауық қандай, түлкі қандай. Түлкіні тауық па еді алдағандай. Осының өзі балалар үшін қандай қызық. Мұнда балаларға үлгі, өнеге боларлық терең ойлар айтылған. Айталы азғынның қолына түсіп, мерт болудан сақтандырудың жолдары көзделген. Әсіресе қиын-қыстау кезеңде асып-саспауға, не нәрсені болса да алдымен ақылға салып шешуге үйретеді. Тапқырлыққа баулиды. Хайуанаттар жайындағы шағын ертегілер көбіне мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайық. Мұндағы тапқырлық күлкілер мен қызықты жеңіл түйіндер балаларды, маз-мейрам етеді. Олардың эстетикалық талғамын күшейтіп, сөйлеу мәдениеттілігін арттырады.

Тұрмыс салт ертегілері өзінің тілі, айқын мазмұны мен еңбекші халықтың өмірін, қарапайым адамдардың тұрмыс тіршілігін сипаттауға және олардың үстем тапқа деген көзқарасын, күресін көрсетуге бағытталған. Қазақ ертегілерінің көбісі қиял-ғажайып, хайуанат жайында айтылады. Ал жер кәсібіне байланысты диқаншылық, бау-бақша жайындағы ертегілер қазақта мүлде аз. Соған қарағанда, «Ғажайып бақ» ертегісі беріректе қазақ халқы отырықшылық өмірге, диқаншылыққа араласа бастаған кезде шыққан болуға тиісті. «Ғажайып бақ» ертегісі балаларды адал ниетке, кіші пейілділікке, адамгершілікке, эстетикалық идеалға, еңбекке баулуға бағытталған. Мұнда бұлдыр сағым жоқ, айқын, ашық айтылған жүйелі мақсаттар көрінеді. Үстем тап өкілдеріне қарағанда, еңбек адамдарының сансыз, кісілігі, пейілі болуға, өнеге, үлгі етіп ұсынады. Ертегілерде сақталған халық даналықтарының осындай үлгілері балалар мен жас өспірімдерге өмір мектебіндей, өмір танытарлықтай болмақ.

Қазақ ертегілерінің аса бай, ең мол түрі – халықтың, тұрмыс-салтына байланысты туған шыншыл ертегілер. Бұған «Аяз би» ертегісі де жатады. «Аяз би» ертегісінің оқиғалары қиялдан гөрі, өмірге анағұрлым жақын. Шыншыл ертегілерден халық өміріне, оның тұрмыс тіршілігіне байланысты барлық жайларға жауап табуға болады. Оларда бүкіл қоғамға тән қасиеттерге дейін сөз болады. Байлық пен кедейлік, теңсіздік пен теңдік, зорлық пен оған қарсылық, жауыздық пен жақсылық, аярлық пен адалдық күресі – осылардың бәрі шыншыл ертегілердің тақырыптары. Бұл ертегілер ең алдымен баланы ақыл парасаттылыққа, сабырлы да төзімді болуға үйретеді. «Аяз би» ертегісінде халықтың сарын, халық мүддесін қорғайтын идея басым. Халық өз ортасынан шыққан еңбек адамдарының ісі мен әрекеттерін ардақтап отырады. Оларды үстем тап өкілдерінен әлдеқайда жоғары қояды.

Мадан хан өзінің қырық уәзірін дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын, шөптің жаманын тауып әкеліндер деп жұмсағанда, уәзірлер құстың жаманы деп қырғауылды, шөптің жаманы деп шеңгелді, адамның жаманы деп қой бағып жүрген

Аязды әкеледі. Өмір мен тікелей араласа жүріп, оны жете таныған, көрген білгені көп Аяз Мадан ханның ақылды деп жүрген қырық уәзірінің топастығын ашып береді. Қырғауылдың жаман құс емес екендігін, шеңгелдің де пайдалы шөп екенін дәлелдейді. Ханның өзі мініп жүрген мақтаулы атының сиырға шатыс екенін де әшкере етеді. Ақылымен бүкіл халықты таңдандырған Аяз бидің данышпандығы балаларды таң-тамаша етеді. Қиын –қыстау кездегі тапқырлық ой-адамды ажалдан да, қайыршылық халден де алып қалатыны қандай ғажап. Адамды үлкен ойға шомдыратын осы сияқты даналық сөздер балаларды елтең-селтең жеңілтік мінездерден арылтып, парасатты болуға үйретеді. Отанына, еліне еңбегі сіңген қадірменді кісілердің қатарына баулиды.

Лекцияның тақырыбы: Эпостық жырлардағы балалар ауыз әдебиетіне жататын нұсқалар.

Лекцияның жоспары:

1. Эпостық жырлар туралы түсінік және олардың балалар әдебиетінен алатын орны.
2. «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы.
3. «Қамбар батыр» жырының балаларға берерлік маңызы мен тәрбиесі.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Батырлар жыры» А. 1991ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А, 2004
5. М.Ғабдуллин. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1989жыл.
6. С.Сейфуллин. Шығармалар жинағы, Алматы, 2002 жыл.

Ертегілер, мақал-мәтелдер, өтірік өлендер, жаңылтпаштар мен жұмбақтардан басқа халық шығармаларында ерлік істерді дәріптейтін эпос немесе батырлар жыры бар. Халықтық шығармалардың ең көлемдісі, ең көбі, мазмұны мол ұзақ жырланатыны – осы батырлар жыры.

Батырлар жырының оқиға желісі, ондағы әр дәуірден құралып суреттелетін кейіпкерлер десол замандағы халықтың өткен өмірін, ерлігін баяндайды. Халық өміріндегі әр дәуірден құралған батырлықты, ерлікті суреттеу – эпикалық жырлардың ең басты ерекшелігі болып саналады. Ал, батырлар образы сол патриоттық идеяның көрінісі. Іріктеліп алынған, балалардың оқуына лайықталған эпостық жырлар да басқа шығармалар сияқты балаларды батылдыққа, ерлікке, іске табандылыққа, әділеттілікке және парасаттылыққа тәрбиелейді. Халықтық эпостық жырлардағы батырлар образы патриоттық идеяның көрінісі болғандықтан ол балаларға күшті әсер етеді.

Кейбір эпостық жырларда оқиғалар еселеп, қайталап айту жағы көп кездеседі. Мұндай ерекшелік уақиға желісін ұмытпауға, есте тезірек сақтауға мүмкіндік береді. Ондағы тамаша теңеулер мен тұрақты эпитеттердің мол болуы да балаларды әсерлендіріп отырады.

Көркемдігімен қатар батырлар жырының тілі айқын да жеңіл. Осындай принциптерге сүйене отырып, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы мен «Қамбар батыр» жырының ерлікке, еңбекке баулитын эпизодтарын үлкендер мен қатар балалардың да оқуына болатын, солардың қабілетіне сай шығармалар деп бағалаймыз.

Ы.Алтынсарин өзінің 1879 жылы бастырып шығарған «Киргизская хрестоматия» деген кітабында, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы туралы үзіндіні тектен-текке енгізбеген. Бұл «Қобыланды батыр» жырының баспа бетінде тұңғыш жарық көруі еді.

Батырлық жырлардағы күшті гиперболалық суреттемелер балаларды қатты әсерлендіріп, олардың жігер-қайратын шыңдап, ой-қиялын тасқындатып отырады.

Мысалы: Қобыланды батырдың Қазан шаһарына аттанғандағы Тайбурылдың шабысы өте әсерлі суреттелген. Тайбурылдың шабысын оқығанда оны бәйгеге қосып, қатты сүйсінгендіктен жүрегің алып-ұшып отырады. Тайбурылдың шабысы ересек адамдарға осындай әсер еткенде, ат құлағында ойнайтын, бәйгеге шабатын балаларға онан да күшті әсер қалдырады.

Шырағым Бурыл, Шу,- деді,
Құбылып Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Асқарды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі.

Тайбурыл өзін баққан Құртқаны ұятқа қалдырмайтындай намысқа тырысқандай шабысқа салады. Қобыландыны мұқатып алға кеткен Қараманды басып озып, қырық күншілік жолды бір-ақ күнде басып озғанына сүйсінбей тұра алмайсың. Айшылық жерде атты отау адам баласының ерте ғасырдан бері қарай арман еткен эстетикалық идеалы. Міне, бұл балалардың өршіл талабын, қолдан келмегенін үйреніп, талаптануына үйретеді. Тайбурылдың шабысы бірден-бірге үдей түсіп, ұшқан құстай самғаған сайын, мұны тыңдаған кісіге канат бітіп, өзі де аспанға көтеріліп, самғап бара жатқандай сезінеді.

Барлы-барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау.
Көлбағайлы шөлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы Нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан,
Жалғыз шауып жол шекті.
Астына мінген Бурыл ат,
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Құбылып ойнап шу басты.

Бұл үзіндіде Тайбурылдың шабысына байланысты жан-жақты суреттеу бар. Жырда әдемі қисын тапқан, әр нәрсенің өзіндік сыр-сипатын танытатын көркем суреттемелер мол. Жыршы поэтикалық суреттемелерді күшейту үшін, қызықты эпитеттерді көп қолдану арқылы Тайбурылдың шабысын мүлде әсерлі етіп танытқан. Барлы тау, Алатау, Қаратау, түйе мойын тау дегенде соның әрқайсысының өзіндік заңғар сипатын білдіреді. Мұндай суреттемелер балаларды байқағыштық, әр нәрсеге зер салып, оның сыр-сипатын айыра білуге үйретеді. Соымен қатар бұдан әрбір таудың сырт көрінісіне берілген ертедегі

географиялық көне атаулар екенін біледі. Баланың сөз байлығы осындайларды білу арқылы дамиды.

Эпостық жырларда, соның ішінде Тайбурылдың шабысы деп аталатын үзіндінің өзінде де балаларды тәрбиелеуде маңызы зор патриоттық мотивтер сондай күшті. Бұл патриоттық мотивтер, біріншіден, балаларды өз елін, өз жерін сүйетін, намысына берік отаншыл етіп үйретсе, екіншіден, отанына, еліне қастандық жасамақшы болған сыртқы жауларға мейлінше қатал болуға баулиды. Эпостық жырлардың фольклорына тән мұралар жас өспірімдерді өз елдерінің еағыз азаматы етіп тәрбиелеуге баулитын асыл қазына деп бағалаймыз.

«Батырлар жыры жастарға эстетикалық тәрбие берумен қатар оларды батырлық, ерлік, патриоттық рухта тәрбиелеуде көп қызмет атқарған», - деген академик М.Ғабдуллин.

«Қамбар батыр» жырындағы Қамбардың ерлік істері халқына сіңірген еңбегі балаларды қажырлы өжет іске бастайды. Адамгершілік құлықтың жақсы үлгілеріне тәрбиелейді. Қамбардың бойындағы барлық іс-әрекеттер жастарға үлгі-өнеге. Қамбар тоқсан үйлі арғынды жалғыз бағып, ел-жұртына қайырымдылық жасайды. Қамбар батыр жырының балалар ұғымына жеңіл тиетін енді бір өзгешелігі, мұнда өмірде кездеспейтін қиял-ғажайып уақиғалар айтылмайды. Жырдағы барлық оқиға тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отырады. «Қамбар батыр» жырындағы келесі өзгешелік - аң аулау кәсібі сауықшылықтан туған еріккеннің ермегі емес. Жарлы-жақыбайларды бағу үшін жасалған еңбек сапары. Ол қыз Назымның көркіне де, байлық-салтанатына да қызықпайды. Ол өз намысын қорғай білетін азамат. Қыз Назым қандай айла-тәсілдер жасаса да өзіне-өзі ұстамды. Қаз бен үйрек, тырнаны қара қасқа атқа қатарлап артып келе жатқан Қамбар қыз Назымның құрмет көрсетуі үшін әдейі жол тосып отырғанын біледі. Қамбар бұған да қызықпайды.

Құдайдың деді, ұрғаны,
Осыған көңлім бөлініп,
Жұртымды кетсем ұмытып,
Құдайдың деді, ұрғаны, - дейді де, бір бұрылмай кете береді.

Батырдың аузынан шыққан жалынды сөздер жас өспірімдерге үлкен ой салады. Бұдан ел-жұрты, Отаны, халқы үшін қызмет етуге кісінің өзіне-өзі сондай берік болуының үлгілерін көреміз.

Атының жалына асылып, өтініш білдіріп тұрған қыз Назымға Қамбар батыр былай дейді:

Қатарыңа қарасам,
Мен емес таңдап тиерің.
Істегенің асылық,
Ыңырысып байлаған,
Көшкенде топтап айдаған,
Мастығы шығар биенің.
Қол ұстасып қыз Назым
Уағда қылсам сенімен
Бір жаман келіп малы көп,
Алып кетсе айырып.
Абыройым ашылар,
Қайғыменен басылар,
Ат басындай жүрегім.

Бұл ескертулер тектен-тек айтыла салмаған, мұнда таптық сипат бар. Екеуінің қосылуына тосқауыл болатын үлкен қайшылық осында. Қамбар осыны ескетеді. Бұл «Қамбар батыр» жырының басқа батырлық жырлардан тағы бір өзгешелігі, жаңалығы деп білеміз. Қамбар жас болса да алды-артынболжай

білетін, абайлап ақылға салып қарайтын, өнегелі азамат, ірі тұлға. Бұл оған берілген халықтың сипаты. Оның жас өспірімдеріміз үшін болатын тәрбиелік жақтары – батырлығы мен қатар ақылды, сабырлы ұстамдылығында. Осындай қасиеттер жасөспірімдерге патриоттық рух беріп, оларды жігерлендіре түседі. Бұл балалар үшін үлкен тәрбие. «Қамбар батыр» жырындағы уақиға біртіндеп шиеленісіп отырған сайын оқушыларда да әр түрлі ойлар туып оларды қызықтыра түседі. Қыз Назымның тағдыры не болар екен? Қалмақ ханы Қараман шынымен-ақ қыз Назымды тартып әкете ме? Өз елі бүліншілікке түсейін деп тұрғанда Қамбар батыр қарап жата бере ме? Деген ой тартысының орынды сұрақтары туады. Жырдың ең қызықты жері де осы. Мұнда өмір сүру тартысы да, тап тартысы да айқын суреттелген. Қараман мен Келмембеттің озбырлығына берілмей, жарлы да болса Қамбарды жақтап, соның етегінен ұстаған қыз Назымның қайсарлығы бас бостандығы үшін күрескен жастың арманын танытады. Оқиғасы қызықы құрылған, кейіпкерлер арасындағы тартыстар айқын суреттелетін осындай шығармаларды балалар қызығып оқиды.

Қамбардың батырлығы да, жай уақыттағы тіршілігі де басының қамы емес. Елдің, халықтың қамы, халық өз дегеніне жетеді. Халқын сүйген азаматтың қадірі мен дәрежесі күшейіп, беделі бұрынғыдан да арта түседі. Маңдай тері төгілген асыл еңбек пен намыс шайқасының аяғы әрқашан игілікке айналуын арман ететін халықтың ізгі тілегі орындалады. «Қазақтың батырлар жырына халықтың ұзақ жылғы күрестері негізгі мотив болды. Бірақ, фольклор тарихи шындықты сол қалпында жырлай бермейді, ақындық қиял, творчестволық шабытпен құбылтып, өзгертіп жырлайды» - деген профессор Есмағамбет Ысмайлов.

Лекцияның тақырыбы: XIX ғасырдағы қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы.

Лекцияның жоспары:

1. XIX ғасырдағы балалар әдебиетінің өркендеуі.
2. XIX ғасырдағы екінші жартысынан бастап балаларға арналған оқулықтар.
3. Балалар фольклорының бастауы.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2006ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Лекцияның мәтіні:

Жазба әдебиеті дамыған қандай елді алсақ та оның негізді ауыз әдебиетімен тығыз байланысты, содан қоректене отырып жетілген білеміз. Бұл-жазу, сызудың шығуына, сауатылыққа және мәдениеттің үздік өсуіне байланысты іске асатын құбылыс. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы ерекшеліктерді, ондағы бастр-басты айырмашылықтарды белгілей келіп, В.Г. Белинский мынадай теориялық анықтамаларға тоқталған еді. “Ауыз әдебиетінде аты мәлім автор болмайды, неге десеңіз ауыз әдебиетінің авторы әрқашан да –халық. Халықтың немесе тайпаның әлі балаң дәуірдегіндегі оның ішкі және тысқы өмірлері табиғи қалпында айқын көрсетілетін өлең-жырларын шығарушылар кім дер еді, оны ешкім білмейді.”.

Ал әдебиет ол басқаша. Әдебиеттің шығарушылығы халық емес, оның авторлары-халық рухының әр алуан жақтарын өзінің ой-ақылы арқылы білдіретін жеке адамдар. Халықтық шығармалардағы балалар әдебиетінің өсіліп-жетілуімен қатар, XIX ғасырдың жазушылары да балалар әдебиетінің өркендеуіне ат салысып, жетекші роль атқарады.

Егер біз фольклор балалар әдебиетінің алтын бесіді десек “Әліппе ” мен “Букварь” балалар кітабының, балалар жаба әдебиетінің негізді болды дер едік. XIX ғасырдан бастап-ақ қазақ балалар жаба әдебиеті өзінің тұрақты педагогикалық көз-қарасы анықталған және түрлі жанрларда жазылған әдебиет болып қалыптасты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап балаларға арналған жаңа типті орыс-қазақ мектептерінде оқытылатын “Букварь” (1892) , “Әліппе”, “Қазақтар үшін орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” (1876) “Қазақ хрестоматиясы” (1879) шыға басталды. Мұның өзі жаңа типті орыс-қазақ мектептерінің ашылуына байланысты туған игілік еді. Қазақ балалары үшін ашылған мектептер, соншама аз болса да, қазақ халқының арасында олар орыс білімінің тарауына көмектесті. Балалар ендігі жерде Діни медреселерде оқымасын, олардың бастарын Діни уағыздарын мектептеріне тартылсын деген пікірлер туа бастады. Бұл кезде Діни медреселерде оқитын шәкірттерге ислам дінін дәріптейтін өлеңдерді, түсініксіз аяттарды хормен айтқызып, еріксіз жаттауға мәжбүр ететін:

Қайрауат-ау, қайрауат,

Баймұғамет салауат.

Елімізге сәулет бер,

Бай, мырзаға дәулет бер,

Молдамызға нәубет бер,

Молдеке, Бізе рұқсат бер,-

деп , молда алдана иіліп тәджім беретін. Мұның өзі бала миын жас кезінен діни сүрелермен уландырып, қай нәрседен болса да қорқып, бұқпантайлап өмір сүруге кіріптар етіп қоятын. Балалар үшін сол кездегі келелі тақырыптардың бірі хайуанаттар, жан-жануарлар жайында жазылған өлеңдер-жырлар болып табылады.

Осы тұстағы қазақ балалар әдебиеті орыс әдебиетінің қазақ тіліне аударылуымен де толығып, жетіле түсті. Өз шығармаларымен қатар, Ыбырай Алтынсарин И. А. Крыловтан, и И. И. Дмитриевтен, Ушинский хрестоматиясынан балаларға лайықты көптеген өлеңдер, әңгімелер аударып, өз хрестоматиясына енгізді. Ыбырай мен Абайдың орыс әдебиетінен аударған шығармалары қазақ балалар әдебиетінің өсіп, дамуына игі әсерін тигізді.

Қазақ балалар әдебиеті мен балалар фольклорына жататын обай мұраларды жинап, іріктеп алу, бір жүйеге келтіру, бастыру жағы да осы XIX ғасырдан бастап қолға алынған еді. Осыған орай қазақ балалар әдебиеті педагогикалық принциптерді қолдануға тиіс өрелі ойлар өріс ала бастады.

Ертедегі фольклорлық шығармалар ру, тайпалардың ортақ әдеби мұрасы болса, келе-келе қоғамдық қатынастың дамуына таптық сипат алған, оның басты себебі адамдардың ара қатынасындағы әлеуметтік теңсіздіктен әр алуан топтар, нәсілдер, тектер, таптар пайда болған. Соның нәтижесінде белгілі бір таптың салт – санасына, талғам – талаптарына лайық көркем шығармалар пайда бола бастаған. Еңбекші қарапайым халық жаратылыспен қарым – қатынаста, қоғамдық әрекетте және өзімен өзі сырласқанда өлең – аңыздар шығарған. Оны әдетте жұрт алдында, көп көзінде орындаған. Айтушы да, тыңдаушы да бетпе-бет қатар отырып, шығармашылық бірлік құрған.

Шығарманы ә дегенде белгілі бір ақын, жыршы, жыраулар шығарған, содан соң аталған әдеби мұра бір елден екінші елге басқа біреулердің жаттауымен жетіп отырған. Заманы алыстаған сайын түп нұсқаның алғашқы авторлары ұмыт болып, ол біртіндеп бүкіл халықтық ортақ мұраға айналған. Мысалы : “” “Қозы Көрпеш- Баян сұлудың” отыздан астам варианттары сақталған. Бұл жырдың өмір тарихы сан ғасырмен өлшенеді. Сол орталықтағы оның бірінші жырлаушысының есімі ұмытылған, басты сюжеттік желісі әр алуан өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан фольклорлық әдебиеттің нақтылы авторы

аталмайды. Ол шығарма қай ұлттың, қай халықтың көркем шығармасы еді деген сұрақ бірінші орында тұрады.

Ауыз әдебиеті үлгілерін кез келген адам шығармаған, оған сөз өнеріне қабілеті, бейімі бар адамдардың қатысы бар.

Фольклор ағылшын сөзі ол халық шығармасы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы. Халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Фольклор дүние жүзі халықтарының бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп. атайды. Ауыз әдебиеті ертеден келе жатқан мұра. Орыс халқының ұлы сыншысы Б. Г. Белинский “Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы” деген еңбегінде ауыз әдебиеті мен жаба әдебиетінің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп ауыз әдебиеті ерте замандағы ой – сананың жемісі дейді. Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін. Бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес дейді. Белинский ауыз әдебиетінің ерте кезде халықтың жазу, сызу өнері болмаған заманда туғандығын дәлелдейді. Өткен ғасырдың орта шенінде Батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген Буржуазияшыл ғалымдар “мифтік теория” дегенді ойлап шығарды. XIX ғасырдың 50 – 60 жылдарында орыстың Буслаев, Миллер, А. Н. Афанасев секілді ғалымдары қолдап ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп. қарады. Сөйтіп идеалистік көз қарасқа негізделген мифтік теория ауыз әдебиетінің шығу тегін ашып бере алмады. Ауыз әдебиетінің шығуы жайында өткен ғасырдың II жартысында Батыста тағы бір теория пайда болды. Бұл “ауысып алу” теориясы деп. аталды. Оны Ресейде А. Н. Пыпын, В. В. Стасов, А. Н. Веселовский т. б. ғалымдар қолдады. Бұлар орыс халқының ауыз әдебиетінен басқа халықтың ауыз әдебиеті мен мазмұны жағынан салыстыра зерттеді және әр елдің ауыз әдебиетінде ұқсас келетін сюжеттерге айырықша көңіл аударды. Осының нәтижесінде, бір елдің ауыз әдебиетінде кездесетін сюжеттер екінші бір елдің әдебиетінен ұшырай қалса – ақ болғаны, оны олар бір – бірінен ауысып алған деп. есептейді. Мұндай ауысып алулар әр түрлі қарым – қатынас, сауда – саттық жолдарымен жасалған дейді. Мәселен Веселовский орыстың батырлар жырының сюжеті Батыс Европадан алынған десе, Пыпын оны тек Батыс емес, Шығыс елдерінен де келген деп. дәлелдейді. Орыс халқы Шығыс елдері ауыз әдебиетінен көп сюжет алған деген пікірді Стасов та, кейінен Потанин де көрсетеді. Ауыз әдебиетінің тууы, даму жайында “ауысып алу” теориясы ғылыми теріс, дәлелсіз және қате теория еді.

Лекцияның тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің тәрбиесі.

Лекцияның жоспары:

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі.
2. Махамбет өлеңдерінің балалар тәрбиесіндегі орны.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Бес ғасыр жырлайды» А. 1991Ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2-кітап. Ш.Ахметов. А, 2005
5. Елікбаев.С.Т, Кәкішев.Т. Қазақ әдебиеті. 10-сынып, Арман баспасы, 2006ж
6. Сүйінішәлиев.Х. Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 2002 жыл.

Махамбет Өтемісұлы.



1804 жылы Ішкі Бөкей
Ордасында дүниеге келген.
Жастайынан хан сарайында
болып, түрлі әділетсіздіктерді
көріп өскен. Жас кезінде
Жәңгір ханның баласы
Зұлқарнайынмен бірге
Орынбор қаласында білім
алған. Шаруалар көтерілісінің
ұйымдастырушысы Исатайды
өзіне дос деп білген. 1846
жылы дұшпандарының
қолынан қапыда қаза болған.

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданында, Нарынның Бекетай құмында туған. Өтемістің 10 баласы болып, Махамбет Бекмағамбеттен кейінгі екінші бала болады. Жас кезінде хан ордасында тәрбиеленген ақын кейін бөлектеніп кетеді. Халықты, қарашаны қолдаған Махамбет 1829 жылы түрмеге қамалады.

1836 жылы 14-көкекте Исатай мен Жәңгір кездеседі. Ханның қайын атасы Қарауылқожаның ауылын шауып алады. 1837 жылы 2-қарашада хан ордасына қайта аттанады. 1838 жылы 12-шілдеде орыс әскерімен шайқаста, Исатай қаза табады. Ары қарай Махамбет ақынның азапты күндері туады. Орынбор түрмесіне қамалады.

1846 жылы өз үйінде қастандықпен қаза табады. Бейіті Атырау облысы, Махамбет ауданы, Қарой деген жерде.

Өлеңдері. Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. **Ер қандай болу керек** деген сауалдарға жауап іздейді. Ақын өлеңдерінде халықтың қорғаны болатын ер азамат екендігін естен шығармау нақты айтылады, себебі елдің тыныштығы мен жауыздардан азат болуы үшін нағыз ержүрек батыл ұлдар керек болады. Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-енку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай.
Темір қазық жастанбай.
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?! –

деп азаматтың міндетін көрсетеді. Осыған ұқсас «**Беркініп садақ асынбай...**» деп басталатын өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорық пен оның қиындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жеңу, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды.

Исатай Тайманұлы



1791 жылы өмірге келген. Ел ісіне ерте араласқан. Бөкей хан тұсында, 1812 жылдан бастап Жайықтағы Бөріш руына старшын болған. Жәңгір хан тұсында ханның әділетсіз істеріне қарсы шығып шаруалар көтерілісін ұйымдастырған. 1838 жылы Гекке бастаған орыс армиясымен соғыста Ақбұлақ өзені бойында қаза тапқан.

Исатайдай жолдасын мақтап, нағыз ер бейнесін жасайды. Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан төккен, сол мақсатқа бел буған ерлер бейнесі жасалса, Исатай – сол ерлерді бастаушы, халық үшін жанын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің, жүректілік пен өрліктің символы да. «**Исатай деген ағам бар**», «**Мұнар күн**», «**Тайманның ұлы Исатай**», «**Мінкен ер**», «**Тарланым**», «**Исатайдың сөзі**», «**Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай**» өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады. Ақын Исатай бейнесі арқылы да жастарға осындай алып тұлғалы батырлардан үлгі алуға үндейді. Исатай бейнесін шынайы суреттеу арқылы қазақ ұлдарының елі үшін жан пиде етуге дайындығын дәлелдейді. Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жыраулар Абылай, Бөгенбай, Қабанбай бейнелерін сомдаса, Махамбет **Исатайдай** ердің биік тұлғасын үлгі етті.

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам, қолым жетер ме?
Арызым айтсам, өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім!
Керіскендей шандозым,
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!

Исатайдан, жерінен айрылып өкінеді, өксиді. Сол күндерін сағынады.

Абайламай айрылдым,
Ар жақтағы елімнен –
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады өлімнен.
Теңім үлгі алмады,
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға.

Қызығыш құсқа зар айтады. Құсқа мұңданады.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос,

Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспандап ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың текпіні;
Мені елден айырған –
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып-айтпай немене?!
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!!!

Махамбет поэзиясы – ерліктің, өрліктің поэзиясы. Ақынның асыл сөзінің маржан жырлары - жыраулар поэзиясымен үндестігі. Арнау, ханға қасқая сын, мін айту, жауынгерлік рух, батыр бейнесі жаңа үлгіде көрінді.

1836-1838 аралығында Ішкі Бөкей Ордасында шаруалар көтерілісі болды.



Махамбет сонымен бірге өз өлеңдерінде өзі жасаған дәуірдің әділетсіздіктеріне шыдай алмай, соған қарсы күресті. Оны өзінің ағасы, Жәңгір ханның сенімді сұлтандарынан бірі болған Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңінен және хан Жәңгірдің өзіне тікелей айтқан батырлығынан көреміз. Бұл өлеңдерден жастар әділетсіздікке қарсы бетке айту қажеттігін, бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ екендігін түсінеді.

Хан емессің қасқырсың,
Хас албасты басқырсың,
Дұшпаның келіп табалап,
Достарың сені басқа ұрсын.
Хан емессің ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аярсың,
Айыр құйрық шаянсың, - деп ханның кім екендігін бетіне айта алады.

Жалпы, Махамбет Өтемісұлы поэзиясының балалар әдебиетіне өзіндік үлкен үлес қосқандығы оның жасөспірімдерді ерлікке, патриоттыққа, әділеттілікке, бірсөзділікке, ел қамына жан күйдіре білуге шақыруында.


Лекцияның тақырыбы: Ыбырай Алтынсарин- қазақ балалар әдебиетінің атасы
Лекцияның жоспары:

1. Ы.Алтынсариннің өмір мен қызметі.
2. Ы. Алтынсарин- әңгімелерінің тәрбиелік мәні.
3. Ы. Алтынсарин -қазақ балалар әдебиетінің атасы.

Әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. Алматы, 2004.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Лекцияның мәтіні:



Ыбырай Алтынсарин –қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы.

Ол 1841 жылы 20 қазан да қазіргі Қостанай облысы, бұрынғы Аманқарағай болысы, Затабол ауданында дүниеге келді. Ыбырай өз әкесі Алтынсарыдан 4 жасында жетім қалды. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Ыбырай атасы Балқожаның тәрбиесінде болады.

Балқожа кішкентай немересі Ыбырайды 1850 жылы, 23 тамызда Орынбор қаласында жаңадан ашылған мектепке оқуға берген. Ыбырай жас кезінен-ақ өте зерек болып, сабақты үнемі үздік оқиды. Атасы Балқожаның оқушы Ыбырайға өлеңмен жазған мына бір өсиет сөздерін ол бұлжытпай орындаған еді.

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақтағалам.
Атаң мұнда, анаң мен есен- аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Шырағым мұнда жүрсең не етерсің,
Қолыңа құрып алыпкетер едің,

Тентіреп екі ауылдың арасында .
Жүргенмен не мұратқа жетер едің ?
Атаңа сағындым деп асығарсың ,
Оқуға көңіл бөлсең басыларсың,
Ата-ананды өнер білсең асығарсың.
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың,

дейді. Жас шәкіртке оқудағы мақсат не екенін түсіндіреді. Атасының өсиеті бұлжытпай орындаған Ыбырай мектепте оқып жүрген кезінің өзінде- ақ , орыстың атақты жазушыларымен еңбектерімен танысып , олардың шығармаларын көп оқитын болған. Ыбырай бұл мектепте жеті жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Мектепті бітірсімен халық ағарту ісімен айналысады . Әкімшілік қызметке, шен-шекпенге қызықпайды. Ғылыммен қаруланған , әсіресе дұрыс көзқарасы бар оқушылар қазақ арасында көбейіп бүкіл халыққа әсер ете алады деп Алтынсарин өз халқына дұрыс бағыт сілтеді.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушының бірі-Ыбырай Алтынсарин. Ол – заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, қазақ балалары үшін дүниелік ғылымдар негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы. Қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы.

Н.Ильминский-Ыбырай туралы тұңғыш естелік еңбек жазып қалдырған адам. Оның “Ы.Алтынсаринді еске алу” деген көлемді кітабы бар. Бұл кітап-Ыбырай творчествосын тануда маңызы зор, алғашқы биографиялық естелік, әрі қазақ жазушысы туралы тұңғыш жарияланған еңбектердің бірі.

Ыбырай шығармаларын талдау орта мектеп оқулықтарынан бастау алады. Оның педагогтік қызметі мен ағартушылық идеялары туралы Ә.Садықов, Т.Тәжібаевтың кітаптары бар. Қоғамдық әлеуметтік көзқарасы туралы Қ.Бисембиев пен Б. Сүлейменов, М. Ақынжанов зерттеулер жүргізді. Ал шығармалары туралы М.Әуезов, С. Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә. Дербісалиндер еңбектер жазды. Бұларға қоса, орта мектепке арнап оқулық жазған авторлардың бәрі де Ыбырай творчествосына талдау жасап, оның еңбектеріне тиісті бағаларын беріп келеді.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысы, Затобол ауданында (бұрынғы Арақарағай болысы) туып өсті. Болашақ ақынның балалық шағы ру басы, ірі феодал Балқожа бидің отбасында өтті. Балқожа-қазақтың белді биінің бірі. Ол өз кезіндегі билерге тән шешендік өнерді меңгерген сөзге орамды, тілге ұста адам ретінде айналасындағыларға әмірін жүргізіп отырған-ды.

Ыбырай, ең алдымен, мұсылманша оқып сауатын ашады. 1850 жылы 9 жастағы Ыбырайды Орынборда қазақ балаларына арналып ашылып жатқан жеті жылдық мектепке апарып берген.

Мектеп сабағы орыс, татар тілдерінде жүрсе де Ыбырай оқуда аса ыждағаттылық көрсетеді.Өзі қатарлас отыз баланың алды болып көзге түседі. Мектеп оқуындағы діншілдік пен патшашылдық тәрбиенің басымдылығына қарамастан Ыбырай ғылымға құштар жас болып шығады.Мектеп жылдарында Ыбырайдың орыс халқы мен Батыс, Орта Азия мен Шығыстың аты шулы ақын-жазушыларының шығармаларын оқуға қолы жетеді. Ыбырайдың Орынбор сияқты қалада оқуы, өз бетімен ізденуі, орыс интеллигенциясымен араласуы оның ой-өрісінің өсуіне, өмірге көзқарасының қалыптасуына көп жағдай жасайды. Осындай ұзақ та, тұрақты ізденіп оқу арқылы ол өз мақсатын айқындай алады. Тілмаш болып кеңсе қызметінде қалып қоймай, халқына қызмет етуді арман етті. Сол арманының алғашқы қадамы 1861 жылы Торғайдан мектеп ашуға рұқсат алып аттанған сапарынан басталады. Ыбырай бұл мектепті тек 1864 жылы ғана аша алды.Оған дейін өз үйінде 4-5 баланы жинап оқытып, болашақ мектеп оқуының негізін сала берді. Өзінің тәжірибесін арттырды. Осылайша 1864 жылы салынып біткен тұңғыш мектепке үлкен даярлықпен жеткен Ыбырай оқыту жұмысына құлшына кірісті.

Ыбырайдың педагогтік жұмысының ілгері басып, қыза түскен кезі оның Торғай облыстық мектептерінің инспекторы болып тағайындалған (1879) жылдардан басталады. Әрбір уездік қалалардан орыс-қазақ балалары бірге оқитын училищелер ашуды да қолға алады. Ол үшін елден қаражат жиып, ақыры бірнеше алты жылдық уездік училищелерді ашады.

Ыбырай мектеп тәрбиесін жоғары бағалап, оның оқытушыларының сапасына да ерекше көңіл аударды. Жақсы мұғалімді дүниедегі ең қымбат көретін адамы санайды.

Балаларды тәрбиелеуде тағы бір қажет нәрсе – оқу құралы. Ол балаларды оқу құралдарымен қамтамасыз ету жолында да біраз еңбек етеді. Мектеп кітапханасын ұйымдастырып, оқулықтар алдырып, орыс тіліндегі құралдарды аударып, қазақ тілінде оқулық жазып, бұл салада да тынымсыз іс қылады.

Балаларды оқыту әдістері жағынан Ыбырай – белгілі өзіндік жүйе-әдісі бар педагог. Ол қазақтың тұңыш бұқарашыл педагогикасын, халықтық мектептерін негіздеуші. Өзінің дидактикалық көзқарасынан ол - ұлы ағартушылардың озық идеяларына сүйенген, бұқарашыл педагогикасын жаңа жағдайда іске асырған ізгі ниетті адам. Белинский, Добролюбов, Чернышевскийлердің озық идеялары, ағартушылық, педагогтік оқулары Ыбырай жүрегінен нық орын тепті. Ушинский, Толстой, Паульсон сияқты даңқты педагогтерді ұстаз тұтты. Ыбырай осындай ұлы адамдардан тәлім алып өсті.

Ыбырайдың педагогтік қызметі осы айтылғандармен ғана шектелмейді. Ол қазақ мектебін керекті құралдармен жабдықтай білді.

Ыбырай – көрнекті ақын, талантты жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы-қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу.

Ұлы педагог-ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Ол қазақ балаларын білімге баулып, олардан болашақтың иелерін даярлауды бірінші мақсатым деп санады.

Өнер-білім – бәрі де

Окуменен табылған...

Кел, балалар, оқылық!-деп жар салды.

Ыбырай өлеңдері тек оқу, өнер, білім тақырыбы шеңберінде қалып қоймайды. Оның көп өлеңдері әлеуметтік, гуманистік идеяны нақтылы мәселелер төңірегінде көтеріп, өз кезінің шындығын аша түседі.

Ақынның “Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен” деген өлеңінің мәні де терең. “Әй, достарым!” деген өлеңінде “Қолыңнан келсе қыл қайыр!” деп, қайырымды, кең пейіл, адал азамат болуға шақырады.

Ыбырай – жаңашыл жазушы. Ол - ең алдымен қазақ әдебиетіне жаңа идея мен тың тақырыптар әкелуімен жаңашыл. Қазақ ақындарынан оқу, тәлім-тәрбие, мәдениет мәселелерін Ыбырайдай арнайы жыр еткен ешкім болған жоқ-ты. Өнер, еңбек, кәсіп, адалдық, адамгершілік идея, отырықшылыққа байланысты тұрмыс жаңалықтары кең көтеріліп, европалық мәдениет үлгісі уағыздалды.

Ыбырайдың табиғат туралы өлеңдері осындай, бастан-аяқ адам тіршілігіне байланысты. Ақынның бұл өлеңдері реалистік суреттерімен ерекшеленетін, әдебиетімізге қосылған зор үлес.

Ақынның өлеңдерінің көпшілігі – тәлім-тәрбие мақсатын көздеген, дидактика сарыны басым шығармалар. Сондықтан олардың көпшілігіне публицистика стилі тән деуге болады.

Ыбырай өлеңдерінің тілі қарапайым, жатық та тартымды, мақал-мәтелдерге де толы. Ақын айтайын деген ойын оқушысының көңіліне құйып, қолыңа нық ұстатқандай әсер қалдырады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихынан мәдениетті прозашы ретінде де елеулі орын алады. Ыбырайға дейін шын мәніндегі көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптасқан жоқ-ты. Ыбырай қазақ прозасының европалық шағын түрін қалыптастырды. Бұл жанрдың сырын ашты. Көркем әңгіме, новелла жазудың жақсы үлгісін көрсетті. Сондықтан қазақтың жаңа үлгідегі көркем прозасы Ыбырай әңгімелерінен басталады деу орынды.

Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: оның бірі-новелла, екінші тобы-ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме, үшінші тобы-шағын көлемді мысал үлгісіндегі өнеге сөздер.

Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін қамтиды, әділдікке, ізгілікке, адамгершілікке, талаптылыққа, өнерпаздыққа, тапқырлыққа, еңбекке, тазалыққа, ақылды іске, білімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа, зеректікке, отырықшылыққа, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа шақырады. Тәкаппар, еріншек, ұқыпсыз болмауға, жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды.

Балаларға ақыл айтып, ой салмайтын оның бірде-бір әңгімесі жоқ. Жалпы алғанда оның әңгімелері – негізінен, дидактикалық прозаның жақсы үлгілері.

Еңбек тақырыбындағы “Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш”, “Бай мен жарлы баласы”, “Дүние қалай етсең табылады”, “Байлық”, “Әке мен бала”, “Асыл шөп”, “Қыпшақ Сейітқұл”, “Киіз үй мен ағаш үй”, т.б. әңгімелері - өзінің өнегелілігімен, образдылығымен ерекше мәнді тәлім берер күші мол көркем шығармалар.

Ыбырай творчествосында еңбекке тәрбиелейтін әңгімелерінің ішіндегі ең биік шыңы - “Бай мен жарлы баласы”.

Асан – бай баласы. Ол өмірдің қиыншылығын көрмеген. Екі қолын жылы суға малып, алдындағы асын алып ішуге ерінетін ерке.

Ал Үсен - кедей баласы. Ол өмір мектебінен өткен. Басына түскен қиыншылықтан құтылудың жолын да ойластыра біледі.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінің көтеретін тағы бір өзекті мәселесі-адамгершілік. Ол әр кезде адам сабырлы, мейірімді, қайырымды, әдепті, ұқыпты болса, деген ізгі ниет білдіреді. “Шеше мен бала”, “Бір уыс мақта”, “Мейірімді бала”, “Аурудан аяған күштірек”, “Әдеп”, “Әділдік”, “Петр патшаның тергелгені”, “Тәкаппарлық”, “Таза бұлақ” әңгімелері мен аудармалары жазушының осы ниетінің жемісі еді.

Ыбырай шығармаларының ішіндегі ертегі-аңыз ретінде келетін “Қара қылыш”, “Тазша бала”, “Қара батыр”, “Алтын айдар”, “Жиренше шешен” сияқты халықтың аңыз-ертегі сюжетіне құрылған әңгімелері де бар.

Ыбырай Алтынсарин - нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Халық ағарту жұмысы саласындағы идеясын іске асыру үшін Ыбырай Алтынсарин өзіне тосқауыл келтірген діншіл фанатиктермен аяусыз, күрес жүргізуіне тура кепді. «Надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасы келгенше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз» деп, көзі ашық еп азаматтарына үндеу сапды. Осы пікіріне байланысты Ыбырай «Әй жігіттер» деген өлеңінде

Әй, жігіттер үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден,- дейді.

Ұлы орыс халқының XIX ғасырда жасаған классикалық мол әдебиетімен танысқан Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-санасына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Оларды жас ұрпақтарға үлгі етіп ұсынды.

Ыбырай балалар әдебиетіне тән көп шығармалар берді. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстық артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» деді. Алтынсариннің барлық өлеңдер мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалып отырады.

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер-білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені, әрқашан жаңарып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі «Кел балалар оқылық», «өнер білім бар жұрттар», «Әй достарым», «Әй жігіттер» деген өлеңдері.

Оқысаңыз, балалар
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық-деп ұран салады.

Бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың роліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған:

Бала, бала деп,
Түнде шошып оянған,
Түн ұйқысын төрт бөліп.
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқа.

Ал «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебірендірілдіктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

Кім сендерді, балалар, сүйетғын,
Қуаныш қуанып, қайғыңа күйетұғын.
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,

Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын - деп ана қадірін биікке көтереді. Жас өсірімдерді өнер-білімге шақырумен қатар, Ыбырай Алтынсарин балаларға отырықшылық тұрмыстық артықшылығын, белгілі мекен болудың жақсы жақтарын түсіндіруді мақсат етті. Жер, қол өнер кәсіптерімен айналысудың пайдалы жақтарын айтты. Ыбырайдың «киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ сейітқұл», деген ықшам жазылған қысқа әңгімелерінде де дәл осындай жағдайлар суреттеледі.

Ыбырай Алтынсарин –қазақтан шыққан бірінші ұстаз, халық ағартушысы болумен қатар, ірі жазушы да еді. Өзі құрастырған хрестоматияға енген өлеңдер мен әңгімелердің көпшілігі Ыбырайдың балаларға арнап жазған шығармалары болатын. Ыбырай өзінің шығармаларында қазақ халқын ескі салт, әдет ғұрыптарын надандықтан құтылуға шақырды. Ыбырайдың «өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білімді қайдан үйренудің, кімнен үйренудің керек екендігі айтылды, сөйтіп нешеу өмірден құтылудың холы көрсетілді. Ыбырайдың «кел балалар оқылық», деген өлеңі жас өспірімдерді оқуға үгіттеген жолында ұран болып қалды. Ыбырай шығармалары қазақ даласына жаыа ұғым, жаыа түсінік, жаңа сарын туғызды, ел еңсесін көтеріп, ойына қозғау салды.

Ыбырай Алтынсарин ұсынысы бойынша 1889 жылы Ырғыз қаласында қыздар училищесі ашылды. Бұл бүкіл Шығыс елдері ішінде қыздар үшін ең бірінші ашылған оқу орны еді. «Мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы» барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек мектептерде. Сондықтан біз ауыз әдебиеті балалар әдебиетінің алтын бесігі десек, «әліппе» мен «Буквар» балалар кітабының, балалар жазба әдебиетінің негізі болды дер едік. XIX ғасырдан бастап-ақ қазақ балалар жазба әдебиеті өзінің тұрақты педагогикалық көз қарасы анықталған және түрлі жанрларды жазылған әдебиет болып қалыптасты.

Ыбырай Алтынсарин қазақ ауыз әдебиетінен балалар фольклорына жататын мұраларды да іріктеп алып көп жинаған. Оны бір жүйеге келтіріп жанр-жанрға бөліп, өз кезінде бастырып та шығарған.

Лекцияның тақырыбы: Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы. Балалар әдебиеті тарихынан алатын орны.

Лекцияның жоспары:

1. Қазақ балалар әдебиеті тарихында Абай ролі.
2. Абайдың ғылым туралы әңгімелері.
3. Абайдың тәрбие мәселесіне байланысты көзқарастары.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 2006ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Лекцияның мәтіні:



Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев - өз ұлтының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын. Ол халқының болашағы үшін жан аямай қызмет етті, оны мәдениет нұрына үндеді. Белгілі бір тарихи кезеңнің алға қойған сұрауына жауап беріп, елінің әдебиет көшін зор мақсатқа меңзеді.

Кемеңгер ақынның ұлы мақсат-мүдделері бізге тамаша әдеби еңбектері арқылы жетті. Абай қалдырған бұл мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтыды, сол кездегі қазақ қоғамының шын сырын ашты. Абайдың шығармалары - өз дәуірінің келелі

мәселелерін реалистікпен суреттейтін, мазмұнға бай, ізгі ойға толы, шебер тілді көркем туындылар.

Абай шығармалары қолдан көшіріліп, қолжазба күйінде не жатқа айтылу арқылы ғана таралды. Ақын өлеңдерін шағын жинақ ретінде 1909 жылы Кәкітай Ысқақов бастырған еді. Ал одан кейін 1917 жылы Құрманов дегеннің редакциясы бойынша Абайдың таңдамалы өлеңдерінің шағын жинағы Орынборда басылып шыққан-ды.

Россия географиялық қоғамы Абай туралы мәліметтерді ерте кезден-ақ бере бастады. 1906-1907 жылғы “Хабарларында” ақынның суретін және ол туралы мақала жариялады.

Абайтану қазір өз алдына бөлек бір ғылым болып қалыптасты. Бұл ғылымды негіздеудегі аса көрнекті ғалымымыз М.О.Әуезовтің еңбегін ерекше атап көрсету қажет. Ол қазақтың классик ақыны Абайдың көркем образын жасаумен қатар, терең ғылыми-зерттеу жұмысын да жүргізіп, абайтану ғылымының негізін салды. Ақын шығармаларын жинастырып, оның тұңғыш толық жинағын шығарды, Абайдың өмірі мен творчествосы туралы фактілерге бай, ғылым тұжырымдары дәйекті де терең, көлемді монография жарияланды.

Абайды зерттеу ісі қазір тек қазақ ғалымдарының ғана шұғылданар ісі болмай, бүкіл Одақ ғалымдарының төл ісіне айналып кетті. Абай шығармаларының басқа тілде басылулары мен ақын жайында шыққан жеке мақалалар мен кітаптар оны қалың қауымға бұрынғыдан да танымал ете түсті.

Дана ақын 1845 жылы тамыз айында, қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында туған.

Абайдың әкесі – Құнанбай - өз еліне атағы шыққан аға сұлтан. Зерделі, зерек ел ағасы, ірі тұлға.

Абайдың жас кезіндегі көңіл сергітіп, жүрегін жібіткен жылы құшақ кіші пейіл анасы – Ұлжанның мейірімді көңілі, көпті көрген әжесі Зеренің қойыны. Оқу жасына жеткеннен бастап, Абай ауыл молдасында, үйде оқыды. Сегіз жасар Абай өзінің зеректік қабілетімен әке көзіне ілігіп, үміт күтер, ата жолын ақтар бала болар ма деген ой салады. Міне, осы себептен әкесі Құнанбай Абайды Семей қаласына апарып, әуелі Ғабдулжаппар молдаға оқуға береді. Бұл молданың қарамағында екі жылдай оқып, мұсылманша бастауыш білім алады. Бұдан кейін, он жасар Абай, бір басқыш ілгері дәрежедегі, жабық оқу орны, мешіт жанындағы діни медресеге оқуға түседі. Осы медресе имамы Ахметризаның қарауында оқиды. Абай бұл медресе оқуын да меңгеріп, үздік көзге түседі. Абай молдадан оқып жүріп, өз бетімен көп ізденеді. Сол кезде көп тарап жүрген Орта Азия және тәжік, парсы халықтарының ұлы ақындары-Науаи, Низами, Фердаусилер шығармаларымен танысады.

Семейде болған аз жыл ішінде Абай тек медресе маңын, діни қауымды танып қойған жоқ. Абайдың сезімтал, жас, ынталы жүрегі оған қаланы тегіс танытты. Ол қала халықтарын, оның мәдениеті, тұрмыстарын күнкөріс тіршіліктерін, даладан өзгешеліктерін, тағы басқа жақтарын түгел танып, зердесін өсіреді. Қала халқының бойындағы игі қасиеттерді Абай сол оқушы кезінің өзінде-ақ таниды. Аздаған уақыт орыс мектебіне қатысып, сабақ алады. Мұғалім жалдап, үйден де оқиды. Сөйтіп, орысша оқуға жан сала кірісіп, сол тілдің қиындылығына қарамастан, еңбектене жүріп, біраз хабар алады. Орыстың тілін, жазуын меңгеру арқылы Абай өзіне кең дүниенің есгін ашып, мол қазынаға қолын жеткізгендей болады. Енді, ол қалалық кітапханадан шықпай оқып, білімге бой ұрады.

Осылайша, қала өмірін танып, жаңа дүниенің есігін тауып, ішіндегі нәрді тата бастаған оқушы Абайды әкесі Құнанбай оқудан айырып, елге алып келеді. Енді ол Абайға өз “өнерін” үйренуді ұсынады. Ел билеу ісіне баулу мақсатымен оны ру арасы, ел іші дау-жанжал, айтыс-тартысына қосады.

Абай осы қалыппен қыр қазағы, әке көмекшісі болып қала берген жоқ. Ер жете келе, өз бетімен қалаға қайтып оралып, жиі келіп жүрді. Абай классикалық әдебиеттерді оқыған сайын көзі ашылып, өмірдің, қоғамның сырларына түсіне бастайды. Абайдың медреседен кейінгі оқу жолы осындай өз бетімен іздену, үйрену дәрежесінде болды.

Алыстан араласқан Абай өзіне жаңа орта-тың жол тапты. 17-18 жастан 28-29 жасқа дейінгі Абайдың өмірі осындай өз бетімен іздену, ал ел өмірін зерттеу, халық даналығы мен батыс әдебиетін меңгеру жолында өтті. Көбіне үйде отырып, кітап оқып, өз ойларын жазып, оқығандарынан халық арасында әңгімелер айтып, өз қалауымен жүріп, іздене түседі. Осылайша, Абай тек отыз жастан асқан соң ғана өз көңіл қалауымен қызмет етеді. Абай осы кездерден кейін творчестволық қызметпен де айналыса түседі.

Ал, ер жетіп, ақыл тоқтатқан кезден бастап Абай жат тіл қолданып, жеңіл сөз айтудан аулақтай береді. Ол саралап сөз жиып, салмақпен тіл қатып, байсалды ой мен терең пікірлер қозғап отырады. Өз халқының тіл байлығын сарқа пайдалану мақсатын көздейді.

Абай 35-40 жастар шамасында өзінің ақындық талантын таныта бастайды.

Абай ақынды өмір оқытушысы, үгітші, үлгі берер азамат жыршысы болуы керек деп білді. Өзі “көкірегі сезімді, тілі орамды” жастарға үлгі болды, оларға ақыл айтып, өлын жазудың тамаша шебер үлгілерін көрсетіп берді.

Абай шебер өленді, тәтті әнді мәдениеті жоғары, білімді ақын ғана бере алатынын ескертіп, “Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол-ақынның білімсіз бейшарасы” деп көрсетті.

Ақындық өнердің мақсатын, мәнін осылай терең түсінген Абай, кезіндегі әдебиетке батыл сын айтты.

Абай кезіндегі ел билеушілерге қарсы шығып, патшаның болыстық, билік тәртібін сынға алады. Олардың қылмыстарын бетіне басып, ел мұңын, халық тілегін білдіреді. Реңі кеткен қазақ елінің бейнесін айқын көрсете келіп, ол:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!...

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,

Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың,-

дейді.

Абай өзінің осы сияқты өлеңдерінде (“Болыс болдым, мінекей”, “Мәз болады болысың”, “Бойы бұлған”, “Сабырсыз, арысыз, еріншек”, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, т.б) өткір, сыншы-сатирик жазушы есебінде бой көрсетті.

Абай қазақ жеріндегі теңсіздікті, тағы басқа қайшылықтарды түсіне білді. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлады. Бай мен кедейдің арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді. Өзінің “Күз”, “Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай” деген өлеңдерінде қазақ кедейлері мен байларының өмірін салыстыра бейнелеп, кедейлердің аянышты халін айқын суреттеді.

Абай өлеңдеріндегі негізгі елеулі әлеуметтік мәселелердің бірі-қазақ әйелдерінің жайы, қазақ жастарының махаббат, еркіндік мәселесі.

Махаббат, әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысып келеді. Абай бұл мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, бұқарашыл ақын екенін көрсетті. Ол қазақ қыздарының теңсіздікте езіліп, сүйгеніне қосыла алмай келген ауыр халін көрді. Өзі бұған наразылық білдіріп, аянышты сезімге толы өлеңдерін шығарды.

Абай творчествосынан ерекше орын алатын ендігі бір үлкен тақырып - оның ағартушылық идеясы. Абай - өнер-білім, тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл аударған, ұлы ағартушы ақын.

Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. “Желсіз түнде жарық ай”, “Қыс”, “Жаз”, т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ аулының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді.

Абайдың табиғат лирикаларының ішіндегі ең таңдаулыларының бірі - “Желсіз түнде жарық ай”.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп,-

деп басталатын өлеңі табиғаттың түнгі көрінісін, махаббаты жарасқан екі жастың тулаған жүректері мен жылы құшағын ұштастыра бейнелейді.

Абай лирикалары - алуан сырлы, мазмұнға бай, адам жанын тебіренерлік нәзік. Ақын лирикасы - нәзік сезімді толғауымен ғана емес, сонымен бірге, өзінің әлеуметтік рухымен де, терең ойлылығымен де, асқан суреттілігімен де жаңа мәнді реалистік шығармалар.

Абай А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың реалистік әдістерін жете меңгерген еді. Абай - М.Лермонтов сияқты өзі өмір сүрген қоғам озбырлығына батыл қарсы шыққан кекті ақын. Абайдың көптеген тамаша шығармалары М.Лермонтов творчествосындағы азаматтық әуенмен үндес. Мұндай шығармалардың қатарына оның: “Жүрегім нені сезесің”, “Менсінбеуші ем наданды”, “Сегіз аяқ”, “Не іздейсің көңілім, не іздейсің?”, “Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын”, “Жүрегім менің қырық жамау” т.б. өлеңдері жатады. Абай аудармасы арқылы Лермонтовтың “Тұтқындағы батыр”, “Ой”, “Альбомға”, “Қанжар”, “Дұға”, “Теректің сыйы”, “Шайтан”, “Асау той тентек жиын, опыр-топыр”, “Вадим”, “Бородино” және басқа өлеңдері қазақ арасында тұңғыш тарады.

Абай - терең ойдың ақыны. Ол әрбір шығармасын жүрек тебіренісін тереңнен толғайды. Кемеңгер ақын өлеңдерін сыдыртып оқып шығып, толық түсінік алдым деу қиын. Әрбір өлең жолдарының өзіне үңіле, ойлана оқу ғана дегенге жеткізеді. Оқыған сайын бұрын оқыған Абай сөздерінің жаңа сырын ашып отырасың.

Шынын айтсақ, Абай қазақ поэзиясында нағыз реалистік образ, шебер сурет, жаңа көрініс жасаған білімді, мәдениетті жазушылардың тұңғышы.

Абай суреттеген әзірейілдей қыс, жадыраған жаз бейнелері, күн-күйеу мен жер-қалыңдық, қалғыған тау, дел-сал дала, сыбдырлаған жапырақ, күлімдеген аспан, ойланған жер, ақ қардың үстінде түлкі алып жатқан бүркіт, т.б. нағыз реалистік әдебиетке тән шын өнерлік қасиет. Бұл тұстағы озық шығармалары оны сыншыл реализм өкілдері тобына қосты.

Абай өлеңдері – мазмұны мен түрі біріне-бірі сай, ең асыл сөзді поэзия. Ақын поэзиясы мазмұны жағынан қандай салмақты болса, түр жағынан да сондай көрікті. Абай өлеңінде артық сөз, орынсыз пікір кездеспейді. Бәрі де белгілі өлшемге сай, терең ойға құрылып, етек жеңі жинақы келеді.

Абай өлең теориясына қатысты бірнеше шығарма жазып, поэзияның мазмұны мен түріне ерекше көңіл бөлген. Өлеңнің көркемдік түрі мен мазмұнының бірдей тартымды шығуында екенін тереңінен ұғынды.

Абай - XIX ғасыр ағартушыларының озық идеясын қазақ жеріне алғаш әкелуші, олардың тамаша шығармаларын өз халқы тіліне аударып, таратушы.

Лекцияның тақырыбы: С.Торайғыровтың өмірі мен жазушылық қызметі

Лекцияның жоспары:

1. Өмірі мен жазушылық қызметі.
2. Сұлтанмахмұт және балалар әдебиетіндегі жаңа бағыт.
3. Балаларға арналған өлеңдерінің тақырыбы мен тәрбиелік мәні.

Лекцияның мәтіні:

Сұлтанмахмұт Торайғыров



Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ – қазақ әдебиетін гуманистік, әлеуметтік ой-пікір жағынан жоғары сатыға көтерген аса көрнекті ақын, ағартушы. 27 жасында (1893–1920) дүниеден өткен талантты қаламгер артына «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдарын, «Айтыс», «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларын, ұятты жырлары мен тегілген лирикалық өлеңдерін қалдырды.

Кейбір ақын-жазушылардың өнер-білімге іздену сапары, сол жолдағы көрген қиын-қыспақ кездері мен табыстары, тіпті олардың өмірбаяны да балаларды қатты қызықтырады. Өз өмірлеріне үлгі, өнеге етеді.

Іздену сапарындағы көргені мен білгені көп, тәжірибесі мол жазушылардың шығармалары өмір оқулығындай сұрыпталатыны бар. Көргені мен білгені аз, өмір тәжірибесі кем жастар үшін ақын-жазушылардың қызықты шығармалары өмір мектебіндей көрінеді. Ақыл-есінің тез жетілуіне жәрдемдеседі. Оларға өмір сүру, білім алу жолдарын танытады. Жақсы өмір сүрудің жақсы жолдарынайтады. Талаптану, үздіксіз іздену, ойлаған мақсатқа жету қиын-қиыстау кездеріне қарсы тұрып, төзе білу жолдарын үйретеді.

Балаларды қызықтыратын осындай ерекшеліктер, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларынан да, өзінің өмірбаянынан да көп кездеседі. Орталық партия комитетінің органы Правда газеті 1940 жылы 21 июнь айындағы шыққан 171-нөмірінде қазақ әдебиеті жайында жазған мақаласында-Сұлтанмахмұт Торайғыровты зор ақылды, өмір баяны өте қызық, тамаша жазушы деп атап өткен болатын. Адамның ақылдылығы мен парасаттылығы оның еңбегінен, істеген ісінен танылатыны да сөзсіз. Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 октябрьде Омбы уезінің Шағырай болысында Қарауыл Шабар аулында (қазіргі Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында) туған. Өзі кедей шаруаның баласы. Бір жасында шешесі өліп, жетімдік пен жоқшылықтың қасіретін көп көреді. Сұлтанмахмұт алты жасар күнінде әкесінен әкесінен оқып, хат таниды. Бұдан кейін ол әуелі ауылдағы молдадан оқып, хат таниды. Бұдан кейін ол әуелі ауылдағы молдадан оқып, бертін келе Троицк, Семей, Томск қалаларына білім іздеп сапар шегеді. Ауыр азап пен көп қиыншылықтарға төзген, тұрмыс өгейлігін көп көрген болашақ жас ақын ауру-сырқаулы да болады. Бірақ Сұлтанмахмұт мұның бәріне де мойымады, тұрмыстың жарқын болашағын аңсап, соны көруге үміттенеді.

Кім не нәрсені ардақтай білсе, сол нәрсенің қадіріне жетіп, оны қолдай да алады, жақсысын асыра біледі. Сауат ашу, хат тану барысында Сұлтанмахмұт алдымен өзінің ана тілін қадірледі, соның барлық ерекшеліктерін тани білді. Ана тілінің асыл мұрасын бойына сіңіріп, жақсылығын мақтан етті.

Сүйемін туған тілді, анам тілін

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сол тілмен шешем мені әлдилеген,

Еркелеткен «құлыным, жаным» деген.

Еңбірінші сол тілмен сыртқа шықты,

Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

Ол өзінің ақыл-парасатының қандай дәрежеде екенін осындай дана пікірлерімен-ақ таныта алған. Ана тілін құрметтеп, сол тілдей сөйлей алу, хат тану, сауат ашу, жазу-сызуды үйренудің бәрі де соған, тек қана соған байланысты екенін бойға сіңіріп айта алу, оқушыға түсіндіру ақындық қасиеттің ең жоғарғы сатысы, дарындылығы деп айтуға болар еді.

СҰЛТАНМАХМҰТ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

Қазақ балалар әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа идея тудыруда жас өспірімдер арасында Сұлтанмахмұт шығармалары ерекше роль атқарады. Біріншіден, ол-жас өспірімдерді өнер-білімге, оқуға шақыруда балалар әдебиетін жалынды күрес майданына айналдырды. Екіншіден, Сұлтанмахмұт өз шығармалары арқылы өнер-білімге, жаңа типті оқудың іске асуына қарсы болған және ұлт араздығын тудыруға күш жұмсап келген алдамшы, ел бүлдіргіш сұмдарға, діни схоластикаға ашықтан-ашық аяусыз күрес жүргізді. Оның зиянды жақтарын әшкере етушілердің алдыңғы қатарында болды. Үшіншіден, ұлы орыс халқының өнер-білімін, мәдениетін игеруге, тілін үйренуге, география, история пәндерін білуге шақырады. Төртіншіден, оқып білім алудың түп мақсаты-ел үшін, халық үшін еңбек етуге жұмсалуды тиіс деп, Сұлтанмахмұт жас өспірімдер арасына ұран тастады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ балалар әдебиетінің дамуындағы жаңа идея, жаңа бағыт осылай өріс алған еді. «Оқып жүрген жастарға » деген өлеңінде:

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз?
Тәуеклге бел бусак,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бірін шаламыз.
Іс істейік бір болып,

Ашылмасын санамыз!- деп, өзі сияқты кедей шаруалардан шыққан жас өспірімдерге қажырлы қайрат бере жырлайды. Оларды ынтымаққа, бірлікке, өнер-білімге шақырады. Сұлтанмахмұт «Талаптыларға», «Шығармын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» сияқты өлеңдерінде өнер-білім, оқу жайын көп мадақтайды. «Ақтармын оқып шығып адам атын» деп өзіне -өзі үлкен сенім білдіру арқылы, басқаларды да еліктіреді. Сұлтанмахмұттың бұл өлеңдері балаларды білім алу, іздену жолында қажырлылыққа, төзімді болуға, қиындықты жеңе білуге үйретеді, оларды халық алдына қызмет етуге міндеттейді. Ол кезде қарапайым шаруа балаларының жаңа типті мектептерде оқуына жол бермей келген, оларға көп кесірін тигізген ислам діні екенін Сұлтанмахмұт ашық айтқан. Діни басшылары жаңа типті мектептерде оқылатын піндердің ролін, ғылымның, техниканың табыстарын жоққа шығарғысы келетінін әшкере еткен. Сұлтанмахмұт тұрмыстың ауыр халін, жоқшылықты айтып, оқудың, білім алудың қиындығын суреттеп қана қойған жоқ. Сары уайымға түсіп, «біткен жерім осы» деп отырмады. Тұрмыстың ауыр жағдайларын шебер суреттеп отырып, оған қарсы күресуге, қиындықты жеңе білуге шақырады. Жалыну, жалбарыну күн көріс емес, соған қарсы күресу ғана ойлаған мақсатқа жеткізеді деп жас өспірімдерді жігерлендіреді. Әркім өзінің қайратына, күшіне, алған бағытына сенсе ғана, ол барлық қиындықтарға төзе жүріп, сол жолдағы еңбегінің жемісін көрсете алады деген идеяны уағыздады. Болашақ жас өспірімдікі, олар қазірдің өзінде-ақ білгенді жасампаз күш екенін Сұлтанмахмұт өз ісімен көрсете алды.

Балалар әдебиетінен орын алатын Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тәрбиелік жақтары мен мазмұндылығы, көркемдігі жәнә жаңа бағыты осы дәрежеде, бұл – үлкен прогресс. «Прогресс ақылдың дамуына тікелей байланысты. Тұрмыстың қай саласында озат білім тәжірибесі қолданылса, сол саласында прогрестің болатыны даусыз » бейді Н. Г Чернышевский. Жас өспірімдердің тәрбиелеудегі балалар әдебиетінің прогрестік қасиеті де дәл осындай.

Лекцияның тақырыбы: С.Көбеевтің ұстаздық қызметі мен әдеби мұрасы.

Лекцияның жоспары:

1. С.Көбеевтің ұстаздық қызметі мен өмірі.
2. “Үлгілі бала” жинағындағы шығармаларының тақырыптары.
3. Шығармаларының қарапайым тілмен жазылғандығы.

Лекцияның мәтіні:

1 қазанда қазіргі Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Ақсуат ауылында туған. Ы.Алтынсарин ұйымдастыран Қарағайлықөл ауыл мектебінде (1892-1895) , Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте (1895-1897), педкурста (1898-1901) оқыған. Бүкіл өмірін ауыл мектебінде ұстаздық етуге арнаған. Оқу, тәрбие салаларындағы ісіне орыс әдебиеті шығармаларының тәлімдік жағын пайдаланыды.

С. Көбеевтің Крыловтан аударған «Үлгілі тәржіме» жинағында басылған мысал өлеңдері мыналар еді: «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Өтірікші», «Аң ауласқан қоян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен тырна», «Қасқыр мен мысық», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан һәм шаян», «Көл бақа мен өгіз», «Қарға мен түлкі», «Аңға шыққан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мүсәпір шал», «Қасқыр мен қазы», «Құмырсқа мен шегертке», «Түлкі мен жүзім жемісі», «Екі көгершін», «Әтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Пәлеге ұшыраған қарашекпен», «Қасқыр мен кісі», «Арыстан мен тышқан», «Екі төбет», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген көлбақалар», «Көлбақалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі», тағы басқалар.

И. Крылов өзінің мысалдарын нағыз орыс тілінің көркемдік байлығын сұрыптап пайдаланып, аса шеберлікпен көркем етіп жазды. И. Крылов мысалдарын Спандияр да қазақ тіліне өлеңмен аударды.

Спандияр Крылов мысалдарын ақындығы ұстап, ақындық өнер, өлеңнің үлгісін көрсетейін деген мақсатпен аударған жоқ. Бұл шығармалардағы ой мен идея жазушының бойын да, ойын да билеп, аудармасқа амалы болмағандықтан аударды: халыққа орыс әдебиетінің үлгілерін насихаттау, олар арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатымен аударды. Мысал өлеңдерінде И. А. Крылов аңдар, құстар, өсімдіктер жайын кеңес етеді. Сырттай қарағанда оның мысалдары май ғана аңдар, құстар, өсімдіктер жөніндегі жеңіл күлдіргі ертек, әңгіме сияқты көрінеді. Ал, анықтап, мағынасына үңілсек, Крыловтан мысалдары адам жөніндегі, адам қоғамы жөніндегі күлдіргі, өткір сықақ болып шығады. Мысалы, Крылов «Бүркіт пен көр тышқан» деген өлеңінде патша мен бұқараны мысал етеді. Патшаға уәзірлерінді тыңдама, бұқара халықтың үнін тыңда дейді. «Аққу шортан һәм шаян» деген мысалында патшаның мына түрлерін әжуа етеді.

С.Көбеев өзінің «Үлгілі бала» деген оқу кітабын Л.Н. Толстойдың «Новая азбука», «Русская книга для чтения», К. Д. Ушинскийдің «Детский мир», Ы. Алтынсариннің «Мактубат», «Қырғыз хрестоматиясы» деген кітаптарында үлгілі бойынша жасады: негізгі материалдарды солардан алды. «Мектепте һәм үйде оқу үшін әр тілдердегі тәуір оқу кітаптарынан алынып, қазақша жазылды» -деп жазды автордың өзі кітаптың басында.

Кітап балаларға мектеп, оқытушы, балалардың өздері, адам тіршілігі, адам баласы қоғамның тұрмысы жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден басталады.

Кітаптың бұдан кейінгі бөлімдері көбінше табиғат және оның құбылыстары , балалардың ұғымына лайықты , қызықты қысқа әңгімелер ертек- аңыздар , мысал өлеңдер. Мысалы, « Қайырымды бал» , « Біздің көрші» , « Ит пен қайыршы» , «Түскі тамақ пен кешкі тамақ» , « Анасы мен немересі» , « Әкесі мен баласы» , «Құстың ұясы» , «Өрмекші мен құрт» , « Сауысқан мен қарға» , «Құмырсқа мен көгершін» . Үй хайанаттары , «ар» , « Есек» , «Сиыр» , « Екі шыбын» , « Түйе» , « Қойлар» , « Кесірткелер» .

«Қалың мал» романы (1913)- қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармаларының алғашқы үлгілерінің бірі. Жазушы –педогог ұстаздық қызметін жалғастыра отырып, Түбек, Бурабай, Ақсуат мектептерін ұйымдастыруға белсене қатысты. Өз өмірі мен ұстаздық, жазушылық жолы оның “Орындалмаған арман” атты мемуарлық кітабында баяндалған.

Лекцияның тақырыбы: С.Дөнентайұлының балалар әдебиетіне қосқан еңбектері.

Лекцияның жоспары:

1. Ақынның өмірі.
2. С.Дөнентайұлының балалар әдебиетіне қосқан шығармаларының жанрлық ерекшелігі.
3. Ақынның мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні.

Лекцияның мәтіні:

XX-ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі педагог ақын Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Павлодар облысының Ермак ауданында кедей шаруаның жанұясында дүниеге келді. Әкесі зерделі кісі екен . Баласының сауатын ашып,хат танытуға, Сәбит оқыған азаматтар қатарына қосуға көп күш жұмсайды. Сәбит жастайынан зерек болып өсті.Оның оқуға деген құштарлығы арта берді. Алғаш Қасым қажы дегеннің медресесінде татарша оқиды. Діни оқулармен қатар, бұл медреседе география, тарих, есеп пәндері де өтіледі. Сәбит өз бетінше оқып, орыша хат таниды, газет-журналдар оқи бастайды.

Сәбит медресені бітірген соң , яғни 1913-1916 жылдар арасында бұрынғы Павлодар уезі, Ұрық болысында ауылдық мектеп мұғалім болып істейді. Осы кездерден бастап балалардың ұғымына жеңіл, түсінуге оңай әрі қызық, әрі күлдіргі, олардың білімін толықтыруға септігін тигізерлік мысал өлеңдер жазды. Оның өлеңдерінің тұңғыш жинағы 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен басылып шықты.Осыдан бастап Сәбит белгілі ақын аталып, есімі көпке әйгілі бола бастайды.

Сәбит 1917 жылы, мамыр айында Семей қаласына келеді.Сондағы мұғалімдер дайындайтын үш айлық курсқа түсіп, оқиды:екінші жағынан «Сарыарқа» редакциясында экспедитор болып қызмет істейді.

1919жылы Сәбит өл еліне – Ақсу болысына қайтады .Сонда барып, халық ағарту жұмысымен шұғылданады:әкесінің шаруашылығына қарасады: үйленіп өз жанұясын құрады.

Сәбит 1924 жылы Семей қаласына келеді, сондағы губерниялық қазақ газеті басқармасында –«Қазақ тілі» газетіне қызметке турады. Өзі арулы болып, өзінің және әйелінің денсаулығы нашарлаған соң, 1930 жылы Сәбит газет қызметінен шығып, өз еліне қайта оралады. Онда тағы да мұғалім болып істейді. 1931жылы Семейге қайта келіп, «Қазақ тілі», «Жаңа ауыл» газетіне қызметке кіреді.

Жасы кемеліне келі, шығармашылық ойы да толысып әдебиетімізді жасасу жолында атсалысқан шағында Сәбит безгек ауруына шалдығып, сонан 1933 жылы 23мамыр күні 39 жасында мезгілсіз қазаға душар болады.

Сәбит революциядан бұрын, 1913-1917жылдар арасында жазған өлеңдерінің бір сыпырасында халықты,жастарды оқуға , мәдениетке , дүние тану өнер-білімін, техниканы,

ұлы орыс халқының оқуын, мәдениетін үйренуге, сонда үлгі алуға шақырып, үгіттейді. Мысалы, ол «Замандастар» деген өлеңінде:

Жабысайық өнерге,
Ынтықпай, қарап өленге,
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?
Сақтанбасақ бір қақтар,
Келешек мырза келерде,
Жумулы болып көзіміз,
Ізденбесек өзіміз.

Білімінен білгендер
Келіп бізге берер ме.
Ұмтылайық оқуға,
Айналмай көр-жер қоқымға...-дейді.

Осы сияқты, ол «Талап» деген өлеңінде де халықты, жастарды оқуға, білімге, талаптылыққа, техника үйренуге шақырады. Ақынның бұл өлеңі мынадай:

Әр дәулет саған даяр етсең талап,
Бақ келмес іздеп сені жатсақ қарап.
Нұр жауар талаптыға деген қарттар,
Жүргенге жөргем бар ғой бұрыннан ақ
Жалғызғызбын, жарлымын деп қорғаланбай,
Сал құлаш бір өзінді жүзге балап.
Әр бірі талаппенен тауып жатыр,
Дүниеде нелер өнер көрсең санап...

Жоғарыда Сәбит Дөнентаев өз өлеңдерінің алғашқы жинағын «Ұсақ-түйек» деп атады деді. Осы атақ Сәбит өлеңдерінің бәріне сай келеді деуге болады. Оның балалар әдебиетіне қосылатын шығармалары негізінен ұсақ, қысқа, шағын әрі мазмұнды, түсінуге жеңіл болып келеді. Ақын өлеңдері қысқа жазылса да белгілі оқиғаларға құрылғандықтан, өзіне лайық кейіпкерлері, типтік образдары бар. Өтірік, өсек, жағымпаздық, мен-мендік және тәкаппарлықты әшкере ету-Сәбит Дөнентаев жазған мысал өлеңдердің ең басты тақырыптары болады. Оның «Қожа», «Ауырған арыссы», «Ужеген қасқырға», «Көзі тоймаған ит», «Екі теке «Бозторғай» мысал өлеңдері кейбір адамдарда болатын аңқаулық, өрескел қылықтардан, өсек-аяң, өтіріктен, жағымпаздық немесе бірді-бірді соғыстыратын айлакер сұм істерден аулақ болуға үйретеді. Ондай жағымсыз әрекеттердің адам баласына жат жақтарын әжуа, мазақ етіп, мейлінше әшкерлейді.

Сәбит мысалдары көңілге қонымды, әрі терең мағыналық, күлдіргілі болып келеді. Мұны оның «Бозторғай» деген мысалының сюжет мен мазмұнынан көруге болады.

Бозторғай тұрымтайдан әбден зорлық, қорлық көреді. Соны қырғиға шақпақшы болады. Қырғиды ол бір бөденені жеп қойып, тағы бір бөденені аңдып отырған жерінде кездестіреді. Қырғи бозторғайдың шағымына құлақ қоймайды. Қазір қолым бос емес, күт, төз, жаның шықпайды деп ұрсады.

Бозторғай мұны енді қаршығаға айтпақшы болып, соны іздейді. Оны іздеп келе жатыр, көлде қырылып жатқан үйректерді көреді, оларды қырған қаршыға екенін біледі. Сонан ол қаршыға мен сияқты зәбір көргеннің мұңын тыңдамайды екен, бұл да момынға зәбір көрсетуші екен деп түйеді.

Деді де бір түкіріп, ұшты аспанға,
Қайткенде айла табам шыбын жанға?
Бұлардың бәрінен де бекзат еді,
Барайын деп ойлады лашын ханға.
Көп іздеп, неше түрлі бейнет көріп,
Оны да бір мезгілде тапты келіп.
Түбінде бір теректің бекзадасы»
Жеп отыр қаздың етін көкрек керіп

«Жаным-ау» мынау біздің төреміз бе?
Шынымен ақтық көрмей өлеміз?
Кемтарға бұлар қайтып кек әпермек?
Қүдірет «көн» деген соң көнеміз бе?
Дағдарды осыны айтып торғай сорлы.
Жеріне барам деген барып болды.
Бүркітке, құс патшасы, жолығуға
Кезіпті жер-жаһанды, оңды-солды.
Тапқаным бүркітті іздеп, таппағаным,
Шаққанын ішкі мұңын шақпағаным
Білмеймін, әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын жаны тыныш, жатпағанын!...

Ақын мұнда патша үкіметінің әкімдерін келістіріп сынаған. Оның басқа мысалдары да осылай болып келеді. Сәбит мысал жанрына шебер ақын деуге болады.

Лекцияның тақырыбы: С.Сейфуллин балалар әдебиетінің негізін салушыларының бірі.

Лекцияның жоспары:

1. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы.
2. С.Сейфуллиннің “Бандыны қуған Хамит” әңгімесінің танымдық, тәрбиелік мәні.
3. Шығарма кейіпкерлерінің бейнесін жасау жолдары.

Лекция мәтіні:

Сәкен (Садуақас) Сейфуллин 1894 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында шағын дәулетті, орта шаруаның семьясында туды. Сәкеннің ата-анасы ауыл арасына қадірлі, меймандос, адал ниетті, ақ жарқын, сонымен бірге өнерлі кісілер болды. Сәкеннің өзі де әкесінің аң аулағыш саятшы, сауыққой, домбырашы, шешесінің халық өлең-жырларын көп білетін, сөзге шебер адамдар болғандығын айтады. Мұның өзі Сәкеннің өлең-жыр, әңгіме-ертегілерге деген құмарлық сезімінің ерте оянуына көп әсер етеді.

Сәкен бастапқыда ауыл молдасынан оқып, тез-ақ хат танып кетеді. Баласының оқуға алғырлығын, зейінділігін, ой-талабының күштілігін байқаған Сейфулла Сәкенге орысша білім бергісі келеді. Осы мақсатпен 1905 жылы оны Успенск (Нілді) мыс заводындағы мектепке береді. Сәкен мұнда үш жылдай оқыды. Онан кейін Ақмоладағы бастауыш орыс мектебіне (приходская школаға) түседі. Мұны бітірген соң, үш кластық училищеде оқиды. Сәкеннің жастайынан екі тілдес бірдей білім алуы, оның орыс әдебиетінің көрнекті қаламгерлерінің шығармаларымен, сондай-ақ өз халқының әдебиетімен молынан танысуына мүмкіндік береді.

1913 жылы Сәкен Омбы қаласына барып, оқытушылар семинариясына түседі. Семинарияны ол үш жылдан кейін, 1916 жылы бітіріп шығады. Сәкеннің ақындық, жазушылық талабы ерте кезден байқалады. Ол — Успенск мен Ақмолада оқып жүрген кезінде-ақ өлең шығара бастайды. Омбы қаласында оқып жүрген кезінде студенттердің «Бірлік» атты әдеби үйірмесіне қатыса жүріп, өзінің алғашқы өлендер жинағын құрастырады. Бұл жинақ 1914 жылы «Өткен күндер» деген атпен Қазан қаласында басылып шығады. Бұл кітап Сәкеннің ақындық талабының зор екендігін жалпы жұртшылыққа танытады.

Сәкен оқытушылар семинариясын бітірісімен, Ақмола төңірегіндегі бір ауылдық мектепке мұғалім болып орналасады. Бұл кез (1916 жыл) патша өкіметінің майдан жұмысына қазақтан солдат алу жөнінде жарлық шығарып, халықтың оған қарсы наразылығы ұлт-азаттық күресіне ұласқан уақыт болатын. Қазақ қоғамының тантық жігі айқын ашылып, халық ашық күреске шыққан бұл шақта Сәкен түгелдей еңбекші бұқара жағында болады. Ұлт-азаттық күресіне қолынан келген жәрдемін береді. Көтеріліске қатысушылармен байланыс жасап, оларға ауыл арасынан күш-көмек жинау ісіне көмектеседі. Көтерілісті қолдаған бірнеше өлендерін жазады.

1917 жылғы февраль революциясы тұсында Сәкен Ақмола қаласына келіп, алғашқы Совдептерді құру ісіне араласады. «Тіршілік» атты бұқаралық бағыттағы газетті ұйымдастырып, оның бетіне халықтың қас дұшпандары — ел жуандарын, оларды жақтаушыларды әшкерелейді. Сәкеннің «Қел, жігіттер», «Жолдастар», «Жұмыс-керге»

т. б. осы сияқты революциялық мазмұнды өлеңдері осы тұста жазылады. Ол «Бақыт жолына» атты пьеса жазып, еңбекші халыққа Октябрь революциясының жеңісін уағыздайды.

Сәкен Ақмола қаласында Кеңес өкіметін орнатушылардың алдыңғы сапында болады. Ол Ақмола уездік Совдепінің президиум мүшесі, оның халық ағарту жөніндегі комиссары болып қызмет істейді. Сәкен 1918 жылы Коммунистік партияның, қатарына өтеді. Осы жылы жазда контрреволюцияшыл күштердің әлегімен Ақмоладағы Кеңес өкіметі уақытша сәтсіздікке ұшырайды.

Сәкен Совдептік басқа да мүшелерімен бірге тұтқынға алынады. Әуелі Ақмола түрмесінде, кейін Петропавл, Омбы қалаларының түрмелерінде, қыстың қалшылдаған қатты аязында аш-жалаңаш, қол-аяғы кісепдеулі күйінде атаман Анненковтың азап вагонында болады. Жалынды революционер акын мұның бірде-біріне мойымайды.

Академик жазушы Сәбит Мұқановтың сөзімен айтқанда: «Сәкен таза ғана әдебиетші емес, ол әлеуметшіл, саясатшыл адам. Октябрь революциясын ол жаудан қаламмен ғана қорғаған жоқ, найзамен де қорғады. Ол қазақ аулында бірінші кеңесті құрды, бірінші партия ұясын ашты, бірінші партизан боп жазылды, кеңес өкіметін қорғау жолында бірінші боп жаумен майдандасты, бірінші рет алашорда мен Колчак бандаларының айуандық азабын тартты, қалам мен найзаны жауға бірдей сілтеп, қан майданда жауды жеңісіп, еңбекші бұқараға мәңгілік бостандық әперушінің біреуі болды. Сәкенді бүгінгі күні еңбекші елдің ардақтайтын, сыйлайтын, әдебиетке істеген 20 жылдық еңбегін тойлайтын есебі — сол. Ол аты ғана акын емес, революционер, большевик акын. Ол — еңбекші бұқараның ақыны ғана емес, октябрь майданында жауын жеңіскен батыр»¹.

1919 жылы Сәкен Омбыдағы Колчак түрмесінен жолдастарының көмегімен қашып шығып, жасырын атпен бетпақ даланы басып өтіп, Түркістан жаққа барып, ондағы Кеңес өкіметінің жұмысына қатысады. Сәкен айдауда, қуғында жүрген кезінде де өлең жазуын бір тоқтатқан емес. Ол өлеңдерінде акын өзінің халық үшін, оның жарқын келешегі үшін күреске бел буғандығын ашық айтады. Әсіресе осы тұстың туындысы — «Жас казак марсельезасы» өлеңі қазақ жастарының революциялық гимніне айналды.

1920 жылы Сәкен Ақмолаға келіп, жаңа құрылған совет өкіметінің оқу-ағарту, баспасөз жұмысын басқарады. Сол жылы ол Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің президиум мүшесі болып сайланады. Қоғамдық қызметпен қатар, жазушылық еңбегі өрлеу үстінде болған Сәкен сол 1920 жылы «Қызыл сұңкарлар» атты әнгілі пьесасын жазады. Сонымен бірге оның кеңес тақырыбына жазған көптеген өлеңдері осы кезде жарық көреді.

Сәкен Сейфуллин қызмет бабында осыншалықты аса жауапты, сан-салалы жұмыстарды атқару үстінде де жазушылық еңбегін әсте доғарған емес. Жиырмамыншы жылдарда Сәкеннің «Асау тұлпар», «Домбыра», «Экс-пресс» атты өлеңдер жинағы, оның өз өміріне байланысты жазылған «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы жарық көреді. Бұдан кейінгі жылдарда ол «Жер қазғандар», «Бандыны қуған Хамит» повестері мен көптеген әңгімелерін, «Кеңесстан», «Қызыл ат», «Көкшетау», «Маузер» поэмаларын жазды. 1936 жылы Бүкіл Қазақстан жұртшылығы Сәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің жиырма жылдығын тойлады. Жазушының қазақ кеңес әдебиетіндегі зор еңбегін жоғары бағалаған партия мен үкімет оны «Еңбек Қызыл ту» орденімен наградтады. С. Сейфуллин 1938 жылы қайтыс болды.

СӘКЕН ҚАЗАҚ КЕҢЕС БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сәкен Сейфуллин қазақ кеңес балалар әдебиетінің негізін қалаушы, балалардың сүйікті жазушысы. Оның «Маузер» (1929), «Бандыны қуған Хамит» (1922), «Бұлшық ет» (1923), «Балалар» (1925), «Келіншектің бесік жыры» (1926), «Пионерлер» (1929), «Октябрь күні» (1929), «Біз комсомол» (1935), «Ананың хаты» (1925), «Анаға жауап» (1926) деген социалистік реализм әдісі-мен жазылған өлең-әңгімелері кеңес өкіметінің алғашқы

орнаған жылдарынан бастап-ақ өзінің жаңашылдығымен балалардың сүйіп окитын шығармаларына айналды. Сәкеннің бұл шығармалары — балалар әдебиетінің социалистік реализм жолымен қайта дамыған жаңа дәуірінің бет ашары болды.

Сәкен «Бұлшық ет» деген өлеңінде еңбек еткен адамның еңбегінің табысын сүйсіне жырлайды. Соны жас өспірімдерге үлгі етіп ұсынады.

Боянған түрлі шырайлы Сұлу емес сырлы бет. Ширатылған түйіндей, Шын сұлу күшті бұлшық ет.

Балғын білек балтыр да.

Ширатылған түйіндей.

Бұлтылдаса бұлшық ет,

Кім турады сүйсітібей. Көк темір құрыш болатпен, Асусыз асқар тау кешкен. ...

(С. Сейфуллин. Өлеңдері мен поэмалары, 1957 жыл 126-бет). Кайда жүрсе де біздің елде еңбек еткен адам сыйлы да болды, құрметке де бөленді. Отанын да, халқын да сүйсіндіріп, әрқашан даңққа бөлеп отырғанын жас өспірімдерге үлгі-өнеге етіп көрсетті. Еңбекке жаңа көзқарас 20 шы жылдар әдебиетінің қолға алған ең күрделі де ұтымды бет алысы болды. Осыған орай мектептерде еңбек тәрбиесін қолға алу кеңес педагогикасының басты міндетіне айналды. Коммуналар мен интернаттарда және шаруа жастар мектептерінде политехникалық оқудың іске асуына байланысты балаларды еңбекке социалистік көзқараста болуын үйретті. Ол кездегі политехникалық оқудың міндеті балаларды өндіріс пен ауыл шаруашылық ісіне негізделген еңбектің түрлі салаларымен таныстырып, үйретіп отыру көзделген еді. Сәкен «Қалаушылар жыры» деген өлеңінде:

Қолда қалақ шот аяқ, Сұрғылт балшық үстіміз Жігерлі сұр қалаушы — Жігерлі сұр түстіміз.

Жас өспірімдердің еңбекпен айналысуы, сондай-ақ олардың әр түрлі ауыл шаруашылық жұмыстарына тікелей араласып кетуі балалардың ой-өрісін кеңейтеді, Оларды тентек мінезділіктен арылтып, саналы да тәртіпті адам болуға икемдейді. Сонымен қатар оларға практикалық іскерліктер мен сапалы дағдылар туғызады. Мұнымен бірге еңбек балаларды әр нәрсені білуге талаптандырып, қазіргі материалдық дүние жөнінде реальдық ұғым берді. Сондықтан Сәкен еңбек еткен азаматтардың құлшына кіріскен ерлік істеріне сүйсініп, балалар мен жас өспірімдердің рухын көтеретіндей дәрежеде суреттеді:

Шаттық, қызық еңбекте, іс істейміз сүйсіне. Темір қалақ үн қосар, күшті қолдың биіне.

Көкке өрлетіп қалаумен,

Қышыл қышты тізілту. Қызыл күннің астына, Орпатамыз қызыл ту...

(Сәкен Сейфуллиннің. өлеңдері мен поэмалары, 1957 ж. 309-бет).

Бұл елеңде балаларды еңбекке тәрбиелеу, соған баулумен қатар, социалистік құрылыстың озаттарын, ондағы жас құрылысшыларды мадақтап, олардың еңбегін, Отанға берілгендік ынтасын жыр еткен. Барлық игі жұмыстар солардың жарқын болашағы үшін істеліп жатқандықтан, бұған жастардың өздері де белсене ат салысуы керектігі айтылған. Балаларды еңбек тәрбиесіне баулудағы бұл елеңнің күшті де әсерлі болатыны осынысында.

«МАУЗЕР» ПОЭМАСЫ

Сәкен «Маузер» поэмасында 1917—1922 жылдар арасындағы революциялық күрестерде ерлік, табандылық көрсеткен қазақ еңбекшілерінің жарқын бейнесін жас өспірімдерге әсерлі түрде суреттеп берген. Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланып, әл үстінде жатқан азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, еркіндік жолында күрескен майдандас достарына арнайды.

Анама сәлем дегейсін, Егілмесін күйініп, Тап үшін өлді баласы, Болаттай болсын түйініп. Бұл поэманы социалистік реализм әдісі негізінде туған қазақ кеңес балалар әдебиетіндегі революциялық дастан дәуірімізге де болады. Өйткені мұнда Кеңестік революцияның жағымпаздық идеясы күштарлықпен, партиялық пафоспен бейнеленген еді. Ондағы «Анама сәлем дегейсің» деген бір ауыз сөз Бүкіл оқырмандар жүрегін дір еткізіп, бірге соқтырып тұр. «Маузер» поэмасының табысқа жету құпиясын ең алдымен

оның осындай жаңа формада жасалуына себеп болған мазмұнынан издесек керек. «Жаңа өнер жана кейіпкерден басталады»,— деген М. Горький сөзінің ақиқаттығы міне осыдан көрінеді. «Маузер» поэмасында кейіпкерді қуанышта да, қиыншылықта да өмірмен, халықпен, коллективпен байланыстыра көрсету жаңашылдығы бар. «Маузер» кейіпкерінің бейнесінде оның өзге адамдармен ортақтығы және сонымен бірге оның жеке басының қайталанбас ерекшеліктері тайға таңба басқандай боп қалыптасып қалған, Мұндай көркем бейнені типтік бейне деп атайды.

Айтқайсың жолдас, жарыма, Жас бала қалды қолында. Көз қырын салар ерлер көп, Екбекші тап жолында —

Өзі өлсе де ол жалғыз емес екенін, әкесіндей қамқоршы Лениндік Коммунистік партияның барлығын, бала-шағасының жетімдік көрмейтінін, оларға өз қолымен ұлт азаттығын, бостандықты әперіп кеткенін естеріне салып, соны өзіне берік сүйеніш етеді. Ол езі өлсе де арманына жетіп өлгеніне риза, өйткені өз ұрпақтарына еркіндік тұрмыс орнатты, бас бостандығын әперді, оларды шаттық өмірге кенелдірді. Сондықтан да шығармаңыз бас қаһарманы:

Бесіктегі жас ұлым,
Ер жетсе өсіп балдырған,
Мына кекті маузерім,

Соған мұрам қалдырған. Октябрьдің күнінде, Туғандығын ақтасын! Мына кекті маузерді, Дұшпанға арнап сақтасын!—

Революция жауларының қолынан құрбан болған азаматтың жауынгерлік образын жасай отырып, оған қарсы күрестерді жалғастыра беру керектігін Сәкен жас өспірімдерге көбірек ескертеді. Ол өлсе де өз ізін суытпайтын, оның ой-арманын болашақта іске асырып, ілгері дамыта беретін ұрпағына, өмірінің жалғасына, мына біздерге тапсырған. Қан мен тер төгіліп, жеңіспен орнатылған кеңес өкіметін, өз Отанын ішкі, сыртқы жаулардан көздің қарашығындай сақтай білсін деп өзінің акырғы сөзін санатын жас нәрестесінің қолына зор сеніммен, үміт іттыра тапсыруды өтінеді. Өйткені жас ұрпақ болашақ екендігі дүниесінің қожасы деп біледі. «Маузер» поэмасында таптық күрестің жанды картицалары жасалуы арқылы оқиға бірден-бірге күрделене береді. Тап жауының қолынан қаза тапқан қаһарманның ерлігіне сүйсінген оқырман оның оптимистік сеніміне ризалық білдіреді.

Корыта айтқанда, балаларға арналған Сәкен әңгімелері жас өспірімдерді, пионерлерді коммунистік рухта тәрбиелеудің және оны Кеңестік реализм бағытында жазу-дың үлгілерін көрсетті. Сәкен балалар әдебиеті тақырыптарына қалай жазу керектігін, қандай тақырыптарға жазуға болатынына жол салып берді.

БАНДЫН ҚУҒАН ХАМИТ

Сәкеннің балаларға лайықты шығармалары оның поэзия саласындағы еңбектерімен ғана шектелмейді. Проза жанрында 1922 жылы жазған «Бандыны қуған Хамит» атты әңгімесі бар. Бұл әңгіме Октябрь революциясының жеңісінен соң кеңес өкіметіне қарсы іріткі салу мақсатымен елдің үрейін, момын шаруалардың берекесін кетіріп жүрген бандылардың қарақшылық-ерекетін әшкерелеуге арналған. Мұнда да автор жаа орнаған кеңес өкіметін оның ішкі жауларынан тазартып, көздің қарашығындай қорғай білу керектігін айту, соны жас өспірімдерімізге, пионерлерге социалистік реализм негізінде түсіндіруі көзделген.

Әңгіменің композициялық құрылысында бір ерекшелік бар. Мұнда да оқиға желісі салған жерден бірден сондағы жаратылыстың әсем көріністерін мөп-мөлдір сәулелі күнді, таңертеңгі түскі, кешкі мезгілдегі бұлттарды, айнала төңіректі оқиғаға байланыстыра суреттейді. Табиғаттың әсем көріністерін суреттеген соңғы жолдарында табиғат бояулары туралы, жан-жануарлар туралы, ауа туралы және егіншілер мен шөп орған шалғыншылардың шаруашылығы жаблы, тиімді күн райы туралы суреттеу әңгіменің негізгі түйіні, арқауы болып отырған оқиғаға байланысты алынған. Табиғаттың бұл көріністері әңгімеленіп отырған оқиғадан оқшау тұрған жоқ, қайта осылай суреттеу арқылы жас өспірімдердің көңіл күйін аулауға, оқиғаның себептерін ашып айқындай тусуге көп жәрдем ететінін жарыстыра айта отырады. Табиғаттың адамды таң-тамаша

ететін осындай эстетикалық сұлу да әсем болмысын әсерлі суреттеген Сәкен әңгімесіндегі пейзаждық көріністер негізгі кейіпкерлердің мінезі мен типтік бейнесін әр жақты аша түсуге қызмет етіп отырғанын байқаймыз.

Дәуір шындығыш және басты кейіпкерлерді психологиясын, таптық көзқарастарын ашу үшін жазушы табиғат суреттерін параллелизм жасай отырып айқындайды. Бұл тек табиғаттың сұлу картиналарын суреттеу ғана емес. Пейзаж адамның түйсігі арқылы беріледі де, сол адамның сезім, ой, көңіл күйін, оның өмірге қарым-қатынасын түсінуге жәрдемдеседі, «Бандыны қуған Хамит» әңгімесіндегі орман сұлулығын суреттегендегі табиғат образы Хамиттің типтік образымен ұштасып, ұлғая түседі. Осы көріністе Хамиттің гуманистік мораліне қасқыр мінез, қара ниет Кудряның ішкі дүниесі қарсы қойылған. Хамит пен Кудря арасындағы тартыс көрінісі дауылда жаңбырмен жуылып, тазарған жаңа өмірдің басталуымен, таңмен, болашақпен ұштасады.

Хамиттің бандыны іздеп бара жатқан бағыты осындай қалың орман. Бірақ бұл жерде жайылған мал да, көрші тепкен үйлер де жоқ. Хамит келе жатқан орман іші қанша көркем болғанмен жалғыз-жарым адамға қорқынышты, үрейлі. Оқушы осы жағын да ерекше сезініп отырады. Өйткені жалғыз жолаушыны бандылар қай жағынан қоршап алар екен деген ойлар оқушысын әлсін-әлі үрей-лебдіре береді.

Мұның үстіне әңгіменің басынан аяғына дейін өзінің қарақшылық пиғылымен жексұрын керініп отырған Кудрянык Хамитқа қарсы жасырын келе жатқандағы шын амал-айла тәсілдері мен сыртқы портретін суреттегенде Хамиттің ендігі жердегі тағдыры немен тынар екен деген жан шошырлық ойлар оқушыны еріксіз тынымсыз халге қалдырады. Автор бұл жерде Кудряны былай суреттеген: «Лесниктің үстінде қара шинелі бар, басында құлақшың. Құлақшынның бауын байлаған. Аяғында қалың ұлтанды қара етік. Сақал-мұртын қырған, жасы отыздың ішінде, шаналы қара торы жігіт, еңгезердей, ұзын бойлы, жауырынды, қолында шыбыртқы камшысы бар, көк аттың үстінде тіптік қаққан қазықша отырып келеді»,— дейді. Әңгіме композициясының шебер құрылуы осы жағынан көрінеді. Оқиға өзінің шарықтау шегіне жеткенге дейін пейзаждық көрінісімен де, кейіпкердік сырт тұлға, мінез өзгешеліктерімен де оқушысын әр алуан ойға салып, оның жан-жүйесін, психологиялық еркін билеп алады. Кудряны бұрын кермеген Хамит оны шын мәнінде леоник деп қалуы да оқушыны қобалжытады, өйткені оқиғаның немен тынарына көз жетпей, оқушы әңгіменің аяғына жеткенше асығып, әр алуан ойға кетіп отырады. Жазушының даралық қасиеті мен шеберлігі оқиғаға толы осындай драмалық егестерге құрылған ерекшеліктерімен көрінеді.

Екіншіден, жазушы мұндағы әңгіме оқиғасын шашыратпай түгелдей екі-ақ адамның басына жинақтағандықтан кеңес өкіметінің алғашқы орнаған жылдарындағы халық арасына іріткі салуға тырысқан жаулардың, басқыншы бандиттердің барлық сыр-сипатын, зұлымдық әрекеттерің Кудря образы арқылы әшкерелеген. Кішкентай әңгіменің өзімен-ақ Сәкен басты кейіпкер Хамит пен Кудря образдарын типтендіріп бере алған. Екеуінің жек-пе-жек алысқан жердегі өмір үшін күрескен жан түршігерлік шайқастары арқылы автор тозығы жеткен ескі өмір мен өресін кең жайған кеңестік социалистік жаңа құрылыстың арасындағы тартыс күресін танытқан.

Үшінші жағынан, әңгіме белгілі мақсат пен айқын идеяға құрылғандықтан, соны бейнелейтін сөздердің де тізген моңшақтай қисын тауып, өзінің көркемдік сипатқа ие болғанын көреміз. Адам портретін беруде болсын, не жаратылыстың әсем көріністерін шаруашылық және өмір тіршілігімен байланыстыра мәнерлеп суреттеуде болсын, Сәкен түрлі бейнелі сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді, метафораларды кеңінен пайдаланады.

Корыта айтқанда, Сәкен шығармалары балалар, әдебиетіне жаңа тақырып, жаңа мазмұн әкелді. Ол балалар әдебиетін жаңа идеялармен толықтырды. Оның шығармалары жас өспірімдерге, Отанға деген сүйіспеншілікті және оны көздің қарашығындай қорғай білуді, халқына адал қызмет етуді үйретті. Сонымен қатар, еңбек ету — адам баласы болашағының бақыты екені түсіндіруге күш салды. Сәкен шығармаларының айын идеясы балаларды коммунистік рухта тәрбиелеу мақсатын көздеп қана қоймай, ол сонымен қатар балалар әдебиеті тақырыбына жазып жүрген жазушыларға социалистік реализм әдісімен қалай, қайтіп жазу керектігінің үлгісін көрсетті.

Лекцияның тақырыбы: Б. Майлиннің “Кемпірдің ертегісі” атты поэмасы.

Лекцияның жоспары:

1. Б.Майлиннің өмірі.
2. Жазушының балаларға арналған шығармалары.
3. “Кемпірдің ертегісі” атты поэмасы.

Лекция мәтіні:

Б. Майлин (шын аты –Бимағамбет) Жармағамбетұлы 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы Таран ауданында кедей шаруаның жанұясында туған . Екі жасында әкесінен айрылған Бейімбетті бай қолында сауыншы болып жүрген анасы тәрбиелейді. Жастық шағы жоқшылықпен өткен Бейімбет жеті жасқа толысымен,бұғанасы қатпастан,қозы бағуға жалданады.Ауыл молдасынан аздаған сауатын ашып , хат танығаннан кейін Бейімбет енді оқуға ынта білдіреді. Жасы 17-ге келгенде , ағайындарының жәрдемімен, Уфа қаласындағы Медресе- Ғалияға келіп оқуға түседі. Білімге сусап келген Бейінбет оқуды өте жақсы оқиды. Медресенің әдебиетке ынталы шәкірттері «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұратын.Өлеңжазуға талабы бар Бейімбет көп кешікпей осы журналдың белісенді мүшесінің бірі болды. Кейін оны сол журналдың редакторы етіп сайлады. Әлеуметтік маңызы бар, дінді әжуа –сықақ ететін «Мұсылмандық белгісі» атты өлеңі, жазушылық талабының зор екендігін танытқан «Шуғаның белгісі» атты ұзақ әңгімесі осы «Садақ» журналында жарияланады.

1915 ж науқастануының салдарынан Бейімбет медресе оқуын бітіре алмай, еліне қайтады. Олоз аулында екі –үш жыл мұғалім болып істейді. Халық ағарту жұмысына араласады.

Бейімбет 1922-23 жылдары Қазақстанның сол кездегі астанасы-Орынбор қаласына келіп, ондағы газет журналдарда қызмет атқарды.

1923ж Қостанайда «Жаңа ауыл» газетін ұйымдастырды .Өзінің осы тұста жазған әңгіме, очерктері, өлеңдерімен партия саясаты ел арасына жеткізді.

Бейімбет 1925ж республикамыздың жаңа орталығы болған Қызылорда қаласында «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясына қызметке шақырылады. Жазушы осы газетте жұмыс істеп жүрген кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болды.

Б.Майлин - әдебиеттің түрлі саласында еңбек еткен жазушы. Оның қаламынан тек өлең, поэмалар ғана емес, сонымен бірге сан алуан көркем очерктер, фельетон, мақалалар, әңгімелер мен повестер түйдектеліп шығып жататын.

Өлең кестесінің шебер көмекшісі, құлақ құршын қандыратын ділмар әңгімеші, оқиға жартысын қиыннан қиюластыра білген үлкен драматург Б.Майлин 1938ж 44 жасында қайтыс болды.

Ақындығы: Бейімбет Майлин-ақын: әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңнен бастады және қазақ поэзиясының дамуына өзіне лайық үлес қосты.

Майлин- реалист. Оның поэзия, проза, драматургия салаларының қай-қайсысында жазған шығармаларын алып қарасақ та , тұнып тұрған шындық; ақиқаттан ауып басқан бір де бір адымы болған емес.

Ендеше, шыншыл суреткердің әдеби туындыларының болмыс-бітімін, сыр-сипатын, қажет жағдайда тіпті күнгейімен қоса көлеңкесін сарапқа салған тұста да оның өзіне ұқсамауға, яғни ақиқат шындықтан алшақтауға болмайды.

Қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты дегенде біз қазақ өлеңін көркемдік жағынан еуропалық биікке көтеріп, оның мазмұнды пішінін

Қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты денеде біз қазақ өлеңін көркемдік жағынан еуропалық биікке көтеріп, оның мазмұнды пішінін тотының түгіндей құбылта құлпытқан Абайдан әрі өрлетіп әкетті демейміз. Әділіне келсек, Бейімбет өлеңдерінің өрімі-жеңілі түрі, ырғағы, ұйқасы...- -Абай реформаларынан көш кейін жатады.

Майлиннің поэзиясының қадір-қасиеті неде?

Екі нәрседе-жырлаған тақырыбында және бейнелеген образында біріншіден-Бейімбет қазақ кедейінің тұрмысы мен тіршілігін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған аумақта, кең, терең, және жан- жақты суреттеді.

Екіншіден, Бейімбет қазақ кедейінің мінезі мен мүсін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған деңгейде дәл, тіпті типтік һәм символдық дәрежеде (Мырқымбай) тарихи жағынан нақты және өрбу, өсу үстінде сомдап соқты. Осы екеуінің үстінде енді Бейімбет өлеңдері мен поэмаларының тұла бойына күн шуағындай тарап, ұшқын атып , сәуле шашып жатқан әрі жылы, әрі шымыр юморды қоссақ, жалпы Майлин ақындығының өзгелерден оқшау тек өзіне ғана тән ерекшелігі белгіленді де, оның , жоғарыда айтылғандай , қазіргі қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі анықталды.

Бейімбет өлеңдері мен поэмаларына нағыз әдебиетшінің биік талғамы белгілеген нағыз көркемдік критерийлерін өлшем етіп, шыншыл шолу жасасқ, екі нәрселерін айрықша атау жөн ғой дейміз. Оның бірі-Майлиннің юморы мен сатирасы.

Қазақ әдебиетіндегі бұл саланы ақын өзіне дейінгі деңгейінен біршама ілгері әкетіп, біраз жетілдірген. Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол- ақынның білімсіз бейшарасы» деген қағидасын мықтап ұстағандай, өлең ішіне басы артық сөз кіргізбеу үшін, әр сөз орнын тауып , шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын, жалпы өлең өрнегін өзгеше тәсілге көшіріп болған жағдайда жай баяндаудан қызық әңгімелеуге, яғни өлең-диалогке ауыстырған. Мұнысы ойдағыдай ұтымды шыққан.

Үлгі ретінде «Ыбыраймыз, Ыбыраймынды» алсақ та жетеді.

Кеше:

-Уа кімсіз?

-Ыбыраймыз.

-Жаймысыз?

-Уа, қайдан келесіз?

-Сайлаудан келеміз.

Елге ойран сап,

Ойнаудан келеміз.

Бүгін:

-Уа, кімсіз?

-Ыбыраймын.

-Жаймысың?

-Жаймын.

-Қайдан келесің?

-Соттан келемін.

Соттан емес-ау,

Оттан келемін...

Мұнда ақын қазақ байларының дәурені жүріп , дегені болып тұрған патша тұсындағы у сойқы сықпыты мен қазан төңкерісінен кейін бақ пен тақтан , байлық пен биіктен жүрдай сорлаған сикан салыстыра, шоншарлардың кешегі қылығы мен бүгінгі құлқын бір-біріне қарам-қарсы қойып , бәрін бір кейіпкердің басына жинақтайды. Кеше «Кімсіз?» деген сұраққа «Ыбыраймыз!» деп, бір өзі барлық жуандар атынан айқайлай күпілдеген күпсер бүгін дәл сол сауалға басқа емес, бір өзінің атынан мүсәпірсіп қана «Ыбыраймын» деп міңгірлейді. Кеше «Қайдан келесің?» дегенде тағы көпше «Сайлаудан келеміз, елге ойран сап, ойнаудан келеміз!»-деп одыраңдаса, бүгін жекеше «Соттан келемін, соттан емес-ау , оттан келемін» деп жабығады...

Өлең ешқандай баяндаусыз, не суреттеусіз, тек екі адамның өзара сөйлесуіне-сұрақ пен жауапқа ғана құрылған.

Бейімбеттің дүниеге көзін ашқаннан көрген-баққаны көбіне ауыл өмірі. Төңкерістің бұрынғы, төңкеріс қарсанындағы және одан кейінгі қыр тіршілігі, дала тұрмысы. Сондықтан оның ширек ғасыр бойы, сөз өнерінін қай жанрында болсын, жазған шығармалары түгел ауыл өміріне арналуы тегін емес. Осыны өзі де білген. «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6—7-сандарында ол өзі туралы: «Менің бұл күнге дейін жазған тақырыбым ауыл туралы

ғана болып келеді,— деп ашып айтты. Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге дейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ».

Жә, бірақ мұнда тұрған не бар? Қазақта ауылды, даланы жырламаған ақын бар ма? Өйткені «қоғалы көлдер, құм, сулар кімдерге қоныс болмаған?» (Махамбет).

Бейімбеттің далй жырындағы — ауыл әуеніндегі өзіне дейінгілерден оқшау ерекшелік те дәл осы арадан келіп шығады.

Санің зарың — зарлайтыным өмірге,

Сенің арың — арлайтыным өмірде.

Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,

Сен қуансаң — қайғы шерім аршылар.

Ауыл өміріне кедей мүддесі мен мұратының тұрғысынан қараған Бейімбет шығармаларының идеялық мазмұнында, сөз жоқ, қазақ , қоғамындағы қилы-қилы қайшылықтар, адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктер желі тартып жатты.

1915 жылы жазған «Жазғы қалып» деген өлеңінде ақын қыс өтіп, жаз жетіп, табиғат түлеп өзгергенмен ауыл өміріндегі атам заманнан келе жатқан ескілік, кертартпа салт-сана, «жер дауы, жесір дауы — кесір дауы» әлі өзгермей, «қыс болса, әменгерге жесір сатып, аянбай көз жасына белден батып» жүрген «ақсақал, қарасақалдардың» әдептен тыс нысапсыз әдет-ғұрпын а яусыз әшкерелейді.

Ауылда деген өлеңінде автор надан ортада үйден-үйге қыдырып «ет те шай — тапқаны тек тамақ ішкен» қаракетсіз жалқауларды сынаса, «Садақбайда» ел ішін алтайдай бүлдіріп, топ, жік партия құрып, жұртты орға жықпақ болып жүрген саяси ала -аяқтарды түйрейді.

Лекцияның тақырыбы: I. Жансүгіров балалар әдебиетін жасауға қосқан еңбектері.

Лекцияның жоспары:

1. I.Жансүгіровтің өскен ортасы.
2. Ақынның өлеңдеріндегі жаратылыс суреттерін тіршілікпен байланыстыра жырлауы.
3. I.Жансүгіровтің еңбек тәрбиесі тақырыбына жазылған әңгімелері.

Лекция мәтіні:

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы бірінші май күні қазіргі Талдықорған облысы, Ақсу ауданының бұрынғы төртінші аулында туды. Ілияс шешесінен жастайынан жетім қалып, әке тәрбиесінде өседі. Қатал мінезді әкенің тәрбиесінде өскен Ілияс жас кезінен бастап-ақ өткір мінезді, өжет, еңбек құмар және зерек болады. Өйткені оның әкесі Жансүгір қолөнеріне мейлінше жетік болыпты. Ол аяқ киім тігетін етікші және темір мен ағаштан түйін түйетін ұста екен. Мұнымен қатар ескіше хат танитын, арапша сауатты кісі болғандықтан, халық ауыз әдебиетін көп оқып, көп жинапты. Бір сырлы, сегіз қырлы осындай шебер әке өз қолынан келетін бар өнерін Ілиясқа жас кезінен үйреткен. Сондықтан Ілияста әкесіндей әрі етікші әрі ұста, әрі әнші, домбырашы болады. Бір жағы әкесінен оқып, арапша хат таниды. Осының өзі Ілиястың әдебиетке қызығуы мен өмірге деген көзқарасының қалыптасуына көп көмегін тигізеді. Әкесінен көптеген қызықты әңгімелер, халық өлеңдерін естиді. Халық өлеңдері мен ертегілері оны халық өмірімен, арман-тілегімен, зор болашағымен тереңірек танысуына мүмкіндік туғызады. Айналасындағы болып жатқан неше алуан өмір құбылыстары да балалық байқағыштық, назарынан тыс қалмағап еді.

Ежелден ескеруші ем елдің сөзін, Бұмақтың тазалауға тінтіп көзің бар ма деп ашпаған сыр, айтпағап жыр, Құлақты қырға түріп жургсн кезім,— дейді.

Әрі зерек, әрі ұғымтал бала мұнымен де қанағаттанбай 1905 жылы жергілікті жердегі Қарағашта ашылған орталау мектепте оқып, оны 1911 жылы бітіріп шығады. Осы кездерден бастап өлең жазумен айналысады. Өз білімін көтеру үшін 1920 жылы Іляс

Ташкентке барады. Онда жаңадан ашылған мұғалімдер дайындайтын қазақ-қырғыз институтына оқуға түседі.

Ілияс Жансүгіров Ташкенттегі мұғалімдер дайындайтын қазақ-қырғыз институтының екі жылдық курсы бітірген соң 1921 жылы Жетісуға қайта оралады. Өз еліне келісімен Қапал уезі, Ақсу болысына қарасты Белтоған мектебіне мұғалім болып орналасады. Ілиястың алғашқы қызметі халық ағарту жұмысына араласудан басталғандықтан, ол ең алдымен қараңғыда қалған өзіндей қазақ жастарының басын құрап, хат танытып, сауатын ашуды өзіне үлкен міндет етіп қояды. Сондықтан ол «Жалпы жасқа» деген өлеңімен ұран тастап:

Әйел, еркек, жалпы жас! Қатеріл, көрін, көзінді аш жаңбырлы жазғы жапырақтар,
Көркей, көгер, гүлің шаш!..

Оқы, орталас, ұйымдас!

Бірік, бірлес, жас жасы

Жиылатын күн жетті,

Қайтып ұйқың қиылмас!..

деп, ел арасына, қарамағында оқуда жүрген жас өспірімдерге үгіт жүргізеді. Осы идеясын іске асыру үшін мұғалімдік қызметімен қатар, Ілияс батырақтар одағына кіріп, жалшылар арасында үгіт жұмысын одан ары жүргізе береді. Бұл кезде жазылған өлеңдерін көбіне солардың өміріне және жас ұрпақтарға арнады. «Жастар», «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күзде» деген өлеңдері жас өспірімдерді оқуға, өнер білімге шақырды. Сол кездің өзінде-ақ «Белтоған» мектебінде оқитын оқушылар Ілиястың өлеңін әнмен шырқап, бүкіл елге тарататын.

Ілияс мұғалім болған кезінде ауылды кеңестепдіру ісіне белсене ат салысады. Ауыл еңбекшілерінің алғашқы ұйымы — жергілікті қосшылар одағын ұйымдастырады. 1922 жылы қосшылар одағының шақыруымен Алматыға келеді. Мұнда Алматы облысының қосшылар одағы комитетінің секретары болып орналасады. Сонымен бірге облысшы «Тілші» газетінде істейді. Ілияс 1924 жылы партия қатарына кіреді. Осы жылы ол қазақ ағарту институтының директоры болып қызмет атқарды.

1925 жылы Ілияс Жансүгіров Москвадағы журналистика институтына түседі. Мұнда Ілияс оқуымен қатар, өзінің ақындық творчестволық жұмысының үннен-күнге дамытып, өлеңдерінің көркемдік жағын жеңілдіріп, сапасын арттырады. Жазушы білім жағынан да, ақындық талантымен де енді тек Қазақстан көлемінде ғана емес, Бүкіл Одаққа таныла бастайды. Ілияс журналистика институтын 1928 жылы бітіріп шығады:

Ілияс Жансүгіровтің әдеби-әлеуметтік қызметі осы кезден бастап кен арна, даңғыл жолға шығады. Ақынның Коммунистік партия туралы, оның дана көсемі Ленин туралы жазылған «Ленин өлді», «Ленин тірі», «Қоммуна», «Ұштасқан үш тілек» сияқты әйгілі өлеңдері — осы кезеңнің жемісі. Москвадан қайтып оралғаннан кейін, Ілияс әдеби творчестволық іске беріле кіріседі. Бірнеше жыл республикалық «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде қызмет атқара жүріп, көптеген өлеңдерін, поэмаларын жазып, жарыққа шығарады. Ақындық әдеби еңбегі өте жоғары бағаланады. Ол 1934—1938 жылдары Қазақстан кеңес Жазушылары одағының председателі қызметін атқарады.

Ілиястың бұл кезде мол еңбек еткендігі соншалық, бас-аяғы он шақты жылдың ішінде ол жиырмадан астам кітабын бастырып шығарды. Ақын бұл тұста коллектив болып біріккен колхозды қазақ аулын, құлазыған қыр суретін өзгерткен алып өндіріс орындарын, кеңестік бес-жылдықтар туғызған толып жатқан жаңалықтарды өз жырының өрнекті арқауы етті. Ілияс Жансүгіров қазақ кеңес поэзиясының ірі ақыны болуымен қатар, проза, драматургия саласында да үлкен еңбек еткен жазушы.

Қазақ кеңес балалар әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі болған ірі талант иесі Ілияс Жансүгіров 1938 жылы қайтыс болды.

ІЛИАС ӨЛЕҢДЕРШДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді. Бұл туралы біраз еңбектерім бар: «Балаларға тарту», «Балаларға базарлық», тағы басқалар. Бізде, әсіресе, техника, өнер жайында шығармалар туған жоқ. Енді бұл кетікке кірпіш қалауымыз керек дейміз» дейді Ілияс 1931 жылғы «Мен қалай жаздым» деген мақаласында.

Балалар әдебиеті саласында Ілияс өз сөзін орындап шыққан жазушы.

Ілиястың алғашқы қызметі халық ағарту жұмысына араласудан басталғандықтан, ол ең алдымен қараңғыда қалман қазақ жастарының басын құрап хат танытып, сауатын ашуды үлкен міндет етіп қояды. «Жастар», «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күзде» деген өлеңдерінде ақын жас буындарды оқуға, өнер-білімге шақырады. Сол кездердің өзінде-ақ «Белтоған» мектебінде оқитын оқушылар Ілиястың өлеңін әнмен шырқап, Бүкіл елге таратады.

Ілиястың балалар үшін жазылған шығармалары жас еспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеу проблемасын шешуді ғана көздеп қоймайды, ол сонымен қатар әрбір жазушының алдына осы салада қалай жазудың және қандай мәселені көтерудің үлгілерін де көрсетеді. Ең алдымен балаларға арналған шығармалардың тәрбиелік ролі соншалық күшті де ықпалды болуын басты міндет етіп қояды. Балаларды баласынбай-ақ олардың алдына кәдімгі күрделі мақсаттарды қоя білу керектігін айтады. Өйткені тәрбие мен білімнің және оқытудың арасындағы процесс балаға жас кезінен үйретілуі тиіс. Ілияс осы мақсаттарды тіпті бесікте жатқан бүлдіршінге де өлеңмен, әнмен айтып жеткізуді шарт етіп қояды. Сол арқылы баланың көңіл күйі мен ойын эстетикалық идеалы сергітіп, тезірек жетілуіне, дұрыс өсуіне жәрдем етеді. Ілияс «Бөбек бөлеу» («Ана жыры») деген өлеңінде осы пікірді жақтайды.

Қазақ кеңес балалар әдебиетіне ең көп үлес қосқан ақынның бірі—Ілияс Жансүгіров. «Бізде балалар әдебиеті жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы дейді. Осының өзінде де зор үміт, үлкен мақсат бар. Бөбекке қойып отырған ана шарты жеке бастың қамын ойлау мәселесі емес, еткен еңбегін елінің игілігіне жұмсалатын болсын деген қоғамдың, пікірге баулып отыр. Бұл бала алдына қойылған халықтың мақсат, ол — халық ойының эстетикалық идеалының жемісі мен арманы. «Елгезек болсақ иісін, ендеше саған екі емшек» деген ананың шарттын белгісі балаға жаңа міндет жүктеп отырғанын көрсетеді.

Бөл-бөл, бөбек, бал, бөбек, Бет алдыңа кетерсін, Бөгелмей білім біл, бөбек. Елге есті ер керек, Білмесен білім бекерсі, Ер жет, есей ертерек- деп, ана оның халық ұлы болуын арман етеді. Осындай ұлы мақсат, үлкен арманды, әсемдік әлеміне құрылған эстетикалық-идеалды ақын тіпті бесіктегі балаға да сондай шеберлікпен жеткізе беруге, айтуға болатынын дәлелдеген. Өйткені баланы өсіретін де, жетілдіретін де жақсы тәрбие мен зор үміт. Біреу оның келешегінен зор үміт етіп отырса, сол сенім оны еңбекке де баулып, жұмылдырып жібермек. Міяе бұл тәрбиелік манызы бар міндеттерді іске асырудың ең басты жолы деп танылады. «Ақылға қонымды, дұрыс тәрбие баланың тіпті жас шағынан, балалар өзін-өзі тани біле бастамас бұрын, оларға барлық жақсылық, шындық, көркемдік, ізгілік атаулыға талпынуды үйретіп отыруды талап етеді олар бұл уақытта адамгершілікке белгісіз себеппен туа әдеттенгендегідей дағдыланулары керек»,— дейді Н. А. Добролюбов. Орыстың ізгі адамдары тәрбиенің ролі мен маңызын осылайша бағалаған. Ілияс та бала тәрбиелеудегі ізгі мақсаттарды дұрыс түсініп, өз поэзиясы арқылы оны шеберлікпен айта білген. («Елге есті ер керек, ер жет, есей ертерек» деп балалардың болашағынан зор үміт етеді. Тілі де жеңіл, қойған мақсаттары да айқын. Ана атынан айтылған мұндай сөз, мұндай тілек бала жанының айқыны емес пе? Ата-ананың осындай үлкен үміті мен зор сенімі баланың да жас жанына қамшы боп, оны үлкен жолға, еңбек сапарына аттандырады, былайша айтқанда үлкен үміт, зор сенімді ақтауға кіріседі. Мұндай өлеңдердің тәрбиелік күші мен балаға тигізетін рухани әсері осындай болмақ.

Балаларға жазылған Ілияс өлеңдерінің қамтыған екінші бір үлкен тақырыбы — өз елі, өз жерінің байлығы мен сұлу табиғатының әсем көріністерін суреттеуге арналған. Бұл балалар үшін өте қызықты тақырып, өйткені Ілияс табиғаттың әсем көріністерін суреттеу арқылы жас өлеңдердің ойын нақты материалдарға негіздеуге тырысады. Бұл салада жазылған Ілияс өлеңдері: «Ағынды менің Ақсуым», «Бұлт», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз», «Жауында», «Қыс», «Желді карағай», «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі», «Шаттық жыры» деп аталады. Балалардың эстетикалық тәрбиесі үшін табиғат көріністері мен табиғат заттарын

суреттеуде бұл өлеңдердің оларға тигізетін әсері өте зор. Илияс «Жазғытұрым» деген өлеңінде:

Ой, балалар, балалар Жылы-жылы жел соқты, Жылғалардан су ақты.

Қандыл-каншыл қаз кепті, Жер қарайды — жас кепті, Желкілдейді көк майса, Желіндейді мал жайса...

Ел ешкісін қырқыпты, Егіндерін жыртыпты. Ой, балалар, балалар, Ойналық та күлелік қос басына иінілік деп, көктемнің шығуымен байланысты табиғатқа жан бітіп, қандай өзгерістер, жаңалықтар болатынын суреттеп, айналадағы түрлі құбылыстарға зер салуға үйретеді. «Ойналық та күлелік, қос басына иінілік» деп өмір тіршілігіне өздерін де араласып кетуге шақырады. Осы ішінде өзі оларды елеулі, нақтылы, аумаған дәл фактінің өзінең танысуға үйретеді. Соған байланысты балаларда қорытындысы, жинақтау пікірі дәл, дұрыс болып қалыптасады. Мұндай нақтылы суреттер олардың өмір тіршілігіне өз бетімен араласып кетуіне жол ашады. Сонымен қатар жаратылыс құбылыстарына зер салуға дағдыланса, олар түрлі құбылыстарлы үйреніп, олардың арасындағы байланыстарды, әсіресе себепті байланыстарды таба білуге машықтана береді.

Жылдың төрт мезгілін өмір тіршілігімен, еңбекпен байланыстыра отырып, 1923 жылы жазған «Жазғы шілде» деген өлеңінде де балаларды әр алуан құбылыстармен, мезгіл заңдылықтарымен жан-жақты таныстырған. Ой, балалар, балалар шілдем, шілдем — шілде айым, Шырылдап торғай күн сайын,

Шұбар ала шешектер, Шудаланған көк шөптер, Жапырақтар жалпайды, Жас қозылар марқайды. Ұшты көкек сай құлай, сайда пісті такқурай. Құрт, ірімшік қайналды, Құлындар да байланды. Нәйім-нәлім бауырсақ. Ағын суға шомылсақ. Ой, балалар. балалар Ойналық та күлейік, Үйретіп тай иінілік балаларға өмір таныту жолдарын өздерінің күнделікті көз алдында өтіп жатқан жаратылыс құбылыстарымен байланыстыра суреттей отырып, сол арқылы шаруашылыққа араластырып, еңбек етуге бейімдейді.

Илиястың осы өлеңдеріне талдаулар бере келіп, филология ғылымының докторы Әбділдә Тәжібаев «Жаңағы аталған өлеңдер жеті буынды егіз ұйқаспен шапшақ да шымыр жазылған. Әрбір қос жолда тұжырымды ойлар ұғым айтылады да, сол қалпында суретке айналады»— дейді.

Илияс жаратылыстың бір ғана көрінісі — көктемдегі құбылыстармен ғана таныстырып қоймайды, жыл мезгілдерінің әр тоқсанында әр алуан жаңа құбылыстар болып отыруына байланысты соған орай жаңа тіршіліктер де өрбитінін танытып отырады. Бірақ олар біріне бірі ұқсамайтын құбылыстар екенін де айрықша суреттейді... Илияс «Күз деген өлеңінде: дейді.

Ой, балалар, балалар, Қоңыр қаз күз болыпты, Қурап жапырақ солыпты. Ел егінін алыпты, Ақ жәуіктер жауыпты...

Енді мая салыпты, Ел кузекке қоныпты... Ой, балалар, балалар, Ойналық та күлелік, Енді оқуға кірелік.—

Илияс жаратылыс суреттерін адам өмірінен, оның күнделікті тіршілігінен бөліп алмай, соған байланыстыра суреттейді. Айналадағы болып жатқан түрлі жақалықтарды байыпты түрде бақылап және өзі де соған араласа жүріп өскен баланың ой логикасы, эстетикалық идеалы бір қалыпта жүйелі түрде дамиды. Сонымен қатар баланың байқағыштық, ізденгіш қабілеті де өсе береді. «Менің ойымша табиғаттағы логика балалар үшін ең оңай және пайдалы логика болады» дейді К. Д. Ушинский. Жаратылыс құбылыстарына зер салу арқылы балалардың творчестволық қабілеттері де, әсемдік әлеміне құрылған эстетикалық идеалдары да ояна бастайды. Өйткені баланың қиялын байытатын эстетикалық білім қоры көбіне жаратылыс құбылыстарынан көбірек табылады. Илияс Жансүгіров балаларға өлке тану жұмысын да жаратылыстың осындай көркем суреттері мен байлықтарын зерттеу арқылы түсіндіруге тырысқан. «Сондықтан да ақын жыл мезгілін жазғанда оны құр қызықтамай, мезгіл тудырған жаңалықты жыл мезгіліне байланыстыра жырлайды. «Жазғы шілде», «Күзде» де, «Жазғытұрымда» да әр мезгілдің өзіне тән көрінісі, сол мезгілге орай шаруалардың еңбегі, тірлігі бейнеленеді—дейді филология ғылымының докторы Мырзабек Дүйсенов.

ЖЕТІСУ СУРТТЕРІ ӨЛЕҢІНДЕГІ СЫРЛЫ СУРЕТТЕР

Бұл өлеңінде ақын Жетісу өлкесіндегі барлық табиғат сұлулығын даралап сипаттайды.

Ыстық көл жер айнасы мөлдіреді, Балқашты камыс қамап желкілдейді. Аттанған алты өзені Жетісуда, Балқашқа бауырымдап еңкілдейді...

Ақын бұдан ары алты өзенің әрқайсысының өзіндік сипаты мен ерекшелігін оның халық шаруашылығына тигізетін пайдалы жақтарын көз алдына келтіреді: Шу йне, тауды тарпып, шыққан шулап, Ойнақтап, ырғи жосып таудан тулап, асқардан ақтарылған ақ емес пе, қарқ болған қырғыз-қазақ суын сулап...

Лекцияның тақырыбы: М.Әуезов және балалар әдебиеті.

Лекцияның жоспары:

1. М.Әуезовтің өмірі мен балалар әдебиеті.
2. “Жетім” әңгімесіндегі әлеуметтік өмірдің шындығы.
3. “Көксерек” повесінің танымдық тәрбиелік сипаты.
4. Повестің көркемдігі, тәрбиелік мәні.

МҰХТАР

ӘУЕЗОВ



- М.О.Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте Семей облысының қазіргі Абай ауданында көшпелі малшының жан ұясында дүниеге келген. Атасы Әуе, әкесі Омархан елге қадірлі, сауатты, әдебиет пен өнерге құмар жандар болған. Абай аулымен сыйлас, аралас-құралас, туыс болған жандар. Атасы Әуез кішкене кезінен немесересі Абай өлеңдерін жаттатып отырған. Жазушының балалық шағы Абай аулында өтті. Мұның өзі болашақ жазушыға көп әсер етті. Өйткені, Мұхтар өзінің аса зеректілігімен Абайдың көптеген өлеңдерін алдырған кезінде-ақ жатқа айтатын болған.

Лекция мәтіні:

М.О.Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте Семей облысының қазіргі Абай ауданында көшпелі малшының жан ұясында дүниеге келген. Атасы Әуе, әкесі Омархан елге қадірлі, сауатты, әдебиет пен өнерге құмар жандар болған. Абай аулымен сыйлас, аралас-құралас, туыс болған жандар. Атасы Әуез кішкене кезінен немесересі Абай өлеңдерін жаттатып отырған. Жазушының балалық шағы Абай аулында өтті. Мұның өзі болашақ жазушыға көп әсер етті. Өйткені, Мұхтар өзінің аса зеректілігімен Абайдың көптеген өлеңдерін алдырған кезінде-ақ жатқа айтатын болған.

Алғаш Абай аулындағы бастауыш мектепте оқып, оны 1908 жылы бітіреді. Бір жыл өткен соң, 1909 жылы Семейдегі бес класты училищеге келіп түседі. Оны 1914 жылы бітіріп, 1915 жылы Семейдегі мұғалімдер дайындайтын семинарда оқиды. Бұл семинарияны 1919 жылы бітірді. Әр түрлі қызметте бола жүріп, 1928 жылы Ленинград университетінің филология факультетін, одан соң Ташкенттегі Орта Азия университетінің аспирантурасын бітірген.

М. Әуезов балаларға арнап көптеген шығармалар жазды. Шығармашылық алғашқы қадамдарында , яғни 20-шы жылдары жазған әңгімелер мен повесттері « Қорғансыздың күні» , « Барымта» , « Жетім» , « Ескілік көлеңкесінде» , « Қаралы сұлу» , «Қараш- қараш оқиғасы» , « Қилы заман» повесттері.30-40 жылдары «Іздер», «Білекке білек», «Шатқалаң» т.б. сияқты бірнеше әңгімелер дүниеге келді.

М.Әуезовтің, қазақ әдебиетінің , ұлы шығармасы «Абай жолы» алғаш «Абай» деген атпен 1942 жылы бірінші, 1947 жылы екінші кітабы жарық көрген.

Жазушылық жолын драматургиядан бастаған және оны өнерінің өзге салаларымен қатар жарыстары өмірінің аяғына дейін дамыта жетілдіріп, құбылта құлпыртып әкелген Әуезов Мұқтар 1912 жылы «Қорғансыздың күні» деген әңгіме жазады. Бұл оның көркем прозасының басы еді. «Қорғансыздың күні» оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылдағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңімен қопарып әкеліп, бейшара, қорғансыз жандардың тұрмыс- тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі жаяды.Бұл ретте «Қорғансыздың күнінде» зор тәрбиелік мағына жатыр.

Абай жөніндегі роман-сол кезеңде кіллі дүние жүзіне көркем сөз құдіретімен, жазушы шеберлігімен қазақ Еліні әдебиетін, мәдениетін, әдет-ғұрпын танытқан шығарма. Халықты, халықтың әдебиетін мойындатқан туынды.

Еңбегі . Әңгімелері. Жазушының алғашқы прозалық шығармасы-1921 жылы жазылғанн “Қорғансыздың күні” әңгімесі. Асыраушысы, сақтаушысы, қорғаушысынан айырылған жас Ғазиза, оның кәрі әжесі мен соқыр шешесінің тағдырлары. Әңгіме Ақан болыстың жас бала Ғазизаға жасаған зорлығы, қиянат атаулының шегі жоқ дегенге сендіреді, Жан түршіктіреді. Жазушы табиғат суретін, Күшікбай жайындағы әңгімені тарта отырып, психологизм, символдық бей нені шебер жымдастырады. Кейіпкерлерді суреттеуінде де олардың ішкі Жан дүниесімен үйлесімділік табады.

Жазушының алғашқы шығармаларының бірі “Оқыған азамат”, “Кінәмшіл бойжеткен”, “Ескілік көлеңкесінде”, “Қаралы сұлу” әңгімелері әлеуметтік теңсіздік, қоғамдық әділетсіздік қана емес, адамдардың қым-қиғаш, қиын өмірі бір-біріне өздері жасайтын озбырлық пен қиянаттан легенді айтады.

М.Әуезов әңгімелері терең психологизмнің, нәзік лиризмнің. Сон дай-ақ қазақтың шешендік тілінің үлгісі десе де болады.

“Кім кінәлі?”, “Сөну-жану”, “Қыр суреттері”, “Жетім” әлеуметтік тақырыптарды қозғайды. Жазушының бірнеше әңгімелері бір-екі эпизодты, шағын оқиғаға құрылғанымен де табиғат суреттеуі, кейіпкер психологиясын беруі терең әрі нәзік.

Повестері. Жазушының табиғат, табиғаттағы тіршілік иелерінің өмір үшін күресі, айқасы “Көксерек” повесіндегі қасқыр бейнесімен берілген. Адам мен жыртқыш аң арасындағы айқас, суретіне басқа көзбен баға беруге мәжбүр етуді. Құрмаштың бөлтірік кезінде қолға түсен асыранды Көксерегінің әрекеттері айтылады. Қанша қолдан тамақ беріп, түнде қойнына алып жатқанымен де, тағының бәрібір жыртқыштығын қоймайтыны, оның әр қимылынан, әр айла, әрекетімен көрінетіні көркем жазылған. Жазушы жыртқыш аңның психологиясын әр әрекетімен, әр ісімен береді. Осыған дәл табиғат суретін қоса өзгерте отырып, идеяға апарады. Қолда өскен Көксеректің алғашқыда қойды үркітіп қорқыта бастауы, ұрлап тамақ жеуі т.б. әрекеттерінен жыртқыштығын байқата бастаған қасқырдың соңында өзі қолынан ас беріп , бауырына басқан Құрмашты өлтіріп кетуіне дейінгі аралықта жазушы осылай болуының себебін де оқырманның ашып тануына мүмкіндік береді. Шығарма жауыздықтың, зұлымдықтың шығуына адамдар өзі түрткі болады деген бір ойды берсе, екінші жағынан, жаратылыстағы әркімнің өз өмір сүру әдісі бар оған иелік етуге, билік етуге, күшпен көндіруге болмайды деген ойды айтады.

Жазушының «Жетім» әңгімесіндегі жетім балалар тағдыры қатты толғандырған . Мұхтар мұндай төзімсіз жағдайларға жайбарақат қарай алмады . Сондықтан да ол «жетім» атты әңгімесінде қаңғып қалған Қасымның тағдырына егіле отырып, оны дарынды шеберлігімен тебірене суреттеп берген . Әке – шешесінен жастайынан

айрылып , әжесінің тізесін құшақтап қалған Қасым жарты жылдан, соң онымен де қоштасады.

Қасымның тағдыры енді Иса мен оның ұрысқақ долы әйелі Хадишаға қарап қалды . Қасымның әке- шешесінен , әжесінен қалған отыз шақты қой , он шақты ірі қараға ие болған Иса мен Хадиша оларды талан – таражға түсіріп , көжеге ортақ қылғанша деп , ұрып – соғып , аштан- аш қаңғытып жіберді.

Әңгіме аса әсерлі табиғат суретінен басталады: С. Қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында созылып жатқан көлденеңі он шақырымдай, бірақ ұзыны тәуір болғанмен еенсіз кереге сықылды жалғыз жал. Не бауыр, не сыртында ықтасын жер жоқ. Арқалық жадағай жалғыз болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да панасы болмайды. Қыстың басынан екі жағын қар алып , жұмыртқадай қыылып тегістеп тастайды. Алыстан қарағанда да бұдыры жоқ жалаңаш, көруге аса көңілсіз. Арқалықтың осы түрі оқырманы бірден-ақ бір түрлі оқыс оқшау сезімге салып, сүреңсіз табиғаттың әлдеқандай бір беймәлім сырынан секем алғызады. Құлазыған құла тұз, жалаңаш жон, қахарлы қыс, бұрқаған боран... Бұл өңірдегі табиғаттың осы көрінісінің өзі-ақ әлдебір жұпыны, жоқ-жітік халдің хабаршысындай адамға ауыр ой салады. Сонда бұл сурет тек қана табиғат көрінісі емес, сол кездегі заман сипаты, адам тағдыр-тіршілігінің түрі тәрізденеді.

Осындай әсерлі суретке жалғаса келіп, Күшікбай батыр жайлы аңыз әңгімеленеді.

Лекцияның тақырыбы: С.Мұқанов өмірінен қысқаша мәлімет.

Лекцияның жоспары:

1. Жазушының балалар әдебиеті саласындағы зерттеулері мен әдеби шығармалары.
2. Жазушының “Батыр қыз” әңгімесіндегі Мәншүк образы.
3. “Көксерек” повесінің танымдық сипаты.

Лекция мәтіні:

Қазақ балалар әдебиетінің ірге тасын қалаған ардагер жазушыларымыздың бірі — Сәбит Мұқанов. Ол өзінің творчестволық өмірін әрқашан балалар өмірімен жалғастырып отырған жазушы еді.

Мұқанов балалар әдебиетіне зор баға бере келіп: «Өмірдің диалектикасы — өсу. Өсуде шек жоқ. Сондықтан өмірдің бүгін «өсіп жетті» деген бір шындығы ертеңге өлке болып қалады да, ескелең өмір ол шындықты ілгері қарай дамыта береді. Қазақ әдебиетіндегі «балалар әдебиеті аталатын жанрға да диалектикалық көзбен қарауға тиістіміз. Өткен жылдармен, әсіресе революциядан бұрынғы жылдармен салыстырғанда кеңестік дәуірде балалар әдебиеті қазақ тілінде де орасаң өсуі, жылдан-жыл биіктеп, салмақтанып, көркемденіп келе жатуы мәлім» деген болатын. Бұл қамқоршы ағанын кішкентайлар үшін үлкен әдебиет жасауға болатынын ескертуі еді. Осылай дей отырып ол өзі де қазақ кеңес балалар әдебиетіне мол үлес қосты. Сәбиттің жас өспірімдерге арнаған «Менің мектептерім» (1941), «Патшаны қуған батыр», «Бақташының баласы» (1953), «Батыр қыз» (1944), Индия жазушысы Навтежден аударған «Балалар» (1953) повестері мен әңгімелері қазақ, кеңес балалар әдебиетіне қосылған үлкен үлес, мол мұра болып қалды.

Сәбит Мұқанов 1900 жылы Қостанай облысы, Пресногорьков ауданындағы жазушының өз атымен аталатын колхозда, кедей семьясында туған. Жеті жасында әкесі- нең сегіз жасында шешесінен абырылып, жетім қалған Сәбит тұрмыстың ауыр да қасіретті күндерін басынан кешіре жүріп, он жасынан бастап, кісі есігінде жалшылық бейнетін көреді. Жетімдік қасіреті басына төнген Сәбит кісі есігінде жүріп, отыншы да, сушы да, бақыршы бала да атанып, есейе келе жылқышы да болады.

«Міне, мен — бақыршы баламын. Жасым он екіде. Қосымыз Дос пен Шошқалы аталатын екі көлдің арасындағы қалың бетегелі жазықта... Біздің баққанымыз — Тұртайдың жылқысы. Сан шамасы жеті-сегіз жүздей. Оған сол жылы біздің Жаман шұбардан үш-төрт жүздей жылқы қосылған»...,— дейді жазушы өзі туралы жазған «Өмір мектебі» деген кітабында.

Сәбит 17 жасқа дейін белгілі бір мектепте оқымаған. Тек өзінің алғыр да өжет талантының арқасында тиіп қашып жүріп, ауыл молдаларынан хаттанады. Қолжазба қиссаларды оқуға шамашарқы келіп, оны сияқты жазушылар арасында жаттап айтатын болады. Қазақ халқының ауыз-әдебиеті мұраларымен көп танысқан. Сәбиттің өз тұсынан да өлең қабілеті көрініп, ол 15 жасынан бастап өлеңді өзі шығара бастайды. Ауыл ішінде өлеңші бала атанады.

1922—1924 жылдары Сәбит Орынбордағы рабфакта оқи жүріп, орыс әдебиеті классиктерін, шығармалары мен де танысады. Осы тұста Сәбиттің өлең-мақалалары «Еңбекші қазақ», «Жас қайрат», «Лениншіл жас» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдарында жиі басылған. 1926—28 жылдары Қазақтың Мемлекеттік баспасы мен жазушылар ұйымында қызмет істейді. 1931—1935 жылдары Москвадағы қызыл профессорлар институтында оқиды. 1936—1937 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының председателі қызметін атқарды. Міне, осы жылдар арасында «Теміртас» романы мен «Ақ аю» поэмасы және бірнеше өлең, әңгімелері басылды. 1938 жылдан 1941 жылға дейін Сәбиттік «Жұмбақ жалау», «Менің мектептерім», «Балуан шалақ» атты романдары шықты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында (1943—1951) Сәбит Мұқанов Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының председателі қызметін атқарды. Бұл жылдары оның «Сырдария», «Тында туған байлық», «Мөлдір махаббат», «Есею жылдары» атты романдары мен «Саяхаттар», «Туған жердік тыңында», «Алыптық адымдары» атты очерктері оқырмандар қолына тиеді.

С. Мұқанов 1947 жылдан 1973 жылға дейін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Бүкіл Одақтық бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі болды. Кеңес әдебиетін дамытудағы қажырлы еңбектері үшін Сәбит Мұқанов екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі рет Ленин ордені мен наградталды. С. Мұқанов 1973 жылы қайтыс болды.

Ниет — өзінің осындай шығармаларымен жас өспірімдерді ұстамдылыққа, батылдыққа, тәртіптілікке, еңбек сүйіспеншілікке және күнделікті өмірде кездесетін ерлік дәстүрлерге баулып отыруды көздеген. Егер сен күнделікті өмірде төзімділікке, ұстамдылыққа дағдыланбасаң, сенен нағыз еңбекқор, батыр адам шықпайды деген ұғымды білдіреді. Осындай заңдылыққа сүйенген жазушы дәуіріміздің ең жақсы, ең өнегелі, ең үлгілі жақтарын суреттеп беруді көздеген, өйткені кеңес балалар әдебиетінің ең басты қасиеті — жас өспірімдерді тәрбиелеу мәселесінде өзіне ең үлкен, ең озық, міндеттерді жүктейді. Себебі ондағы тәрбие мәселесі кеңестік педагогиканың нағыз ғылымдың заңдарына негізделген.

Сәбит «Бақташының баласы» атты бұл шығармасында өмір жолын көрсететін колхоз аулының нағыз өз тұрмысын суреттеп берген. Колхоз шаруашылығна жаны ашып, өз өмірін сол жолға сарп еткен Бектас қария мен Жандостың колхоз малын ит-құстан қорап, сақтауды ғана алдарына зор мақсат етіп қойған патриот адамдар екенін көрсетеді. Жазушы барлық жағдайда да келешек коммунизм ісі үшін саналы күрескерлердің, еңбекті сүйетін еркі күшті Жандос сияқты адамдарды, қоғамшыл және қандай қиындықты болса да жеңе алатын төзімді, еңбек үстінде шыныққан патриоттарды, Іскер адамдарды үлгі етіп көрсетуді алға қойғаны шығармадан бірден-ақ көрінеді. Мұндай шығармалар балаларды өмірге жанасымды етіп тәрбиелеуде үлкен роль атқарады. Жастайынан еңбек үстінде шыныққан, колхоз шаруашылығын бес саусағындай білетін Жандос өсе келе Ленин атындағы колхоздың мақтаулы председателі болуы да еңбек үстінде тәрбиеленіп жетілгендіктің дәлелі. Мектепте жалаң теориялық материалдарды ғана жаттаумен өмір тану өте қиын екені қазірде айқын танылды. Біз қазіргі жағдайда мектептен оқыған теориялық білімдерді өмірмен, өндірістік іспен тығыз байланыста жүргізіп, іске араласа, көре жүріп үйренуден

ғана үлкен іскерліктің туатынын көріп отырмыз. Сәбит Мұқанов «Бақташының баласы» деген повесінде Жандос образы арқылы теориялық білім мен практикалық істің байланысынан шыққан жемісті жас өспірімдерге үлгі етіп көрсетіп отыр. Бұл повестің оқиғасы да, тақырыбы да балалардың өздеріне таныс құбылыс арқылы суреттеледі. Композициялық құрылымы да қызық. Балалардың қиялын қызықтырып, оларды үлкен арманға, эстетикалық идеалға, әрекетке, өздері қызығатын іске қарай баулиды. Соған орай Сәбиттің тілі де өте қарапайым, жатық, тіл. Сөйлемдері ықшамды, шағын болғандықтан, айтайын деген ойлары да айқын суреттеледі.

"Балаларға жақсы тәрбие берумен қатар, Сәбиттің бұл повесінің басты ерекшеліктерінің тағы бір жақсы көрінісі — тілінің көркемдігі мен айқындығында.

«БАТЫР ҚЫЗ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ МӘНШҮК ОБРАЗЫ

Қазақ кеңес балалар әдебиетінен елеулі орын алатын Сәбит Мұқановтың тағы бір шығармасы ол—Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Маметованың өзіне арнайы жазған «Батыр қыз» атты әңгімесі. Бұл әңгіме балаларды кеңестік патриотизм рухында және отаншыл етіп тәрбиелеуде ең басты елеулі роль атқарады. «Батыр қыз» әңгімесінде коммунизм идеясымен қаруланған жас өспірімнің үздік сипатта қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері мен оның сондайлық қайсарлығы, тапжылмас өжеттігі көрінеді. Әңгіменің композициясы да басты кейіпкердің өз халқы мен Отаны алдында саналы түрде аянбай қызмет етуге кіріскенін көрсетуге құрылған. Әңгіме құрылысының қызықтығы, тартымдылығы сондай, оның әрбір елеулі кезеңдерінде майданға араласқан Мәншүктің рухани өскені, қажырлы қайратына мініп, жауға деген қаталдығының арта түскені айқын көрініп отырады.

Әңгіменің алғашқы бет алысында Мәншүкке әлі де таныс емес майдан оқиғасы сөз болады. Таудай талабы еш нәрседен қайтпаған жауынгер Мәншүк майданның алдыңғы шебіне амалсыздан сумен жүзіп өтпек болған отрядқа: «Менің де қосылғым келеді, жолдас капитан» деген өтінішін орындамаған Ушаковқа қатты ренжігенде Ушаков оған: «Сен бекінісін бермегенді батыр деп ойла»¹—деп, оған ақыл айтады. Осының өзі Мәншүкке үлкен сабақ болады да, бұл қағида оның жүрегінен берік орын алады. Мәншүк үшін ендігі мақсат бір қадам да шегінбеу, жаудың шабуылын тойтарып тастап, оларды артына қарайлатпай, батысқа үздіксіз жөңкілте қуып отыру болады. Міне осы сертінде тұрған Мәншүк кескілескен шайқас, оқты сұрапыл үстілде жалғыз өзі фашистердің шабуылына қарсы тұрып, оларды шетінен жусатып салады. Жазушы өзінің кейіпкерін осындай қатал сыннан өткізе отырып, қиын-қыстау кезеңдерде одан оның өз шешімін, өзінің тапқырлығы мен сұрапыл шайқас үстінде көрсететін қайсарлығын, табандылығын талап етіп отырады.

Әңгіменің орта шені сұрапыл соғыстың қиян-кескі шабуылын суреттеуге арналған. Сәбит Мәншүктің қатал сыннан өткен әлденеше ерлік істерін көтеріңкі серпінмен мақтаныш ете, оны үлгі ете суреттейді.

«Бурқыраған шаңның арасында ұйпа-тұйпа бола қалған Мәншүк мина денесінің қай жерін жараласа да ауыр жараланғанын сезді, өйткені, қай тамыры қырқылса да, жүрегін тартып әкетіп барады... Сонда да есінен танбаған Мәншүк жалма-жан тұра берді де, қиран ете қалды. Тағы ұмтылып еді, тағы құлады. «Апырау, не болған маған» деген оймен ауырған аяғын ашып көрсе, тізеден төменгі жағы былқылдап бос жатыр... Жирылған еттен қан сорғалап ағып тұр жүрегі дір ете қалған ол, жау жаққа қараса, жапырлай ұмтылған жау жақындап қапты. Сасқан Мәншүк жарасын байларлықтай еш нәрсе табылмаған соға, белдемшесінің оң жақ етегін дыр еткізіп қақ айырды да, жаралы аяғын шымқай орап, ағытқан қайыс белбеумен тас қып байлады. Содан кейін бір тізе, екі шынтағымен жылжып пулеметке жетсе, айналасында сөреге жайған құрттай қаз қатар тізбектеле жатқан оқтаулы ленталар. Мәншүк есінен жаралануы шығып кетіп, жап-тармағай жақындап қалған жауға пулеметтен оқ шашып қоя берді. Жау шапқан шөптей оталып кеп түсті.» Жау еселенген армиясын канша төксе де өз сертінде берік тұрған Мәншүк өз бекінісінен бір адым да кейін шегінбейді. Бұл коллектив ортасында, совет мектебінде тәрбиеленген өнегелі жастың өз намысын, арын қорғай біліп, Бүкіл әлемге өзінің патриоттық күшің танытқан Сәбит әңгімесінде жасалған ең бірінші типтік образ.

Мәншүк те Зоя Космодемьянская, Олег Кошевой, Уля Громова, Лиза Чайкина, Әлия Молдағұлова сияқты өз Отанын фашист басқыншыларынан азат етуде үздік көрінген жас өспірімдер арасынан шыққан батыр азаматтардың бірі. Сонымен қатар, Сәбит бұл әңгімесінде кеңес армиясының солдаттарын фашистермен шайқаста ұлы жеңістерге қарай бастаған.

Әбілқайыр Байдылдин, генерал Галицкийдің басшылық рольдерін көрсетуге де көп көңіл бөлген. Мәншүк пен , Ибраһым сияқты жас өспірімдерді батырлыққа баулыған, олардың қолын ұлы жеңістерге жеткізіп, атағын, даңқын Бүкіл әлемге таратқан алдарындағы аға басшыларының көрсеткен ерлік істерін де әсерлі суреттеген. Өйткені автор бұл әңгімеде кеңес офицерлері мен солдаттарының арасындағы қарым-қатынастың ең бағалы жері — олардың Интернационалдық бірлік пен бірін-бірі қолдау сезімінің күшті екенін де және олардың жалпы мақсаттары жексұрын жауды талқандау үшін, Отанын жаудан босату үшін бар күш-қуаттарымен ынтымақтаса кіріскендерің өзі ең басты роль атқарғаны деп түсіндіреді.

Социалистік реализм әдісімен жазылған әңгіменің осындай терең идеясы жас өспірімдерге Отан соғысы тұсындағы коммунистік моральдың ең жоғарғы түрде насихатталғанның жемісі еді деп ұқтырады. Жас өспірімдерді отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуде мұндай әңгімелер балалар әдебиетінде үлкен роль атқарады.

Жазушы балаларға өзінің озат тәжірибесін, халық өмірін және еңбек адамдарының үздік табыстарын үлгі етіп ұсынады. Жас өспірімдерге әр алуан мамандықта істейтін адамдардың еңбегін, ісін бағалауды, оларды сыйлай білуді үйретеді. Өздерін де еңбекті сүйе білуге, еңбек етуге құмартып отыруға баулиды. Отан алдында адал қызмет ету— әрбір жас азаматтың рухани азығына айналған, қанына сіңген патриоттық рух болуы керектігін естеріне салады. Сәбит Мұқановтың балалар әдебиетіндегі биік нысанасы жас өспірімдерді өз Отанына берілген патриот етіп тәрбиелеу идеясын іске асыру міндеті болып табылады.

«КӨКСЕРЕК»

Мұхтар өзінің атақты «Көксерек» повесінде, алдымен әр алуан жабайы жыртқыш азулы аңдардың мекен ететін жерлерін суреттеуден бастайды.

Олар адырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласу боз қарағай, тобылғы басқан. Сыр бойында май айының салқын лебьеседі. Бастары кегеріп, бүрленіп қалған қалың қарағай жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып текселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді. Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды халық арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазғы салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті?».

Әңгіменің композициясы мен сюжеті оқиғадан оқиға тудырып, тез өзгереді. Мұның өзі оқиғаның шапшаң дамуына себепкер болатыны байқалады. Оқиғаның шапшаң дамуы итың даушысын дегбірсіздендіріп, енді не болар екен дегендей ойға қалдырады. Жаңа ғана екі енді мекен еткен екі қасқырдың енді бір сәтте балаларын қоректендіру үшін қозы әкеліп жеп жатқаны суреттелген: «...Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш, қорқ-қорқ етіп, қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қыпқызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады».

Мұның өзі жоғарыда айтқанымыздай оқиғадан оқиғаның тууын байқатады. Сөз зергері жыртқыш аңдар мекенін қалай әсерлі суреттесе, олардың ашқарақ қомағайлығын одан да гөрі әсерлендіре түскен. Жан түршігерлік осындай көріністер жас оқушыларының еркін билеп, олардың төбе шаштарын тік тұрғызады. Жыртқыш аңдар мекені мен олардың күн көрісі бірден-ақ айқындалып, осы бір жанды көрініс жас өспірімдердің көз алдында тұрғандай, жас қозыға жаны ашып, оқиғаға өздері де араласып кеткендей болады. Өйткені мұны да азсынғандай, соңынан бөлтірігінен айрылған екі қасқыр ашулы ызамен манадағы елдерді күндіз-түні у-шу қылып, азан-қазан етеді, ойларын жаралап, қозыларын алып қашады. Өрістегі бұзауларды жарып, далада құлындаған биелердің бірнеше құлындарын жеп кетеді. Мұнда күрделі екі мәселенің қатар тұрғаны балаларға ерекше әсер етеді. Оның

бірі жыртқыш андар озбырлығы болса, екіншісі қазақ жерінің сұлу табиғаты мен қайматы бұзылмаған ең байлығының сөз болуы. Жаратылыстың көркем көріністерін сондайлық әсерлі суреттеудегі көрініс.

Асқар Тоқмағамбетов
(1905 - 1995)

Қазақ балалар Әдебиетінің көрнекті Өкілдерінің бірі – Асқар Тоқмағамбетов. Оның Үгіттік мәні зор, Өзіне тән көркемдік, идеялық Өткірлігі, Әр алуан шеберлігі, жанрлық ерекшелігі бар туындыларының қазақ Әдебиеті поэзиясы тарихында алатын орны ерекше.

Асқар Тоқмағамбетов 1905 жылы қазіргі Өзілорда облысы Тереңөзек ауданында дүниеге келген. Молданың алдын көріп, хат танығаны болмаса, тәңкеріске дейін жөнді білім ала алмайды. Кейіннен ол Ташкент, Мәскеу қалаларында білім алады. Өлең-жырға поэзиялық өнерге жастайынан қызыға беріліп, ауыл салтымен ақындар айтысына түседі, ойын-сауықтарда өн салып, жыр, тапқак айтады, Әзіл, қалжың Өлеңдер шығара бастайды. Асқардың жастайынан Өлең-жырға Үйір болуына Өзі Өскен Сыр бойының ақындық ортасы мен дәстүрі игі Әсер етті.

Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығында жастық дәуреннің дарқан қызығын, оқушы шәкірттерімен мектеп балаларының ой-сезімдерін әдемі ететін Өлең, жыр, тапқактары да бар.

Талантының алғашқы көрінуінен бастап-ақ жастар жазушысы атанған Асқар балалар Әдебиетінің мұрасына да мол Үлес қосты. Оның «Оқушы», «Шылымшы», «Тапқакны ғылым емес пе?», «жаңа жылда», «Батиманың хаты», «Ағасының жауабы», «Еңбек жыры», «Шойын қараның ойын қара», «Алыптар туралы ертегі», «Балалар», «өарындаш», «Балаларға базарлық» тағы басқа көптеген шығармалары тек қана балалар мен жас Өспірімдерге арналған.

Балаларға арналған Асқар поэзиясының көркемдік негізі көбіне орыс Өндеріне мәтін сияқты Үлгісінде жазылады, Өйткені өнмен қосып айтуға арнала жазылған Өлең көбіне жас Өспірімдердің санасына тезірек Әсер етіп, олардың айтып жүруіне қолайлы жағдай тудырады. өнмен қосып айтуға арнала жазылған Өлеңдерімен-ақ Асқар жас Өспірімдерге өмірде бастан кешірген көптеген тарихи оқиғаларды түсіндіреді. Сонымен қатар ойының жинақтығы мен айқындығы да, оның идеялық мазмұндылығы да, сезім дүниесінің жарқындығы мен мейірбандылығы да – бәрі де өнге қосып айтылатын Өлеңдерінен айқын көрініп отырады.

Асқар жастарды өнер-білімге шақырып, мәдениеттіліктің тетігі білімділікте екенін түсіндіреді. Ол Өзінің «Тапқакны ғылым емес пе?», «Шойын қараның ойын қара» тағы басқа Өлеңдерінде өнер білімнің жетістік жақтарын айта келіп, енді соны тез игеруді жас Өспірімдерге Үлгі етіп көрсетеді. «Білім» деген Өлеңінде Асқар:

*Білген сайын келеді біле бергім,
Біле беру емес не тілегі елдің.
Белден ассаң, алдыңда бел көрінсе,
өзыққаннан келмей ме жүре бергің?
Сондықтан да келеді біле бергім,
Білімдіні сүйерін білем елдің,*

- дейді. Бұл өрине зор талап, «Талапты ерге нұр жауар» деген сияқты мұндай талап адамды Өзінің алдағы ойлаған мақсатына жеткізеді. Мұның Өзі бұрын қанауда болып, еңсесі төмен түскен Әрбір жас азаматтың өнер-білімге деген деген ынта-жігерін, ықыласын, талабын жандандыра түсуге зор ықпал етеді.

Асқардың балаларға ұсынған Өлеңдерінің тағы бір қызықты Үлкен саласы халық ертегілерінің желісіне сүйене жазған шығармалары деуімізге болады. Асқар толық ертегілерін Өлеңмен жазып, оны жас Өспірімдерге өңдеп ұсынғанда, тек оның қызықты оқиғасына, не асыра суреттелетін ғажайып кейіпкерлеріне сүйеніп қана қоймайды, ол сонымен қатар ертегілердің халық мүддесінен туған шындық ақиқатты негізге алатынына көбірек көңіл бөлетінін байқаймыз.

Асқардың «Алыптар туралы ертегі» деген поэмасы керемет Үлкен алыптарды суреттей келіп, жас Өспірімдерге, алыптардың алыбы қайсысы деп сұрақ қояды. Бұл сұрақ жас Өспірімдердің ойлануына, ойлану арқылы ертегідегі мазмұнға терең түсінуге, алыптардың Әрқайсысына саралап байқауға жол ашады. Сонымен қатар саналы түрде түсініп оқуға ынталандырады.

өорыта айтқанда, Асқардың жас Өспірімдерге арнап жазған шығармаларының тілі жатық, ойы анық болып келеді. Оның тәрбиелік те, эстетикалық та күш-қуаты мол. Өлеңдерінде соңғы кезде дидактикалық сарынға ден қойып келе жатқан шындық. Сонымен бірге Асқар оқушының көкейіне қонатын, сана-сезіміне ұялайтын жыр шумақтарын өрнектей білген, Әрі шығармаларының көркемдік сипаты, тәрбиелік мәні, жас Өспірімдерді Әрқашан қанағаттандырып, серпілтіп отыратын айқын идеясы осындай дәрежеде болғандықтан, оқушылар ақынның шығармаларына зор құрметпен қарайды.

Алыптар туралы ертегі

өай ғасыр. қай мезгілде, қай заманда
Болғаны анық емес, ол маған да.
Ертеден Әңгіме боп келе жатқан,
Бұл Өзі ертегі екен ел аузында.
Ертегі шыққан емес еріккеннен,
Ертек бар сөз асылын теріп берген.
Ажарлап, Әсірелеп, Әдемілеп,
өазнасын ел ертекпен беріп келген.
Бұл-дағы сол сықылды бір қазына,
өазынаның қарамаңдар көп, азына.
Дегендей «аздан алтын, көптен күміс»,
Тыңдарлық болса – қымбат, бой жазыла.
... Біреудің болмаса да ұл мен қызы,
Болыпты жұрт таң қалар бір өгізі,
Өгіздің өңін, сиқын суреттеуге,
Тоқталдым болмаса да сөз негізі.
Түксиген түгі таудың түнегіндей,
Адамның, жүні жұмыр білегіндей.

Көлшіктей дөңгеленген көз жанары,
өойнауың қос желбезек түбегіндей.
Арқаның жотасындай жоны жалпақ,
Кең кеуде, кемдігі жоқ, жатыр шалқақ.
өос мүйіз, жота жарған шың сықылды,
Арасы ат шаптырым біткен алшақ.
- Етжеңді ерні таудың етегіндей,
өойнау бар, қоян жортса неше күндей...
Бұғағы бұйрат құмның кыртысындай,
Айтқанда дәл анығын жете білмей.
өұлағы құлама жар құзға төнген,
Демі ыстық жанар таудай жаңа сөнген.
Келместей сырдың суы сирағынан,
Бар екен, сірә, мұндай өгіз көрген?!
өыруар қырыс мойын, жойқын желке,
Алпыс қой жайылғандай, жетпіс серке.
Жайлаудай жазық жатыр жауырыны,
Сүбелек сүрлеу тартқан бір кең өлке.
Сыйымсыз сыртқы сымбат, сияқтары,
Сом біткен үй орнындай тұяқтары.
Ат сыйып, ашасынан адам өтер,
Асырып айтқаным жоқ, бұяқты Әлі.
Шөміп, шөмелелер жесе жылжып,

КӨл суын шӨлдегенде бір-ақ қылғып.
Тұрыпты кҮтуінде алпыс адам,
Айтқанда Әсерлемей анық сыр ғып...
ДҮниеге сирек келер мұндай Өгіз,
Өзі алып, Өзі сұлу, Өзі семіз.
Мен емес, осылай деп ел айтады,
Демеңдер: «Өтірікші, айтушы сіз?»
...Жегіліп жетпіс жігіт жетегіне,
Бір кӨлдің кепті бір кҮн етегіне.
КӨл суын азсынғандай Өгіз тұрды,
Дегендей: «бір ішуге жетеді ме?»
Сіміріп озбыр Өңеш тартты суды ,
өаз, Үйрек, қу қиқулап ысырылды.
КӨз тартып, кӨлемі зор жатқан бір кӨл,
Екі ұрттап, кӨтермеді бір жұтуды.

КӨл суын Өгіз тұрды ішіп алып,
Топырлап табанында қалды балық.
НӘн жайын жел аударған дӨңбектей боп
Абыржып, аласұрды, сусыз қалып.
Жер сабап, желбезегі желпең қағып:
«Айрылдым қапелімде кӨлден неғып?»
Дегендей, құйрығымен қуа серпіп,
КӨл орнын осып жатыр ойран салып.
Жарланып жаңса-жая, тҮкті жалы,
Жебесі тҮксиді ашу шақырғалы.
Жанданып таудың тарғыл тӨбесіндей,
КӨз тартып жатты тҮгі құбылмалы.
өайырып құрығымен соқты Өгізді,
Өкіріп Өгіз жарды құлай сҮзді,
Лебімен жайын тартып, бір-ақ қылғып,
Тамаша таң қалдырып тұрған бізді.
КӨл, Өгіз екі алыпты жұтты қоса,
өысылып, қиналған жоқ жұтуға онша,
ДӨңбекшіп, тӨңкеріліп, тояттанып,
Жарқырап, алып жайын жатты оңаша.
...Кенеттен дҮлейленіп, дауылдатып,
Селдетіп, нӨсерленіп, жауындатып.
Екпіні Эльбрусты екілентіп,
БҮріккендей бұршақтата тауды да атып...
Канаты кҮннің кӨзін қармағандай,
Мұзбалақ, қанды қабақ, батыр маңдай.
Тянь-Шань тырнағына бір ілінсе
Аспанға Өз-Өзінен атылғандай.
Алып құс жайынды ілді қиындыдай,
ЖҮн-жұрқа, ұшты жұрқа жиындыдай...
Шалаға, шабақты ілген қандай болса,
Алды да кете берді бұ да сондай!
Алып құс демде кӨзден болды ғайып,
КӨкке Өрлеп, кӨтеріліп, таңғажайып.
КӨл де жоқ □ Ө □ із де жоқ, жайы □ □ да жоқ.
Барлығы қалды кӨкке қолын жайып.
Жер соғып, жерде жетпіс жігіт қалды,
өас қақпай кӨзін тігіп қалды.

Айрылып кӨл де судан шалқып жатқан,
Тобарсып топырағы шығып қалды.
өиқулап қыран- топан қызғыш қалды,
Ақмойын, кӨкала Үйрек кӨлді оралды.
Жарқылдап алтын кҮрек, ақ қауырсын,
өу мен қаз қоштасудың Әнін салды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Асқар Тоқмағамбетовтың балаларға арнап қандай Өлеңдер жазған?
2. өазақ балалар Әдебиетінде Ән мӘтінін енгізуде жазушының қандай еңбектерін білесіндер?
3. Асқардың «Алыптар туралы ертегі» атты поэмасын оқып, мазмұнын айтып беріндер.

Лекцияның тақырыбы: Екінші дүниежүзілік соғысы жылдардағы балалар әдебиеті.

Лекцияның жоспары:

Екінші дүниежүзілік соғысы жылдардағы балалар әдебиеті.

(1941-1945)

1. Балаларға арналған Жамбыл поэзиясының тәрбиелік мәні.
2. Балалар әдебиетінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері.
3. Балаларды Отан қорғауға , ерлікке шақыруы.

Лекция мәтіні:

1941 жылы 22 маусымда Екінші дүниежүзілік соғысы басталды. Ер жүрек кеңес халқы өзінің барлық күштерін Отан қорғау жұмысына бағыттау ісіне кірісті. Кеңес Одағындағы істеліп жатқан барлық жұмыстар соғыс мүддесіне сәйкес қайта құрылды. Кеңес азаматтары майданға, кеңестік Отанымызды қорғауға аттанды. Барлық кеңес азаматтарымен бірге жазушыларымыз, Қалмақан Әбдіқадыров, Тайыр Жароков, Баубек Бұлқышев, Әбу Сәрсенбаев, Жұмағали Саин тағы басқа жолдастар майданға аттанды. Тіпті сол кезде тоқсаннан асқан қарт ақын Жамбылдың өзі де майданның алдыңғы қатарындамын деп есептеді. Оның «Ленинградтық өрендерім» өлеңі барлық Кеңес Армиясына үлкен рух беріп, неміс басқыншыларына қатты соққы болып тигені әлемге аян. Мұндағы «Интернационалдық негіздің мықтылығы, халықтар достығының мызғымас беріктігі, тұтастығы зор роль атқарды. Коммунистік партия тәрбиелеген бұл қасиеттер әдебиетте көркем суреттік болуын тауып көрінді.


Отан соғысы жылдарындағы балалар әдебиетінің негізгі тақырыптары майдандағы ерлік күрестер мен тылдағы азаматтардың өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы қаһармандық еңбектері жайында болды.

Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарында жазушылар барлық халыққа, сонымен қатар жас өспірімдерге де рухани азық боларлық, олардың жігер-қайратын шындай түсетін жақсы шығармалар берді. Бұл жөнінде жас жауынгер Баубек Бұлқышевтің «Өмір мен өлім туралы» «Шығыс ұлына хат» (1943) әңгімелерін ерекше атаймыз. Баубектің осы әңгімелерінің бәрінен де тауы қайтпаған жалынды жастық шақтың Отанына беріле қызмет ету жайындағы патриоттық сезімдері, ерлік істері көрінеді. «Өмір мен өлім туралы» әңгімесінде олардың Отан қорғау күресіндегі көздеген негізгі нысаналы мақсаттары да осы еді.

Баубек Бұлқышев жастар алдында осындай патриоттық сөздерімен нысаналы мақсаттар қоя отырып, Отан үшін, өмір үшін күресуге шақырады. «Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ, ол босқа кетпейді, менің кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсындар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласындар. Біз-

жастығымызды сендердің бақыттарының жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласындар!»—деп, Баубек Отан соғысының жеңіспен аяқталатынына көзі жетіп, зор сеніммен сөйледі. Ол өз Отанының сондайлық қадірлі екенін, оның әрбір тау-тасына дейін, тіпті кара құйын топырағына дейін қадірлі екенін патриоттық жыл сезіммен баяндап берді.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



«Шу өзенінің бойымен жүре берсеңз Хан және Жамбыл деген екі тауға кез боласыз. Менің әкем Жабай бір кезде осы тауларда көшіп-қонып жүрген. Жамбыл тауының етегінде, қақаған қатты боранды күні мен туыппын! Маған сол көне Жамбыл тауының есімі ат болып тағылыпты. Бұл 1846 жылы февраль айы екен. Менің әкем Жабай шоқпыт шапанды көшпелі кедей болған.

Тұрған жеріміз құлазыған кең, жазық дала еді. Сондықтан да мен балалық шағымда егісті де, бақты да, арықты да көрмедім. Жазық кең дала менің Отаным болды. Мен киіз үйде өстім. Сол кездені барлық қазақ балаларындай мені де көшкенде бесігіммен алып жүрді. Бала кезімде мен тентектеу болдым. Қарттарды да, әкемді де тыңдағым келмеді. Мені қозы бағуға жіберетін, мен бармай қоятынмын. Маған отын тер дейтін, мен тіл алмай қасаратынмын.

Менің ағам — әкемнің інісі белгілі домбырашы еді. Мен домбыра тыңдауға әуес едім. Он екі жасымда одан домбыраны үйрендім. Домбыра қолыма түнгенде, барлық тентектікті ұмытып, Бүкіл жан жүйем елжірегендей болатын еді. Менің қой баққым келмеді. Домбыра тартып, ән салу мені қатты қызықтырды. Табиғат маған күшті де жуан дауыс берді. Мен далада ән шырқағанда даусым Бүкіл даланы күңіrentкендей сезінетін едім. 14 жасымда әкемнен қол үзіп, өзімше күн көруге мықтап бел байлады. Ораза кезінде үй-үйді аралап, жарапазан айтатын болдым. Менің өлеңім жұртқа ұнап, маған сый-сияпат көрсете бастады. 15-ке толған мен атақты ақын Сүйінбай туратын ауылға келдім. Домбырамды ұстап, оның үйіне танып келдім де, мен әндете бастадым.

Жүрегім менін елжіреп, Көзімнің жасы мөлдіреп, Өткізіп ем ертерек, Өксумен бала шағымды. Көксеген бірақ көбірек, Бақытты болашағымды.

Алба-жұлба киініп, Кедейлікке күйініп, Жаяулап жерді жағалап, Домбыраны сабалап, Безегем тіл мен жағымды.

Өлеңіме риза болған Сүйінбай мені үйіне шақырып алып:

— Сенің ақындық дарының бар екен, даусың да жақсы, ұнайсың, жігітім,— деді Сүйінбай.

Қарт ақынның тілеуі бойынша мен көптеген әндерді құйқылжыта айтып бердім. Онын біреуін сол үйде отырып шығардым. Сүйінбайдың ақындық шеберлігіне бас иіп, қошеметімді, өзімнің жастығым мен тәжірибесіздігімді өлеңге қосып, Сүйінбайды аспан

әлемін нұрға бөлеген таң шапағына, жарық жұлдызға теңеп, өзімді ақынның інісімін деп атап, көмегін, колдауын сұрадым. Ол уәде берді.

Бұл менің өмірімдегі ең бақытты минуттардың бірі еді. Сүйінбай түні бойы ақындық, шеберлік жайында әңгімеледі. Сөйтіп мен оның шәкірті болдым, оның өлекдерін жұртқа тараттым. Тек 16 жасымнан бастап қана мен өз бетіммен жырлауға бел байладым, бірақ көрнекті, тәжірибелі ақындармен айтысқа түспедім. Қазақ даласында айтыста жеңілу — ақынның өлгенімен тен саналатын. Сондықтан да мен алғашқы кезде тек жас, онша әйгілі емес ақындармен сөз таластырып жүрдім.

Мен Шу өзенін бойлап көшіп-қонып жүрген ауылдарды аралап, оларға халық өлендерін, ертегілерін, қиссаларын, атақты ақындардың өлендерін, өз өлендерімді айтып беріп жүрдім. Ғасырлар бойы қалыптасқан жәйт суырып салма ақын — рулар мен тайпаларды, ру ақсақалдарын, атақты адамдарды, оқиғалардың бәрін білуге тиіс еді. Ол барлық жаңалықтарға үн қосып, жағдайды ескере білуге тиіс еді. Ақын тілінің өткірлігі, қысылтаянда тапқырлығы, тез де ұтқыр жауап беруі арқылы бағаланады. Ол әріптесін күлкі, сықақ уытына бөлеп, өзі байсалды, ұстамды болуға тиіс еді. Мен осының барлығын үйрендім.

1941 жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді. Ұлы Отан соғысы күндерінің Жамбыл өзінің өлендерінде совет халқын Отанды қорғауға, еңбектегі ерлікке шақырды.

Кеңес адамдарының батырлығын, СССР халықтарының, мызғымас достығын жыр етті. 1943 жылы майданда Жамбылдың ұлы Алғадай қаза тапты. Бұл жөнінде ақынға хабар жеткенде, ол біраз отырып барып, кайғылы хабарға өлеңмен жауап берді.

Жамбылдың ақырғы жыры 1945 жылы 9 майда айтылды. Бұл неміс фашистерін біздің халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігіне арналған еді. Жамбыл Жабаев Ленин орденімен, Еңбек Кызыл Ту және Құрмет Белгісі ордендерімен наградталды. Жүз жасқа небары бірнеше ай қалғанда, 1945 жылы 22июньде Жамбыл дүние салды.

ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛШІ РОЛІ

Жамбылдың «Шәкірт балаларға», «Атаның әлді», «Сәлем саған, комсомол», «Ленинградтық өрендерім», «Балама хат», «Жеңіс жырын жырландар», «Жаңа жыл сәлемі», «Жүз жасаған жүректен», «Өнердің өсуі», «Балаларға», «Жастық жыры», «Бесік жыры» тағы басқа да көптеген өлендері балалар әдебиетінен өшпес орын алды.

«Шәкірт балаларға» деген өленінде:

Сендерді қоссам жырыма, Саңқылдап үнім сайраған. Қаздаңдап кәрі саусағым, Шекте бойлал ойнаған.

Мектептен сендер келгенше, тағы да бір жыр ойланам. Келгенсоң айтып бермесем, Балалар, кінә қой соған! —деп, ақын ата балалар алдында өзіне үлкен міндеттер жүктейді. Ақын ата өзінің әсерлі өлендерімен балалар тәрбиесіне айрықша мән беріп, бейнелі сөздері жыр етіп төгеді. Ер жеткен сайын балалық шақтағы жақсы қасиеттерді шыңдай түсуге, адамгершілік сапаны ардақтай білуге, өз Отанының мақтанышы, азаматы болуға баулиды. Өзін ұялы байтерекке, биік шынарға балаумен қатар, жасыл жапырақтай жамырасқан бөбектердің де биік шынардай болуына талпынтады. «...бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Олардың ақылы өсіп, адамгершілігі артып жетіледі. Жеке адамның тікелей тигізетін әсерін ешбір формамен, ешбір уставпен, ешбір тәртіп ережесімен, сабақ уақытының кестемсімен алмастыруға болмайды. Адамның жеке басының әсері жас жанға күн сәулесімен бірдей, мұны ешбір басқа нәрсемен алмастыру мүмкін емес — дейді, К-Д- Ушинский. Өзінің жеке басының мінез-құлқын және ақын-жазушылар шығармасынын жоқ.

«Балаларға» деген өлеңінде — Жамбыл жас шәкірттер арасында бірер жетідей болмай қалса, «куанышым, тірегім, жас ботам» деп аңсаған сағынышты көңілін білдіре, оларды өзіне жақын тартып, қуанытып, мәз-мейрам етіп, бар ықыласымен жыр төгеді.

Балалар, аманбысың, шырақтарым, Мабысып көлге біткен құрақтарым, Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын, ішінен асып кете бір аптаның,—деп, бірден тасқындата, балаларды өзіне еліктіріп, қызықтыра сөз маржанын тізеді. Ақын ата бұл өлеңінде адам баласының ертеден арман еткен тілегі, болашақтан күткен үміті, балаға деген барлық

махаббат, олардың бақыт бақшасы — даңқты Коммунистік партияның басшылығы арқасында ғана біздің, социалистік ұлы Отанмызда іске асқанын жыр етеді.

ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ЖАЛЫН

Балаларды кеңестік патриотизм рухында тәрбиелеу міндеті Ұлы Отан соғысы жылдарында бұрыннан гөрі ерекше жауаптылықпен қолға алынды. Жас өспірімдердің рухын көтеретін Жамбыл өлеңдерінің осы жылдар ішіндегі ролі, оның патриоттық рухы жастар үшін мейлінше ықпалды болды. Елімізге қатер тудырған неміс басқыншыларының зұлымдық әрекеттері әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендеп өсіп бара жатқан бағытын тоқыратып, тоқтатып тастай алған жоқ. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған соғыс жылдарындағы шығармалар балалардың жауға деген өшпенділігін арттырды.

Жас болса да, оя мен солын танытып, олардың жауынгерлік рухын көтере түсті. Ақын «Балама хат» деген өлеңінде:

Есінде, балам, бар шығар, Айтқаным Отан әмірін. Шегінбе жаудан жанды сал, Шешілмек содан тағдырың— деп, әкелік әмірін көрсете, баласынын алдына шарт қойып, жауапты міндеттер жүктеді. Балаға үміт арта сөйледі:

Аянба, балам, аянба! Бәлекет сонда аршылар. Алғадай, ылғи алда бол, Аянған адам болмақ қор! Бәйгеге барын тігемін,

Сендерге арнап осы жол. Достарыңа осыны айт, Жауларыңды жеңіп қайт! Айтарым арнап, саған сол әке әмірі екі етілген жоқ орындалды. Көп ұлтты қаһарман кеңес халқы жер жүзінде өздерінің ерлік, патриоттық күшін танытып, Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Басқыншылықпен кіріп, біздің бейбіт өмірімізді шайқаған неміс қарақшыларының тасталқанын шығарды, тізе бүктірді, жермен жексен етті. Балаларға арналған Жамбыл өлеңдерінің патриоттық сезімдерге толы күш-қуаты осындай ерекшеліктерінен көрінеді.



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ
(1902-1985)

XX ғасырдағы халқымыздың рухани – мәдени өмірінде айрықша орын алған алыптардың бірі Ғабит Махмұт ұлы Мүсірепов – ұлттық сөз өнері тарихындағы зор тұлға.

Ғабит Махмұт ұлы Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында кедей шаруа шаңырағында туған. Ауыл молдасынан оқып әдебиетіпен таныса бастаған Ғабит 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныпты оры мектебінде оқуға түседі. Ғабиттің тұңғыш ұстазы – қазақтың белгілі педагог жазушысы Бекет Өтетілеуов шәкіртіне әдебиетті сүйіп өсуге көп ықпалын тигізген. Болашақ жазушыны жақсы талабын байқаған Бекет Ғабитке қамқорлық жасап, осы мектепті бітірген соң жоғарғы бастауыш училищиге түсуге көмектескен. Училищиде Ғабит тұңғыш рет орыстың классикалық әдебиеті үлгерімімен танысады. Оған Гоголь

сатирасы жазушының сөз өнері ерекше әсер етеді. Училищені 1926 жылы бітірген Ғабит одан кейін ел ішінде жаңа орнап жатқан үкімет жұмыстарын қатысады.

1923 жылдың қыркүйегінде Ғ. Мүсірепов Орынбор қаласындағы рабфакқа оқуға түседі. Рабфакта оқып жүрген кезінде ол әлем әдебиеті мен классиктерімен молрақ танысады. Алғаш рет қалам тарқан кезіде осы жылдар (1925 жылы «Едіге» деген қысқағана әңгімесін «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған).

Рабфакты бітірген соң (1926 жылы) Ғ. Мүсірепов бір жыл Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқыған. Академиядағы тәжірибе участкесіндегі жұмысты қорытып, «Американ бидайығы» атты кітпша шығарға, алғашқы повесі «Тулаған толқанданы» да осы тұста жаза бастады.

1927-1928 жалдары Щучье орман шаруашалығы техникумда оқытушы болып қызмет істейді. Осы уақыттан бастап өмірден алған әсіресе көзбен көрген оқиғалары жаңа өмір, жаңа мәдениет үшін күрес болашақ жазушы қиялында ерекшеленіп көкем сөз өрнегіне түсе бастайды.

Ғ.Мүсірепов 1928 жылдан бастап кеңес, партия, баспа сөз орындарында әртүрлі қызметтер атқарған. 1938 жылы ол «халық жауы» деп айыпталған Бейімбет Майлинге ара түскені үшін («Бейімбет жау болсағ, мен де жаумын» деген) рптиядан шығарылып қазметтен алынады. Содан 1955 жылы Бейімбет ақталғанна кейін ғана партия мүшелігіне қайта қбылданып, «Ара Шмел» атты сатиралық журналға бюас редактор қызматіне тағайындалады. 1958 – 1966 жылдар арасында екі дүркін Қазақстан Жазушылар одағының басқармасының хатшымы болып сайланады. Қазақстан Ғылым академиясығың академигі (1958ж), Социалистік Еңбек Ері (1974ж), бірнеше рет КСРО және Қазақ КСР Жоғарға кеңесінің депутаттығына сайланған.

1985 жылы 31 желтоқсанда қайтыс болды.

Әдебиетке 20 – жылдардың екінші жартысында келген Ғ.Мүсіреповтің алғашқы туындаларыннан – ақ оның өзіне тән қаламгерлік ерекшеліктері байқалады. Өмір сырын ақтара суреттеуге талпынған жас жазушанаң әңгіме – повестері заманның келелі мәселелеріне арналады. «Тулаған толған» повесінде 1916 жылғы дүрбелең кезеңмен азамат соғысы дәуірінің шындығы бейнеленсе, «Қос шалқар», «Қос үйдегі көршілер», «Алғашқы адымдар» т.б. әңгімелерінде бүкіл асары даланың кескін- кейпін өзгерткен, ел еібекшілерінің сана – сезіміне серпін берген жаңа кезең оқиғалары суреттелген. Ал, «Өмір ертегісінде» басынан қилы – қилы қиыншылықты кешірген қазақ кедейінің тағдыры бейнеленген. Нені суреттесе де жазушы еңбекші адамның салт – санасының есеюін, оның бойындағы рухани жанаруды бейнелейді.

Жаз жазушының тырнақ алды туындысы – «Тулаған толқында» (1928ж) повесі сол кездегі қазақ қызының ауыр тағдыры оның бостандық үшін тлпынысын баяндайды. Бір жағынан ло М.Дулатов ,С.Көбеев, С.Торайғыров,Б.Майлин сында қаламгерлердің осы тақырыптағы шығармаларымен үндесіп жатсаі екінші жағынан өзіндік жаңалығ да бар туынды .Ағартушы – жазушылардай Ғ.Мүсіреповтан ауыл әйелінің аянышты халін, дәрменсіздігін шыншылдықпен суреттейді. Оспан, Итемген сияқты даоа жыртқыштарының өктемдігін,надандығы мен золық – қорлығын әшкерлейді. «Қар табақтай жалпақ жып – жылтыр майлы бетті, таңқы танау, мес қарын «кәрі күйеу» болыс Оспанды Ғабит Сұлтанмақмұтша ашына житене, жек көре суреттейді. Шығармадағы Шәйса да – Сәкеннің Айшасындай бас бостандығы үшін талпынған батыл жан.

Осы тақырыптас бұрынғы әңгіме , романдармен салыстара қарағанда «Тулаған толқында» повесі қаһармандарының тағдара әлеуметтік тұрғыдан ауқымы кең ауқымда көрінеді. Қазақ қызының,қазақ халқының тағдыр – талайы келешегі өмірдің дабылы мен дауылына тығыс байланысты көрсетілген.

Шығармада Ғ. Мүсірепов қаламына тән көрікті де ықшам сөз тіркестері ұтымды теңеулер әсерлі суреттер баршылық. Сең жүрген дарияның дүлей ызғары мұз үстіндегі жас жаолардың көңіл – күйі махаббаты қайғыдан қарс айырылған ана көкірегі бостандығы үшін талпынған жастар жігері ескі ауыл тіршілігі өзіне лайық бояумен берілген. Ана туралы толғауда Ғ.Мүсіреповке тән юмордың нышандаоры айқын сезіліп отырады.

«Ұзамады, ұзын астауға салынып балқыған бағыланның еті келді. Бүгілген тізелер жазылып көсіліп мінгескен аяқтар жиналды. Екі құлағы қалқайып, екі езуі ыржиып, таңдайы көрініп жатқан қозының басы мен теңкейіп жатқан сары қазысы бар ұзын астар ортаға келіп сылқ ете түсті...» деген жолдар Ғ.Мүсіреповке тән ықшамдылықты, бейнелілікті дәлдікті сездіріп тұрғаны даусыз.

Сонымен бірге жас автордың тұңғыш шығармасы көркемдік кемшіліктен де құралған емес болатын, повестің композициясы мен сюжеті солғын өрілгендіктен, көптеген оқиғалар желісіне кірігіп, сіңісіп кетпеген. Бір жағынан азамат соғысының көрінісі, екінші жағынан ауылдағы таптық тартыс арасында жымдасқан тұтастық жетіспейді.

Отызыншы жылдың орта кезінен бастап Ғабит драматургияға бет бұрады. Бұл жанрдағы алғашқы тәжірибесі – «Қыз Жібек» (1934) либерттосы еді.

Тұңғыш ұлттық операның либерттосы ретінде жазылған «Қыз Жібек» бірден классика қазынасына қосылды. Қазақтың профессионал опера өнерінің алғашқы бет ашары деп талғампаз үлкен астана жұртшылығының саранына сонау 1936 жылғы он күндікте апарып салғанда ешқандай жастыққы жеңілдік тимей, жарқ етіп еркін танылған бұл шығарма содан бергі талай жылдар бойы сахнадан түскен жоқ. Сол үздіксіз ізденіске ұласа келіп «Қыз Жібектің» опера театры сахнасындағы мыңыншы спектакіліне жалғасты.

«Қазы Көрпеш – Баян Сұлу» (1939ж) трагедиясы Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық толысу жылының ең құнарлы жемісті дәуірін бастайды. Енді қаһариандар күрделі де кең әлеуметтік моральдық ауқымда бой жазады да терең толғансына шар шертеді. Әйгілі сөз зерлгері өрнектеген «Ақан сері Ақтоты», «Амангелді», «Қыз Жібек» пьесалары, «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлке», «жат қолында» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» повестері ондаған әңгіме, очерктер ұлтық әдебиеттің алтын қорына рухани қазына болып қосылды. Ширыққан әлеуметтік тартыс тауқыметті тіршілікті бастан кешірген толғамды тұлғалар әлеуметтік кең арна эстетикалық әсем де, әсерлі саз ыстық сезім, терең ой, құнарлы тіл – толысқан суреткер шығармашылығының төл қасиетіне айналды.

«Ақан сері – Ақтоты » - психологиялық драма.Тар заманда торға түскен ақын Ақанның рухани келбнті, ашынған ойы мен ащы күйзелісін ддраматург толғана отырып терең шертеді. Ақан сыры, жан дүниесі оқушыға барлық әуенімен жетіп, абзал ақынмен бірге толғандырады.Қапс заманда булыққан ақын жүрегімен сұхбаттастырады.

Тірідей көмілген Мәрзия оқиғасы Ақанды қатты күйзелтеді. Осыдан бастап бас қаһарманның ой арпалыс- дағдарлысы драманың жанды өзегіне айналады. Екі топ арасындағы бітпес тартыс өрбіген сайын Ақаннаң адал жүрегіне бойлай береміз.

«Амангелді» әлеуметтік драма. Егер «Ақан сер - Ақтотыда» халқымыздың ұлтық поэзиялық құнарлы дәстүрі, бай тілі қастерлей дамытылып адал сезімнің шиыры тереңнен бойлана ашылса «Амангелдіде» дәуірдің әлеуметтік шындығы мен күрделі қайшылықтары реализм тұрғысынан бейнеленіп қаһармандары күрес үстінде шындала түседі. «Ақан сері – Ақтотыда» қаһармандар заманының ой тұйығына тіреліп жеке мақсатының шеңберіне көп шыға алмай келешек бақатты армандап өтсе, «Амангелді» қаһармандары жаңа идеямен қаруланған халық бақаыты үшін, барлық күш – жігерін саналы түрде бағыттаған жаңа типті кейіпкерлер – белсенді гуманистер. Алайда «Амангелді» пьессасаның кейбір қаһарманында күрделі тебіреніс байқала бермейді.

40- жылдан бастап Ғабит үлкен прозамен айналсыса бастады. Бұл саладағы бабыстары да мол. «Қазақ солдаты», «Оянған өлен», «Жат қолында», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» - қазақ прозасының кемелденуін айқындайтын ұлы шығармалар есебінде тариха енді. Олардың әр қайсысында автор қазақтың ұлтық дербестігі, тәуелсіздігі, елдігі жолындағы күркестің әр дәуірдегі тарихи кезеңдерін сөз етеді. Жаңа идея, тың оброздар ашты. «Қазақ Солдатының» негізгі идеясы да қазақ деген халықтың ел болып өзін қорғайтын жауынгерлерінің тәрбиелеуі болса, автор сол солдаттың өсу жолын ерліктің , батырлықтың жаңа замандағы өлшемінің өзгеруін ойлылықпен суреттей алды.

Ең алдымен, қару мен отты қару заманындағы соғыстың түр – түрпаты мүлде өзгерген. Соған орай батырлық туралы түсінікте жаңарды. Өйткені ұрыс телорияса мен техникасын кім жете меңгерсе кімде ол теориясы терең сол техника жетілген болса жеңісте соныкі Мұны біз кешегі ұлы отан соғысы тұсында айқын көрдік. Кеңестік Одақ көлемінде осы соғысқа белсене қатысып, көп құрбандық берген және асқан ерліе крсеткен халықтардың бірі - біздің қазақ болғаны баршаға мәлім.

Туған жерімізде соғыс тақырыбына жазылған көркем шығармаларда аз емес. Он ы жазғандар әлбете сол сұрапыл соғысты от пен оқтың ортасында қан кешіп жүріп, барлық сұмдығын көзбен көрген майдангер ақын – жазушылар еді. Міне, осы тұстағы бір таңғаралық нәрсе - Екінші дүниежүзілік соғысы жайлы ең алдымен жазылған және ірі жанрдағы көрнекті шығарма майданға бармаған Ғабит Мүсіреповтың қаламынан туған еді.

Шын мәнінде ғажайып оқиға. Әдеби жұртшылықты осы уақытқа дейін ойлантып келе жатқан үрдіс. Оның сыры мен себебін, әрине, қаламгердің дарын – қабіетінен, соның ішіндегі ерекше екі қасетінен іздеу керек. Бірі – қиял қанатының ұшқырлығы, екіншісі – шындыққа адалдығы.

Қазақтың ұлы жазушысының ұшқыр қиялымен шалқар шабытынан жаратылған «Қазақ солдаты» атты әйгілі романы дүниеге келді.

Екінші дүниежүзілік соғысын оған қатысқан ұлы жандардың асқар тұлғасын шыншылдықпен бейнелеп беруде «Қазақ солдаты» романы елеулі рөл атқарды. Онда сан сындардың шындалып өткен халқымыздың қаһарман тұлғасы күрделі тарихи тағдыры жатыр, жас ұрпақтың жан дүниесі, ішкі сезімі, ізгі арманы мен достық, жолдастығы, ерлігі мен адамгершілік қасиеті бар.

Бұл романда халықтың бұрынғы тіл байлығына соғыс шындығынан туған әскери терминдер, атаулар қосылып, қазақ тіліне жаңа бір нәр енген. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғысы кезіндегі әртүрлі техника, түрлі – түрлі көріністер, сұрапыл ұрыспен аралыас жататын сезім толқулары үлкен суреткерлікпен ашылған. Соғыс эпизодтары көп жағдайда нанымды, дәл суреттеледі.

Жауынгерлердің әр сәттегі көңіл – күйі кейде публицистикалық жалынға оралса, кейде лирикалық сыршылдықпен шертіледі. Өзіл- қалжындар жауынгерлерді рухтандырып, жігерлендіріп, көңілдерін көтеріп отырады.

Лекцияның тақырыбы: М.Иманжановтың балаларға арналған өлеңдері.

Лекцияның жоспары:

1. Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалары.
2. Ақынның өлеңдері.

Лекция мәтіні:

Иманжанов Мұқан 1916 жылы Қарағанды облысының қазіргі Ұлытау ауданында туған. Ауыл мектебінде, Қарсақпайдағы Фзо мектебінде және Алматыдағы Есеп-санақ техникумында оқыған. Жоғары білімді Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде алды. 1938 жылдан бастап Иманжанов журналистік қызметпен шұғылданды. Ол республика баспалары редакцияларында, Қазақ радио комитетінде жауапты қызмет атқара жүріп, әдебиетіміздің проза және драматургия салаларында аса жемісті еңбек етті.

Мұқан Иманжанов қазақтық үздік публицистерінің бірінен саналады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңес адамдарының күнделікті еңбегімен ерліктері туралы оның мақалалары өткірлігі, мақсаттылығы, айқындығы және тілінің қарапайым, көркемдігімен көзге түседі. М. Иманжановтың үздік мақалалары жеке кітап болып басылды. Оның әңгімелері 1944 жылдан бері республикалық газет, журналдарда басылып келеді. 1948 жылы оның «Жастық» деген әңгімелерінің бірінші жинағы жарыққа шықты, тағы да осы жылы қазақтың жас өспірімдер театрының сахнасында және облыстық театрларға оның «Жас өспірім» деген пьесасы қойылды. 1950 жылы ол жұртшылығымызға мектептегі

политехнизация мәселесін кеңес әдебиетінде алғаш көтерген «Алғашқы айлар» деген повесть жазып ұсынды. Бұл повесть қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып шықты. Сөйтіп, Одақ оқушыларына кең таралып, жұртшылық оны жылы қарсы алды.

1952 жылы жарық көрген «Таныс қыз» атты әңгімелер жинағы кеңес жастарының өршіл талабын, асыл мұратын, Отаншыл ой-сезімін әсерлі бейнелеген шығарма болды. 1953 жылы жазушы «Менің махаббатым» деген екінші пьеса жазды. Бұл пьеса қазақтың академиялық драма театрының сахнасында қойылды. Пьесада ғылымның практикамен байланысы, жаңа моральдің ескі қалдықтарға қарсы күресі керсетілген.

1955 жылы тың игеріп жатқан аудандарға барғаннан кейін М. Иманжанов қазақ жазушылары арасында бірінші болып, кеңес жастарының еңбектегі ерлігіне арналған «Тыңдағылар» деген атпен әңгімелер және очерктер жинағын жазып шығарды. Автор тың геройларының жарқын образын жасады, олардың ойы мен арманын, қаһармандық істерін тамаша бейнеледі. М. Иманжанов жанға (қатаң ауыр сырқатқа бой бермей, өмірінің ақтық айларында «Сөнген шала» атты сатиралық комедия жазды.

Қазақ өнері мен әдебиетінің 1958 жылы Москвада өткізілген он күндігінде М. Иманжановтың әңгімелер жинағы орыс тілінде шығарылды. Мұнда «Кондуктор», «Таныс қыз», «Кішкентай көрші», «Ақмоншақ», «Сенім», «Есеновтің тағдыры», «Суреткер» деген әңгімелеріне барынша назар аударуға болады.

Асқынған дерт Мұқанға тың игерушілер жөнінде жаңа жаза бастаған романын бітіртпеді. М. Иманжанов 1958 жылы 18 март күні ұзақ, науқастан кейін дүние салды.

Мұқан тек жазушы, драматург ғана емес, жалынды публицист, ойшыл сыншы болатын.

Үкімет пен партия Мұқан Иманжановтың жастар мен жас өспірімдерге, балаларға коммунистік тәрбие беру ісіне қосқан үлкен үлесін жоғары бағалап, оны Қызыл жұлдыз орденімен және медальдармен наградтады.

М. ИМАНЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӨМІРІ

Балаларға арналған шығармаларын Мұқан Иманжанов пионер журналында істеп жүрген жылдарында жазған. Мұқанның «Талап» (1951), «Кебек» (1951), «Ораз бен Боря» (1948), «Жол үстінде», «Жас шебер» (1950), «Кішкентай көрші» (1951) деген әңгімелері 1952 жылы шыққан «Таныс қыз» деген жинағына енгізілген. «Қорқақ» (1954), «Бес» (1954), «Сапардың тәжірибесі» деген әңгімелері 1956 жылы шыққан «Тыңдағылар» жинағына енгізілді. Мұқанның Отан соғысы тақырыбына жазған «Адам туралы аңыз» (1947), «Жыртық дәптер» (1945), «Шал» (1942), «Ақша» (1942), «Бала қаны» (1942), «Даладағы от» (1942) деген әңгімелері 1948 жылы шыққан «Жастық» деген жинағына енген. Бұдан соң «Алғашқы айлар» повесін ұсынды. Бұл Москвада орыс тілінде басылды.

Мұқан Иманжанов балаларға арнап жазған алғашқы шығармаларын Ұлы Отан соғысы тақырыбынан бастады. Оның «Шал», «Ақша», «Бала қаны», «Даладағы от», «Адам туралы аңыз», «Жыртық дәптер» деген әңгімелері 1942—1945 жылдары жазылған.

«Адам туралы аңыз», «Жыртық дәптер», «Даладағы от», «Бала қаны» деген әңгімелерде Мұқан Отан соғысы жылдарындағы ата-ана мен бала басына түскен әр алуан қиын кезеңдерді адамның ішкі дүниесіне әсер етерліктей суреттейді.

Мұқан «Жыртық дәптер» әңгімесін өте қызық бастаған: «...Ана бізбен солғын ғана амандасты. Сұрағымызға келте жауап кайырып, шешіле сөйлей қоймады. Көкірек керіп, ауыр күрсияді де: — Мен бір шерлі жанмын, шырақтарым. Әңгіме сұрап не қыласыңдар,— деді мұнды пішінмен.

Ол нендей кайғы, анажан.

— Жоқ-жоқ, шырақтарым, сұрамаңдар оны. Баласы көрген ауыр азапты айт деп анасына қолқа салмас болар. Айта алмайды сұмдықты ана».

Адамның жан жүйесін күйзелтерлік ананың осы бір сөздерінің ар жағында терең сыр бар. Оқушы соны білуге ынталанып, соны қашан естігенше дегбірі кетіп отырады. Мұқан — әңгіме желісін жақсы құра білетін жазушы.

Бұл әңгімелердегі басты кейіпкерлер — салқын қанды, өз жұмысына берілген және Отан тағдыры үшін қасық қаны қалғанша арпалыса беретін өжет жандар. Мұқанның кейіпкерлері күресе де, еңбектене де біледі, сонымен қатар қайғысы да, қасіреті де бар.

Олар сондықтан да сүйкімді, аяулы. «Адам туралы аңыз» әңгімесіндегі Петя мен оның қарт әкесінің және «Жыртық дәптер» әңгімесіндегі неміс фашистері қолынан қаза тапқан қазақ жігітінің ерлік істерін келтірсек те жетерлік.

Тіпті жау қолынан қаза тапқанның өзінде де: «Олар менен өлердей қорқады, қорыққандықтан да мені өлтіреді. Ал жігітке бұдан артық не керек... Жау зәресін аларлық қырғи болып тисе, өлсе де жастығын ала жатса, ел-жұртының намысын ақтық минутына дейін адал сақтаса, одан артық не керек ер жігітке. Ендеше женгенің емес пе?!»—деп ерлік ісін, Отанын сүйе білетін адал сезімін медеу етеді. Мұқанның бұл кейіпкерлері кейде қаталасып қапаланып та жүреді, бірақ олар өздерінің көздеген айқым мақсаттарын ешқашан да жадынан шығармайды. Ертеңгі жарқын болашақтық коммунизм құрылысының нұр шұғыласына бөленуді ақсап, алға ылғи ла алға қарай ұмтылады. Олардың әрқашан жеңіске жеңіп отыратыны алдарында осындай айқын мақсат барлығын жақсы түсінетіндеріне байланысты. Мұқан Иманжанов «...өз шығармалары арқылы бізге мәңгілік өмір сүру идеясын қалдырды».

Мұқан әңгімелерінде автордың сөзімен айтқанда... салынып жатқан зәулім үйлер де, күні-түні тынымсыз жұмыс істеген алып заводтар да, ұзақ танды ұйқысыз өткізіп, сарғая отырудан туған ғылым жаңалықтары да, ұзақ жылдар күткен роман, поэмалар да — бәрі де бүгінгі бөбектің ертеңгі түлектік қамы дейтіндей, солар үшін істелген, істеліп жатқан игіліктер сөз болады, жабығу, қамығу яки жатырқау дегендерді білмейтін, жүрегін тек қуаныш ғана жайлаған бөбектердің өмірі суреттеледі. Бұған 1948 жылдан 1952 жылға дейін жазылған «Коммунизм мүйісі», «Кондуктор», «Талап», «Бөбек», «Кішкентай көрші», «Ораз бен Боря», «Жол үстінде», «Жас шебер» деген әңгімелері дәлел.

Мұқан бұл әңгімелерінде балалардың ішкі дүниесіне кіріп, олардың бойындағы ерекшеліктер мен ойындағы мақсат-міндеттерді толық игеріп, кейіпкерлерімен еркін пікір алысып отырады. Бір-біріне ойындағыларын ашық айтуға тырысады. Мұқанның «Жол үстінде» әңгімесінде кішкентай Сағиттың балалық шағы мен коллектив қуанышының дәмін қаршадайынан татқан жас ұланның тәтті қылығы суреттеледі. Сезімтал, ойлы, аңғарғыш баланың бейнесі көз алдында тұрады. Автор Сағиттың ақ пейілді мінезі мен зор талабына, болашағына сүнсінеді: «Мен оған күлімсірей қараймын. Ал ол өзінің келешегіне күлімсірей қарайды. Мен одан бүгінгі өміріміздің ертеңін көремін, ал ол болашақ өмірдің келешегіне кез тігеді».

Мұқанның «Талап» әңгімесінде де дәл осы Сағит сияқты Кеңес деген бір баланың кеудесін алып ұшқан тынымсыз ойлар, әттең кішкене үлкейсем ғана бояғаны— барлық мамандықты жалғыз өзім игеріп алсам дегенді жатса-тұрса ойынан еш шығармайды. Жалғыз талап адамды ойлаған арманға жеткізе бермейді. Талаптану, әуестенумен бірге сол арманға жету үшін оның ыстық-суығына бірдей төзе білетін қажырлы қайрат пен ерлік еңбек керек екенін білеміз, оқусыз ешбір өнер қолға түспейтінін автор кеңеске әлденеше өтімді дәлелдермен айтып береді. Оларға үйрену жолын нұсқайды.

Мұқанның басты кейіпкерлері өзінің айналасында не болып жатқанына көзін жұма қарайтын нарықсыз, тоғышар балалар емес, өмірге шеліркей аңсап қарайтын, өмір қозғалысына сай қимыл жасайтын оптимист балалар болып суреттеледі. Басты кейіпкерлердің бәрінде де кеңес балаларының еркіндік дүниесіндегі еркін өмір бар. Олар өздерін үлкен өмірдің кішкентай кірпішіндей сезін- еді. «Жас шебер» деген очерктегі 7-классты жаңа бітіріп, тігінші даярлайтын қолөнер училищесіне түскен Фарузаның коллектив арасына келгенде, езін мүлде басқаша сезінгені суреттелген. «Шынында, ойлап отырсаң, коллектив деген тамаша нәрсе ғой. Коллектив шын тамашасың-ау сен. Сен білім беріп, өнерге үйретіп қана қоймайсың, сен адамға ең керекті қасиетті — ізгілікті адалдықты, туған ортаны сүю сезімін үйретесің. Жолдастық достық сезімді шындап, шынға кетересің. Көкілге социалистік сана, ой құясың, бойға қуат бітіріп, таланттың күйін күйлеп, қанат бітіресің»,— дейді жазушы.

Фаруза сияқтылар—жаңа сана, жаңа ой, жаңа мақсат иелері. Бұлар — коммунизм құрылысының жаңа қайраткерлері, жалынды жастық өмірдің мұрагерлері. Жас өспірімдерде жасқануды білмейтін қандай күш, қандай жігер болса, Мұқан соны табиғи қалпында көз алдына келтіреді, Мұқан әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкерлердің іс-

әрекетінен заманымыздың алдыңғы қатардағы адамдарының еңбектену, өсу жолдарып байқап отырамыз. «Мектептегі біздің міндетіміз тек жеке балаларды тәрбиелеп қана қою емес, мұнымен қатар коллективті тәрбиелеу, әр баланы коллективтік рухта тәрбиелеу.

«АЛҒАШҚЫ АЙЛАР»

Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесі — үлкен дайындық, мол ізденіс, зерделі зерттеулердің жемісі.

Мұқан Иманжанов бұл повесінде мектеп жұмысын өндірістік оқумен, өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу мәселесін көтерді де, соны ең бірінші болып әдебиеттік аренаға шығарды. Бұл қазақ балалар әдебиетіндегі жазушының жаңашылдығын көрсетеді.

Повестің бас геройы Жақыпбек мектепке келген алғашқы күннің өзінде-ақ колхоз партия ұйымының секретары Кереймен кездескенде: «Уақыт ауыл мектебінің жұмысын жаңа арнаға салуды тілейді», — деген талап қояды. Бір беткей, мінезі тік, ойлағанын беті-жүзің демей тіке айтатын қызу қанды Жақыпбектің жаңашылдық идеясын жазушы бірден бастап кетеді.

Ауыл мектебі жайындағы жазушының бұл повесі көп ізденудің қорытындысынан, одантық педагогикалық баспасөз бетінде көтерілген айтыстардан, педагогтардың ұсыныстарынан, озық мектептердің тәжірибелерінен келіп туған игі туынды екені бірден көзге түседі. Осындай басты мәселені шығармасының өзегі етіп, сонын айналасында өтіліп жатқан оқу процестерімен қатар, балалық шақтың әр алуан психологиялық ерекшеліктерін де жіпке тізгендей көз алдына келтіреді.

Лекцияның тақырыбы: Өтебай Тұрманжанов өлеңдеріндегі балаларға арналған өсиет

Лекцияның жоспары:

1. Балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі – Өтебай Тұрманжанов.
2. Өтебай Тұрманжанов балалар әдебиетіне қосқан үлесі.

Өтебай Тұрманжанов (1905 - 1978) Оңтүстік қазақстан облысының Бөген ауданындағы Жалғызбағаш аулында туған.

Болашақ қаламгердің балалық шағы қиыншылық, жоқшылық жағдайда өтеді. Алайда бұйыры шығып ас ішпегенмен, кәңілі кәсі зерек, құймақұлақ бала жан азығынан кемтарлық көрген жоқ. «Көбінесе қыс кезіндегі ауыл Әншілерінің салған Әні, жыршыларының айтқан жыры, Өзіміздің өасеннің Әндетіп оқитын «өыз Жібегі», барлық балалар болып жиналып, алма-кезек айтатын тамаша ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар мені бала шағымнан сӨзге Үйретті, - дейді ақынның Өзі бұл туралы. - Балалармен «хан алшы», «шекем тас» ойнап отырсам да, бір құлағым ақсақалдың сӨзінде болатын. Кейін менің жазушы болуыма да жол тапқан – осы сӨз құмарлық болу ықтимал».

Ол 1922 жылы Отан астанасында білім алған, Өмір көрген, ойы ұшталған Өтебай біржола Әдебиет жолына түседі. 1927 жылы «өошан кедей» деген атпен тұңғыш Әңгімелер жинағын, 1929 жылы «өарлығаш», «Таң сыры» деген Өлеңдер кітаптарын жарыққа шығарады.

Өтебай Тұрманжанов – проза жанрында да қалам тартқан, Үлкендерге арнап та Өлең, дастандар жазған қаламгер. Бірақ ол ең алдымен ірі балалар ақыны ретінде танылды. Оның себебі – басқа жанрларда да мол қабілет қарымын байқата білген суреткердің негізгі, ең жемісті қыры – балалар қаламгері ретіндегі қыры еді.

Ақынның балаларға арналған қайсыбір шығармаларына да тӘн басты бір ерекшелік – қарапайымдылық. Міне, соның бір мысалы:

*Терек – бҮрін қорғайды,
Тікен – зҮлін қорғайды,
Ара – балын қорғайды,
өұлан – қағын қорғайды,
Киік – лағын қорғайды,*

*Шағала – кӨлін қорғайды,
Шопан – тӨлін қорғайды,
Егінші – жерін қорғайды,
Ер жігіт – елін қорғайды.*

НебӘрі тоғыз-ақ жол Өлең. Сырттай қарасаңыз, кез келген ақын жаза алатын Өлең сияқты. Тікелей, тура айтылған ойға, жадағай пӘлсапаға құрылған туындыдай. Тіпті оны: «өой қозысын қорғайды, тҮйе ботасын қорғайды», - деп жалғастыра беруге де болатындай. Бірақ зерделей оқысаңыз, кӨлемі шағын болғанмен, сыры тереңде жатқан, мейлінше мағыналы Өлең екенін аңғарасыз да таң қаласыз. Таң қалатыныңыз – бұл Өлеңнің тұла бойы толайым мӘннен, сымбат пен сипаттан, қорғасын ұйқастан, келісім мен жарасымнан тұрады.

Бір тамашасы – ақын шығармаларының осындай қарапайым да жұмыр, шымыр жазылған.

Ө.Тұрманжанов шығармашылығы қазақ халқының ғажайып бай фольклорымен соншалықты тығыз кірігіп, ұштасқан. Ақын жырларының терең тамырлары – туған халық Әдебиетінде. Ақын бейнебір қазақ балалар жазба Әдебиетіне эпостардан, ертегілер мен жұмбақтардан, жаңылтпаштар, тақпақтардан келіп кіргендей. әрине, ол қазақ халқы Әдебиетінен Үздіксіз Үйренбесе, қазақ халық Әдебиетінің тамаша дӘстҮрін кӘміл игеріп, Өзі Өмір сҮріп отырған заманына сай жарқын жалғастырмаса, Өтебай Тұрманжанов атты кемел ақын болып қалыптаспас та еді.

Ө.Тұрманжанов шығармашылығының ең бір мол да мӘуелі саласы – ертегілер, аңыздар. Бұл ретте ақынның «БӨдене мен тҮлкі», «ТӨрт Өгіз туралы ертегі», «Мысық пен жолбарыс», «Орман - ертегі», «өұмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар», «Ананың аманаты», «Алып кетпен», «КӨп тҮкірсе - кӨл», «Фараби туралы баллада», «Ғажайып бағбанның алтын алмасы мен Асан бала туралы ертегі», «Алтын балта», «Жолаушы мен жеті қасқыр», «өарлығаш» секілді шығармаларын атауға болар еді. Бұлар – қозғаған тақырыбы, қол жеткізген рухани қазынасы жӨнінен де Әр тҮрлі шығармалар. Алайда қай-қайсысы да ақын шығармасында ғана емес, қазақ балалар Әдебиетінде де Өзіндік орны бар елеусіз қалмас шығармалар. Абай айтқандай, «Сонда да солардың бар таңдамасы» дегенге бақсақ, Әрине, «өұмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар», «БӨдене мен тҮлкі», «Орман - ертегіні» айрықша бӨліп атар едік.

Ақынның бұл шығармалары шығармашылық кҮш-қуаты толысқан кезде туған, қандай бір биік талаптарға да қыңбай жауап беретін толымды шығармалар.

Ө.Тұрманжанов талантының он екі гҮлі бірдей ашылған кезінде туғызған туындыларын қазақ балалар Әдебиетінің Үздік Үлгілері мен де салыстыруға болар еді деп ойлаймыз. Өйткені, ол бұл шығармаларында татым жӨнінен де, тапқырлық жӨнінен де Корней Чуковский, Самуил Маршак сияқты алыптардан аса қалыса қоймады. Аталған ертегі-дастандардың Өте жарасымды жаңалықты пішіні, ақын қолданған алуан тҮрлі Әдеби Әдіс-тӘсілдер, Әдейі де Әдемі, сӨз қайталаулардың кӨтерген жҮгі айрықша екенін айтпағанда кӨркемдіктің қайталанбас Үлгілеріне жатады.

Нан ардақты, адал ас

Бір кезде болып нанға зар,
қадірін білген адамдар,
әулие тұтып нанды ұстап,
«Нан ұрсын»,- деп қарғанар.
Нан ардақты, адал ас,
Кәрі, жас онан аттамас.
Ақ дастарқан үстінде,
қол жумай оны ұстамас.
Нандай жоқ қой асыл дәм,
Жеп үйренген жасыңнан,

Дастарқаннан нан кетсе,
Береке кетер асыңнан.
Ей, балалар, балалар!
Болмаңдар, сірә, нанға тар.
Өмірдің алтын арқауы-
Бар қасиет нанда бар!
Нан қиқымын шашпаңдар!
Жерде жатса, баспаңдар!
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

Кітап оқыр бір бөбек

Жаңбыр жауар себелеп,
Жонға шығар ебелек.
Гүлге қонар көбелек.
Атқа қонар бөгелек.
Су жыланды құртуға

Көлге қонар дегелек.
«Ғылым сырын білсем,-деп-
Көкте күн боп күлсем»,- деп
Кітап оқыр бір бөбек.

Ей, балалар, балалар!

Ей, балалар, балалар!
Бірің - шекер, бірің - бал.
Бірің - қайың, бірің - тал.
Жас кезіңде ойнап қал,
Ойнап жүріп ойлап та ал,
Ой тҮбінде жатыр бал!
Илеуінде қайнаған,
Жазды еңбекпен жайлаған.
ёзақтан дӘн тасыған,
Досына жаны ашыған,
ұмырсаға кӨзің сал!
Жұмысын кӨр! ТӘлім ал!
ГҮл-гҮлден жинап бал жиған.
Жесін деп сендер ол жиған.
өанатын желге сындырған...
Сонда да жұмыс тындырған
Бал араға кӨзің сал!
Жұмысын кӨр! ТӘлім ал!
Кітаптың беті гҮл-лала.
Оқыған бала – бал ара.

«Сіз», «біз» деген жылы сөз»

Жылатады жүректі.
Жақсылық билеп жанды тез,
Оятады игі тілекті.
Біреуге біреу жақсылық,
Тілесе Әр кез Жаны ашып,
Осы бір шырын-тӘттілік,
Тұрмай ма жанға жарасыпқ!
Баршаға керек жақсылық!
Жақсылық сҮйер жанымыз,
Баршаға жетер жақсылық,
қызғанбай бӨліп алыңыз!
«Сіз», «біз» деген жылы сӨз –
Жақсылықтың мейірі.
Бір-біріне болып кӨз,
Кең болсын адам бейілі!

Лекцияның тақырыбы: С.Бегалиннің балалар әдебиетіне қосқан еңбектері.

Лекцияның жоспары:

1. Балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі – С. Бегалин.
2. С.Бегалиннің балалар әдебиетіне қосқан үлесі.

Лекция мәтіні:

Қазақ кеңес балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі аға жазушы Сапарғали Бегалин өз өмірбаяны мен оқушыларын былай деп таныстырған еді.

«Мен 1895 жылы Семей облысы, Абай ауданы, Дегелек аулында тудым. Есейе келе өз үйімнің аз ғана малын бағып, қолғанат болдым. Әрі ауылдағы молдадан оқып, ескіше хат таныдым. Содан сон керуенмен Семейге келдім, осы жерде менің нағыз еңбек қызметім басталды. Бір уақыт пристаньда жүкші болдым. Бұдан кейін Семейдсгі оқытушылар дайындайтын семинарияның оқытушысы Құлжановтың үйінде атын күтіп,

үй жұмысына болыстым. Ол кісі кешкіліктерде маған орыс тілін үйренуге көмектесті. Соның көмегі арқылы мен приход мектебіне түстім, оны 1915 жылы бітірдім. Жаз айларында пристаньда жұмыс істедім.

1916 жыл патша үкіметі қазақтарды тыл жұмысына алғанда мен де Петроград түбікдегі Колипино станциясына тап болдым, мұнда көп нәрсені көріп, бастан өткердім, 1917 жылғы февраль революциясынан кейін март айында ғана үйге қайттым.

Октябрь революциясынан кейін ұзақ уақыт бойына кеңес қызметінде, болыстың атқару комитетінің председателі, уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім меңгерушісінің орынбасары және тағы басқа қызметте болдым. 1923 жылдан 1928 жылға дейін аудандық халық соты қызметінде болдым.

Отызыншы жылдары қазақ аулында колхоз құрылысы, копыстандыру жұмысы жүрген кезде мені қазақ жер халық комиссариатының қоныстандыру секторы дегенге қызметке жіберді. 1935 жылы июльде «Теміржолшы» газетінің редакциясына ауыстым да, осында әдеби қызметке шындап араласуға мүмкіндік алдым. Газетте жұмыс істеуім, сайып келгете, мені Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтына, кейінірек республика Жазушылар одағының аппаратына алып келді, мұнда мен ұзақ уақыт бойы консультант болдым.

Менің әдеби қызметім 1914 жылдан басталды. Қазақ жастарына алғашқы өлеңім осы кезде Троицкіде шығып тұратын «Айқап» журналында жарияланды. Бұдан кейін ұзақ уақыт бойына творчестводан қол үздім. Тек 1925 жылы В. И. Лениннің қайтыс болуы әсерінен оның ескерткішіне арнап мен өлең жаздым, бұл «Қазақ ақындары мен жазушыларының үні» жинағына кірді. 1935 жылдан бастап әдеби қызметке шындап араластым.

Көне қазақ аңызының сюжетіне құрылған менің алғашқы кітабым — «Қыран кегі» поэмам 1944 жылы шықты. Мұны оқушылар жылы шыраймен қарсы алды. Бұдан кейін жас аңшы туралы «Сәтжан» атты повесім шықты, бұл тұғыш рет орыс тіліне аударылды, әрі РСФСР Оқу Министрлігінде конкурсте сыйлық алды. Бірінші жолы ол Москвада 30 мың дана тиражбен, екінші жолы 300 мың дана тиражбен шықты. Сондықтан да мен кітапты жас оқушылар жақсы қабыл алды дей аламын. Бұл повесть азербайжан, өзбек, армян және корей тілдеріне аударылды. Польшада «Сейіттің ботасы» деген әңгімелерім жеке кітапша болып шықты.

«Көксегеннің бастан кешкендері» повесім 1949 жылы басылды. Осы кезде Қазақстан балшыларына арналған менің «Төлбасылар» атты әңгімелер жинағым шықты.

Балалар үшін мен зор сүйіспеншілік жазамын. Бұларға мен «Ермектің алмасы» (1956) әңгімелер жинағын, «Жеткіншектер» (1959) мен «Бақыт» (1956) повестерін, «Жас бұтақ» (1953) әңгімелер жинағын арнадым. Әр уақытта менің бұрын шыққан шығармалар жинағым оның ішінде «Мектеп түлектері», «Ананың қайраты», «Жұмбақ кілт» және басқалар басылды. Бұдан басқа мен қазақ тіліне Мамин Сибиряктың әңгімелер жинағын, Лесковтың повесін, Пушкиннің, Лермонтовтың, Шевченконың, сондай-ақ осы заманғы кеңес ақындарының өлеңдерінең аудардым. 1963 жылы Л. Соловьевтің «Қожанасыр» повесік аударып шығардым. Қазір Шоқан Уәлихановтың балалық шағы туралы повесім шықты.

С. БЕГАЛИН ПОВЕСТЕРІДЕГІ АУЫЛ АДАМДАРЫНЫҢ ӨМІРІ

Қазіргі кезде қазақ кеңес балалар әдебиетінің аға жазушысы кім десе, алдымен Сапарғали Бегалинді атаған болар едік. Сапарғали — балалар әдебиетінде әңгіме жанрын дамытқан, сонын тамаша үлгілерін көрсеткен жазушы.

Сапарғали Бегалиннің балаларға жазған отыздан аса көлемді әңгімелері бар. Соның бәрін жинақтағанда, тақырыбы мен көтерген мәселесіне қарай бес топқа бөлуге болады.

Бірінші топ; «Сәтжан» (1947), «Көксегенін көргендері» (1948), «Бала мерген» (1956), «Алданған жолбарыс» (1956), «Тоятқан тауынан табылыпты» (1955). Бұл повестері мен әңгімелері аңшылық тақырыбына арналған.

Туған өлкесінде, көбіне ауылда жүріп қызмет еткен Сапарғали жаратылыстың алуан түрлі байлығымен танысып, оның көркем көріністерін суреттеуге зер салады. Бұл ретте С. Бегалиннің Москвада орыс тілінде екі рет басылып Бүкіл одақтық бәйге алған «Сәтжан» повесін ерекше атап өткен жөн.

1960 жылы жазушының көлемі 21 баспа табақ «Жеткіншек» атты таңдамалы әңгімелер жинағы басылды. Бес бөлімнен құралған бұл жинақтың әр бөліміне оның мазмұны мен идеясын анықтайтын жеке эпиграфтар берілген: «Күштінің күші — ақыл, ақылдың иесі — адам», «Малдың тілін баққан біледі, отынның тілін жаққан біледі», «Қағажу көрмеген жүрек — жалынды достықтың айнасы», «Ер еңбегі — ел мақтанышы», «Аңдамай айтсаң, алдыннан апат кездеседі». Осы эпиграфтар әңгімелерінің негізгі мазмұны мен мақсатын дәл көрсеткендей. «Күштінің күштісі — ақыл, ақылдың иесі — адам» дегенде, қандай жыртқыш, қандай күшті болса да, соның бәрін ақылмен жеңетін — адам. «Сәтжан» повесіндегі Сәтжанның образы дәл осындай әрекетті сипаттайды.

Сәтжан мектепке оқи жүре бір жағы колхоздың бұзауын бағып, әсіресе аңшы атасы Серікбайға еліктеп күсбегі болуды аңсайды. Жазушы Сәтжанды қынжылуды білмейтін, қай нәрсеге болса да қызыға кірісетін және ойлаған мақсатына жетуді көбірек аңсайтын оптимист бала етіп суреттейді. Ол өсірген қыран құс бір қакқан қабағынан барлық сүзіп көріп алғандай, сар-шегір де иесіне мақтанғандай алыс төңірекке такаббар ерлікпен көз салып, күйкылжып қарайды. Нағыз баукеспе алғырдың өзі болып шығады.

Халықтық шығармаларда әр алуан табиғат құбылыстары мен оның дүлей күштері адамнан өктем, керемет те ғажап дүние ретінде суреттелетін. Оның үрей тудыратын ғажап көріністерінен қорқып, оған жалынып, жалбарынып, сыйынуға дейін баратын. Ал Сапарғали әңгімелеріндегі аңшылық өміріне байланысты сурттелетін табиғат сұрапылдары мен табиғат кереметтерін зерттеу, игеру, адам оны өзіне бағындыру тұрғысынан көрсетіледі. Табиғат өз бойындағы байлығын еңбек еткен адамға ғана ашпақ. Қандай табиғат тағылары болса да үйретіп ала білетін ұлы қасиет тек адамда ғана болмақ. Табиғат тағыда қыран құс — ителгіні үйретіп алған Сәтжан оған қоянды да, қазды да, үйректі де, түлкіні де, қасқыр мен тау ешкісін де алдыра біледі. Бұл бала үшін үлкен өнер, бұл оны іскерлікке, икемділікке, алғырлыққа үйретеді. Екінші жағынан, тау қыранымен аң аулай жүріп, Сәтжан өз өлкесінің барлық сыр-сипатымен, байлығымен танысады. Туған өлкемен танысу Сәтжанға жаңа ой, жаңа қиял қосады. Көре жүріп үйрену адамды үлкен іскерлікке баулитынын ол өз тәжірибесінен көреді. Таңбалы тастан әр алуан суреттер мен әр түрлі тастардың табылуы жай нәрсе емес екені Сәтжанды үлкен ойға қалдырады.

Құс салу, ит жүгірту дегендермен ауыл арасында кейбіреулер өнер арттыру үшін айналысса, мұның өзі қазір көнерген өнерге айналып бара жатқанын байқатады. Жазушы сол үшін Сәтжанның бар өмірін осы жолда, ата кәсібінде қалдырып қоймайды. Аңшылық өнеріне басында Сәтжан қанша құмарлықпен қызықсыз да, өсе келе, ойлана келе қомсына бастайды. Аңшылық өнерді Сәтжанның қомсынып отырғаны — алда одан да гөрі зор мақсат бар. Сәтжан енді құлашын кең арнаға жаяды. Бала кезінде байқалған «таңбалы тастағы» көріністер Сәтжанды зор арманға жетелейді. «Қиясына қырап ұялатқап, қыналы бетіне ертедесі бір қиып күндердің ізіті сақтаған зәулім жартас Сәтжанға терең сыр, үлкен құпиясымен аса ыстық көрінді. Ол жартастан ұзаған сайын қайта-қайта тастың сонау қиясынан көз алмай қарап келсіді деп суреттейді жазушы. Баланы зор болашаққа баулитын осындай идея оның тәрбиелік мақсаты неде екенін айқын көрсетіп, негізгі кейіпкерлерінің басқаларға үлгі боларлық моральдық бейнесін ашып береді. «Таңбалы тастағы» құпия Сәтжанның таукен зерттейтін институтқа оқуға баруына, оның талантына жол ашуға зор себепкер болады. Қорыта айтқанда, «Сәтжан» повесінің барлық желісінен «талапты ерге нұр жауар» деген халықтың даналық ойын сезінесіз.

Сапарғали Бегалиннің аңшылық ісіне байланысты жазылған повестерінің қай-қайсысы болса да өлкетану жұмысына көп септігін тигізетінін байқатызды. Қараса адам көзі тойғысыз табиғаттың әсем де сұлу көріністерін Сапарғали жақсы білумен бірге, оны өзі де жақсы суреттейді... «Көксегеннің көргендері» повесінен Алтай өлкесінің бай

табиғатың ортасында, самырсын саясының жаңбыр тиіп көрмеген құстөсектей былқылдайтын құрғақ мүгі үстінде жүргендей эстетикалық әсер аласың. Алтай өлкесінде жайқалған егін мен шабындыны, суы толған балық пен құндызды, тауы толған бұғы мен маралды жазушы өмір дастанындай етіп суреттейді.

«Көксегеннің көргендері» деген повестегі Өтеш, Зарқұмар, Оралхан, Көксеген самырсын арасынаң балқарағай іздеп жүрген қолы бос еріккен балалар емес, олар колхоз шаруашылығына көмектесу үшін пішен шабуға келген балалар. Күн жауын болған соң босқа отырғанша деп әдейі қарағай ішін аралап кеткен. Бұлар аң қуған мерген де емес, аңдар ғана жортатын жұмбақ алаңды, бекінісі мен құпиясы мол түбектерді көруге, оны тінтуге жаны құмар. Жазушының қолданған бір жақсы әдісі — оқиғаны осылай етіп құру арқылы балаларға өз өлкесінің әр алуан жан-жануарлары мен байлықтарын танытады. Осының бәрі де іспен, әрекетпен, қызықты еңбекпен тығыз байланысты түрде дамып отырады. Балаларды өндірістік іске баулып, үйретіп жүрген колхоз бастығы Садуақас, агроном Нұрила, егін бригадирі Қобай олардың бір сағат уақытын да бос өткізбеуге тырысады. Көксегеннің көргендерін «Жаратылыс ғажап, бір аңның қасиеті мүйізінде, мысалы, бұғының мүйізіндегі қан сақ ауруға дәрі. Мына күдірдің кіндігіндегі жұпар да сондай қымбат. Ал аюдың өті сан жараға ем. Міне, ғажаптар» — деп осының бәрін де таң-тамаша көреді. Көксегенің мұндайларға таң қалуы орынды, өйткені мұның бәрі де оның бірінші көрген дүниесі. Ол — көріп, біліп, араласуымен ғана өмір танып келе жатқан жас буын. «Адам қоғам жұмыстарының әсерінсіз, оған қатынасу сезімсіз өссе, онда өспей-ақ қойғанының өзі артық»¹ — деген болатын Н. Г. Чернышевский.

Табиғатты және табиғат тағыларын келісті суреттеу мен қатар, Сапарғали бас кеіпкерлерінің портретін де оның жас мөлшеріне, іс-әрекетіне сай көрсетеді. Уаштың портретін жазушы былай суреттеген: «Әкесі майданға аттанған Уаш он төрт жаста еді. Жас өспірім Уаштың өткір сұрғылт көзі, биіктеу қабағы өсіп жете толмағандығы болмаса, Нұрқасымнан айнымайтын. Ал бойы әлі талдырмаш болғанмен салалы, тарамыстау ширақ еді. Оның өңінің сарылығы, шашының тұнжыр қоңырқайлығы да әкесіне ұқсайтын. Тек ол мінез жағына келгенде Нұрқасымның баяу, сарғылт қимылы жоқ. Әр нәрсеге талаптанған, сәл алғыр да тәрізді еді». Уаш өзінің жылдам да қайсар мінезіне қарай елеулі қызметтер атқарады. Отан басына қатерлі қауіп туғанда, әкесінің мылтығы мен аң аулап, өз үйіне де, колхозға да септігін тигізеді, ер азаматтың қызметін атқарады. Отан соғысы кезінде 13—14 жастағы балалар тылда бұдан да күрделі қызмет атқарғаны мәлім.

Осындай ұтымды тақырыптарды таба білу де жазушының шеберлігін танытады. Жас өспірімдер Сапарғалидың әңгімесін оқымас бұрын, ең алдымен оның тақырыбына қызығады. Мысалы, Сапарғали бір әңгімесінің тақырыбын «Алданған жолбарыс» деп қойыпты. Әңгімені оқымас бұрын-ақ жолбарыс қалай алданды екен деген ойға қалады. Осы бір таң қаларлық қызықты ой әңгімені бастан-аяқ оқып шығуға мәжбүр етеді. Аң аулау қызығына шомып отырған бала оқиғаға өзі араласып отырғандай сезініп; кейде әңгіменің тез аяқталғанына өкінеді.

Айталық, мергендер өмірі — балалар үшін ең қызықты, ең тамаша тақырып. Бұл жас өспірімдерді спорт жұмысының ең жақсы түріне үйретеді. Олардың шынығып өсуіне әсер етеді.

Лекцияның тақырыбы: М.Әлімбаевтың балаларға арналған өлең шығармалары.

Лекцияның жоспары:

1. Ақынның өмірі.
2. Жазушы шығармаларындағы мектеп өмірі.
3. Тәрбиелік мәні.

Лекция мәтіні:

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды селосында туды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Армиядан оралған соң, С. М. Киров атындағы қазақ университетін бітірді. «Пионер» журналының бөлім бастығы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқарды.

Мұзафар Әлімбаев негізінен ересектерге арнап жазатын ақын болғанмен, ол еш уақытта балаларды назарынан тыс қалдырмаған. Ол «Жұмбақтар» (1954), «Биікке, биікке» (1955), «Менің ойыншықтарым» (1952—61), «Алатаудың баурайында» (1960), «Орақ олақ» (1962), деген кітаптарымен, «Бал дәурен, шіркін, балалық» (1973) деген бір томдық таңдамалысымен жас оқырмандарына ертеден таныс. Оның балаларға арналған орыс тіліндегі өлеңдері Бүкіл одақтық «Пионер» журналымен «Пионерская правда» газетінің беттерінде және коллективтік жинақтарда басылды. М. Әлімбаев 1958 жылдан бері бөбектерге арналған республикалық «Балдырған» журналының редакторы. Мұнда ол мектеп жасына дейін-гі бөбектерге және бастауыш класс оқушыларына арнап өлеңдер мен әңгімелер жазып тұрады. Ол бір естелігінде:

«Менің шешем өмірімнің ең бірінші, ең жақсы, ең ақылды және ең қатал ұстазы болды. Ол көптеген халық жырларын: бесік жырын, тұрмыс, қаһармандық жырлар-ды, даналық ертектер мен кайталанбас аңыздарды біле-"" тін еді.

Ол ұлы Абайдың өлеңдерімен мені ерте таныстырды. Рас онык терен мәнін мен әлде қайда кейін ұқтым. Мен әкемнен 9 жасымда айрылдым. Он төрт жасқа шыға бергенде небәрі жеті күн ауырып, шешем дүние салды. Сөйтіп мен ең жақын ұстазымнан және анамнан айрыл-дым. Шексіз қасірет менің қыр соңымнан калмады. Ал мен он бес жасқа шыққанда өзімнің алғашқы өлеңімді жаздым, бұл өзім жатқа білетін — «Ана» дейтін өлеңім. Анасы бар әрбір ұл мен қыз оны әрқашанда тындап, әрқашанда ренжітпеуін мен қалаған болар едім. Мен, балалар, Сіздер, біздің үлкен де айнымас адал анамыз— Отанды бағалап, шын жүректен жақсы көрген-дерінді қалаған болар едім»,— дейді.

Ақынның анаға, ұлы Отанға деген мейірбандылығы, берілгендігі, оны зор құрмет ететіні, солар алдында, қызмет ете беретіні бар шығармасының үлкен өзегі боп тартылған, биік мұнарасы боп қалана берген.

Мұзафар Әлімбаев медальдармен, Қазақ ССР Жоғар-ғы Кеңесінің құрмет грамотасымен наградталған.

М. ӘЛІМБАЕВ ӨЛЕҢДЕРШДЕГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Автордың балаларға арналған өлеңдері қысқа болған-мен, белгілі сюжетке, тартымды ойға, терең пікірге құрылған. Ақын балалардың қызығып та қуанып оқуын көбірек ойланады. Сондықтан- да Мұзафар өмірдің кіш-кене бір керіністеріне үлкен мән беріп, түйінді ойлар айтуды езіне зор мақсат етіп қояды.

Ақынның әсіресе мектеп жасына дейінгі балдырғандар мен бастауыш мектеп оқушыларына арнап жазған өлеңдері тым қызық, өте әсерлі. Оны үлкен кісілер де сүйсініп оқып, балалық шақтарын еске түсіреді. Ақын «Кім ұтылды, кім ұтты...» өлеңінде тау асып ойнап кеткен үш баланың қарны аянып, қолдарында қалған екі алманы бөлісе алмай жатқандарын сөз еткені. Екі алманы үшке бөлісе алмай таласып, керілдесіп жатқан екі жолдасына үндемей тұрған үшінші бала былай дейді:

Қның емес бұл мүлдем, Теп-тең етіп бөлейік Екеуің ал бір-бірден, Мен-ақ соған көнейін. Не керек сол айтысып, Сен бер маған жартысын. Не керек сол тартысып,

Сен бер маған жартысын. Екеуі оғак көііпті, Жарты-жарты бөлікті Басу айтқан балаға Өз қолынан беріпті. Кім ұтылды, кім ұтты? Кін ұкпады, кім уқты?

Ақын өлеңін сұрақпенен аяқтап, оқиға шешімін балалар-дыа өз талқысына салады, сөйтіп, олардың ойын дамы-туға, өздерінше пікір таласын тудыруға сілтейді. Ақын өлеңі тартымды ойға құрылатыны осыдан ап-айқын көрі-неді.

«Өріптер сыры» өлеңінің мамандық тандауға жол ашатын сыр-сипаты бар:

«А» — Алтай бала дәрігер,

Аурудан сактар ол мені. *Ә» — Әнуар өнер біледі,

Әдемі етік тігеді. «Б» — Бауыржан сакшы — жауынгер

Батыр деп сүйген қауым ел. «В» — Володя мастер мен дейді,

Вагондарды жөйдейді. «Г» — Гүлжамила бакшашы,

Гулге толған бакшасы. *Ғ» — Ғажап бояу жағады,

Ғали сурет салады. *Д» — Дүлділ аттыр баптаған,

Дәрменді журт мактаған.

Мұндағы ор әріп әр түрлі маыандықты тандайтындай мазмұнға құрылған. Және бірінші класс оқушыларының жаттап айтуына ыңғайлы. 36 әріпті түгел танып шыққан бірінші класс оқушылары эта-аналар жиналысы кезінде мектеп сахнасына шығып, бірі «А», екіншісі «Б», үшіншісі «Ә» болып рольдесіп, жатқа айтып шықса, жарты жылдық оқудың білім қорытындысы болып, ата-ананы зор қуанышқа бөлер еді. Педагогтардың акын, жазушы-ларға қояр тілек, талаптары шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімдік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлендерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақ-тайды.

«АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА» ПОЭМАСЫ

Баланы адалдыққа, кішіпейілділікке, мейрімділікке тәрбиелеу халықтың педагогика мақсаттарының бірі болған. Адамгершілігі мол парасатты кісі әрқашан өз басының қамынан гөрі ел қамын, халық қамын көбірек ойлайды да өз Отаны алдында қызмет етуге әрқашан дайын тұрады. Міне, осындай сипат Мұзафар Әлімбаевтың «Алатаудың баурайында» поэмасынан ерекше орын алған.

Жақсы деген жарлының жаман шалашын сұрап алған Пернебек оны түзеймін, үлкейтемін, үй етемің деп шалаш астын қазып жатқанда кесек-кесек алтын тауып алады. Қуанышы қойнына сыймаған Пернебек бұл сенің үйіңнің астынан шықты, бұл алтынды сен ал деп Жақыға жалынады. Оңай олжадан бас тартқан Жақы Пернебекке өзің ал, алтын өз еңбегіңмен табылды дейді.

Жарымаған жарлының, Жаралғаны адалдық. Жарлымын да жарлымын, Жанға жандас қараулық,

Көзің сатып жеген нан, Кептеледі өңешке. Терің сатып жеген нан, Балдан тәтті емес пе? —деп, Жақы тағы да Пернебектің алтынды алмасына қоймайды. Аш көзділік, арсыздықтың жоқтығы қандай сыйлы. Пернебек те алтынды алудан бас тартады: Оңай олжа — арам ас, мен де алтыннан беземін. Бола қоймас балам аш, терсем де жер тезегін.

Ақырында біз көрген таршылықты солар көрмесін, олардың болашағы бақытты болсын деп екеуі бірінін қызын екіншісінің ұлына қосып, алтынды соларға бермек болады, бірақ екеуінің баласы да алтынды алудан бас тартады. Ақырында бір дана қарияның айтуымен алтынды халық мүддесіне жұмсап, алмалы бақтар орнатады. Ол халық игілігіне айналады.

Міне, бұл баланы адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу идеясынан туған тоқтам. Жүре келе түсінер, өмірдің өзі үйретеді дей жүріп, баланы бақылаудан тыс қалдырса, оны құрметтемесе,- балаға баласынып қараса, онда ата-ананың ұтылғаны. Ал егер баланың бойына ізгілік егілмесе, оған құрметпен қарамаса, ондай бала өзіне өзі сұрқия, басқаға да жексұрын боп көрінеді. Бұған біз Мұзафар Әлімбаевтың «Егерде» деген өлеңін үлгі етерек.

Ауланың қарын күрер ем, аяғым су болмаса, Бақшаны баптап жүрер ем, үстіме шаң қонбаса,

Бұл бала не істеу керек екендігін біле тұра соған илікпейді. Қолы бармайды. Қара жұмысқа жиірене қарайды.

Суға да мен барар ем, Егер қарым талмаса, Отынды да жарар ем, Ағаш қатты болмаса.

Жастайынан осындай тәрбиеде ескен шолжак бала көбіне жамандыққа үйір болады. Ал жамандыққа үйір кісі жан біткенді жек көреді. Жасынан өзімшіл, жалқау өскен бала өзге түгіл өзінің жақынына да қарамайтын болады. Ақын бұл жағын да дұрыс айтқан: ер ем Жанатты, жылап маза алмаса, жақсы оқыр ем сабақты, кітап қалың болмаса...

Еш нәрсе істегісі келмейтін, ешнәрсеге икемі жоқ жалқау бала тіпті оқуға да мойны жар бермейді. Дайын тамақ, дайын асқа ғана үйренген. Тұла бойын жаман жолға бастайтын қырсық билеген тілазар жалқау баланы Мұзафар қатты сынаған. Осыдан үлкен қорытынды жасайғындай, ақылға келетіндей, сабасына түсетіндей ой салған. Өзінің зор

болашағына үлкен кесір келтіретін осындай жамандықтан баланы. өте жас кезінде арылтуға күш салған жақсы. Бала бойындағы жамандық біткеннің бәрін де өріс алдырмауға, оны тез арада тұншықтырып тастауға әрекет еткен абзал. Мүмкіндік, жағдай бар екен деп баланы тым еркелете беру, есірте беру жақсы нәтиже бермейді.

Мұзафар көркем сөз зергері. Оның өлеңдерінен бала жанын мәз етерлік елжіреген бос сөздер, құлақ тұндырарлық құрғақ өсиеттер көздеспейді. Оның өлеңдерінен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп отыратын терең ой, өткір пікірлер табылады. Мұзафар өлеңнің көркемдік түрлерін тек метафоралар мен эпитет сияқты бейнелі, мәнерлі сөздерден ғана іздемейді. Ол сөз қолдану шеберлігін әр сөзді орнын тауып жұмсай білуден іздейді. Орнын тауып қолдана білсе, терең мазмұнға, ерекше көркемдікке ие болып құлпырмайтын, түрленбейтін бірде-бір сөз жоқ екенін Мұзафар жақсы түсінеді. Ол — ізденгіш, талғамы күшті, бала жанын түсінетін талантты ақын.

Лекцияның тақырыбы: Б. Соқпақбаевтың өмірі.

Лекцияның жоспары:

1. Жазушылық қызметі.
2. Балаларды шыншылдыққа, табандылыққа, әділдікке тәрбиелеу.
3. Ақынның “Балалақ шаққа саяхат” повесі.

Лекция мәтіні:

Бүкіл одақтық аренаға танылған балалар әдебиетінің көрнекті жазушысы Бердібек Соқпақбаев өз өмірбаянын жас оқушыларға былай деп таныстырады:

«Мен 1924 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Қостөбе селосында тудым. Ата-анамнан ерте айрылдым. Алғашқы кезде кісілердің қолында жүрдім.

Балалық шағымда менің басымнан өткен қиыншылықтар мен жоқшылық өзімнің «Балалық шаққа саяхат» деген кітабымда бейнеленген. Отан соғысы жылдарында ФЗО мектебінде оқыдым, Кеңес Армиясы қатарында қызмет еттім, содан кейін ауылда мұғалім болдым. Осы мен бірге Қазақ педагогика институтының филология факультетін бітірдім.

1950 жылы менің тұңғыш «Бұлақ» деген жинағым шықты. Бұдан кейінгі жылдары Алматыда «Пионер», «Қазақстан пионері» редакциясында істедім. 1955—1957 жылдары Москвадағы жоғарғы әдеби курста оқыдым. Балаларға арнап бірнеше кітап жаздым. Бұлардың ішінде «Менің атым — Қожа» (1960), «Балалық шаққа саяхат» (1962), «Аяжан» (1963), «Ғауһар» (1961), «Жекпе-жек» (1951) және басқа да повестерім бар. Соңғы жылдардың ішінде соғыс жылың қамтитын ересектерге арналған повестермен қатар, «Кездесу» және «Бозтөбе» поэмаларын жаздым. «Казфильм» студиясында «Менің атым — Қожа» повесім бойынша фильм түсірілді. 1967 жылы Кани қаласында болған жетінші халықаралық кинофестивальда Кеңес одағы бойынша екі фильм — «Менің атым — Қожа» және «Хош келдіңіз» атты фильмдерге қызғылықты да тартымды түсірілгені үшін арнайы сыйлықтар берілді. Сөйтіп, Қожаны енді Бүкіл дүние жүзі балалары көретін болды.

1952 жылдан «Қазақстан Жазушылар одағының мүшесімін».

«БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ» ПОВЕСІНДЕ БЕКТАС ОБРАЗЫ

Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі — өмірбаяндық туынды. Онда автор өзінің балалық шақта басынан кешкендерін сол кездегі дәуір шындығына орай кішкентай Бектас бейнесі арқылы елестетеді. Ес білмес есер шақ, балалық мінез — Бектас, Жанбосын, Жүнісбай, Майра образдарынан шындық қалпында, толық көрінеді.

Бектас жетімдік пен жоқшылық қасіретін көп кәріп, жаншылып өссе де, онысына мойымайтын, қажырлы, өжет бала. Қу тілділеу, пысық, қағілездігі де бар. Сабакқа алғыр. Жүгіру, секіру, суға малту жағынан да өзінен ересектерге есесін жібермейді.

Ленин біздің атамыз, Саясында жатамыз.

Қарсы келген дұшпанды, Қақ жүректен атамыз,—

деп өлең айтады. Ол өз елінің, өз Отанының кішкентай патриоты екенін сезінеді.

Жаңа құрылысқа алакөз тап жаулары мен бандиттердің бүлдірушілік әрекеттеріне иланған Бектастың ата-анасы Қытайға өтпек болады. Бектас іштей наразы. Ол бір сұмдықтың боларын сезіп шекаралық заставаға хабарлайды. «Сұмдық бұл! Әкем мен шешем, ақылдарың нан алжастыңдар ма? Бұларың не? Өз өкіметтерінен — ертеңгі бақытты заманнан безіп, кайда бармақсыңдар деп айқай салғым келеді. Кеудемде өжет наразылық сезімі бұрқанады. Бірақ оны сыртқа шығаруға шама, жеткізіп айтар тіл қайсы? Сеземін де түсінемін, айта алмаймын. Қиналам да тебіренем, жылай алмаймын». Бектас Ленин әперген бақытты өмірден таймақ емес, ол үй ішін Қытайға өткізбей аман-сау алып қалады, саналылық, байыптылық көрсетеді. Бала әрқашан әділдікті сүйеді. Әділдік үшін күресте бала алған бағытынан ешқашан да қайтпайды: қара тасқа салсан да тіліп түседі. Бектастың портреті мен іс-әрекетін, жан дүниесін жазушы бірден-бірге осылай дамытып, өрістете береді.

Бектастың мінезінде өткірлік, кейде оспадарлық да бар, бірақ оқуға зерек. Өзінен үлкен Жанбосынның айта алмай тұрған көбейту мәселесін ол суылдатып айтып береді. Жарайсың, Бектас — деп, мұғалім мені ризашылықпен мақтайды да, Жанбосынға қарайды. Көрдің бе ананы. Ал сен өгіздей болып ап, мыңқ-мыңқ етіп турасын. Ұлмайсын ба? Мен масайрап, мәртебелене түсем».

Жанбосын Бектасты осындай білгіштігі үшін жек көрсе, Бектас Жанбосынды үстіндегі бүтін киімі, қалта-сындағы ақ наны, аяғындағы бұжыр табан әдемі бәтенкесіне бола жек көреді. Балалар арасында бола беретін осындай тартыс-жанжалдарды, болмашыға елігетін бала психологиясын жазушы әдемі суреттеген.

Тұрмыс ауыртпалығы Бектасты шынықтырып өсірген. Ол екінші класта жүргенде-ақ колхоз жұмысына колқабыс береді: масақ терді, тұлықтастың атына мініп, қыр-манда астық бастырады. Ауыр азаптан арыла алмай жүргенде, жығылған үстіне жұдырық дегендей, шешесі қайтыс болып, Бектас жетім қалады. Ал «жетім» деген жалғыз сөздің күйініші қанша десеңізші! «Қымбатты, жас достарым, тағдырдың мейірімсіздігінен әкесі немесе шешесі қайтыс болып, жетім қалған балалар, мүмкін сендердің араларыңда да бар шығар. Айналып қана кетейіндер, қанша араздасып жаулаССандар да, «жетім» деген тажалдай суық сөзді айтпаңдаршы соларға! Бір соқ, етінен ет кесіп ал. Бірақ, әлгіндей деп бейшараны тілдей көрмендер! Оның адамшылық менмендігін бұл сойқан сөздің қаншалық жер етіп жойып жіберетінін түсіндіріңдер! Аяңдар!»

Шешесі өліп жетім қалып не жетіссін. Бір ғажабы — кісі есігінде жүріп оқыса да, Бектас екінші, төртінші класты мақтау грамотасымен бітіреді. Бойда кайрат, ойда көз, көңілінде жігер болған соң, бала тұрмыстың қандай азабына болса да төзімділікпен, өміршендікпен қарайды. Бектасты болашаққа сүйрейтін — осындай оптимистік үміт-арманы.

Бектас өзінен де бұрын шешесінен алты айлығында қалып қойған інісі Тұрдыбектің тағдырын көбірек ойлайды. Жанына көбірек бататын да соның халі. Бектас Тұрдыбектің мұндай халіне ешбір жәрдем ете алмай, шарасыздықтан қатты қайғыруда жүреді: Тұрдыбектің хал-күйі сондай аянышты. Төрт жастан асып қалса да, аяғы шықпаған, күтімсіздіктен салмешел болып қалған. «Қазір осы жолдарды жаза бастағанда, бейкүнә сәбидің сондағы кейпі көзіме елестеп, жүрегім қақ айрыла жаздайды. Ауыр үйдегі сыз еденге төселген салаба ескі құрып киіздің үстінде отырушы еді. Шашы құлағын жауып өсіп кеткен. Бет-аузы қап-қара, кір-кожалақ. Ұп-ұзын шидей күс-күс арық қолдарымен төңірегіндегі иісі күйік сасыған дән болса теріп жеп отырады. Көйлен, дамбал деген үстінде болмайды. Кеудесі мен арқасын орап, тізе тусына дейін түсіре танып тастаған жабағы тәрізді сауыс сірә бірдекесі бар. Онысы күндіз-түні бір шешілмейді, Отыруға әбден машын болып алған, етсіз, қисық аяқтары жансыз ағаш аяқтар құсап, астына жиылмай жайылып жатады». Бектас осындай ауыртпалықтарды бастан кешіре жүріп жетінші класты мақтау грамотасымен бітіреді. Бектас образының балаларға қандайлық әсер етіп, қалай толғақтатыны міне осындай. Повестің тілі жеңіл, оқиғасы тартымды. Әсіресе балалардың бірін-бірі ұнатулары сондай қызық, әсерлі суреттеледі: «Мені

Майраға қосақтап, арқандап қойған көзге көрінбейтін ғажайып бір жіп бар. Майра — күн, мен күнбағыспын, оны көрмесем тұра алмаймын, Майра — гүл, мен — кебелекпін, қашан да Майраның төңірегінде болғым келеді». Майра мен Бектастың арасындағы татулық осындай айқын текеулермен әдемі суреттелген.

Балалардың осындай типтік образдарын жасап беруі арқылы Бердібек творчествосының жаңашылдығы, көркемдік шеберлігі, прогресшіл, идеялық-эстетикалық, мәні, халықтығы мен ұлттық ерекшелігі айқын ашылып, әсерлі көрінеді.

Қорыта айтқанда қазіргі дәуірдегі қазақ балалар әдебиетінің алдына қойған ең өзекті мәселесі — саяси күрес үстіндегі данышпандық басшылығын, өсиеттерін, әкелік қамқорлығын, оның саяси маңызын жас өспірімдерге ашып беру, түсіндіру ең басты тәрбиелік идеяға айналды.

Тұманбай Молдағалиев

Ендігі бір балалар Әдебиетінің Өкілі – Тұманбай Молдағалиев. ол таланты ерте танылған ақындардың бірі ретінде елуінші жылдардың орта кезінен күнделікті баспасөз бетінде жарияланған оның Өлеңдері Өз оқырмандарын баурап алды. Оның Өлеңдерінің адам сезімін, оның кӨңіл-күйін, жастықтың құпия сырын шынайы бейнелеуімен байланысты. Жастығын, махаббатын, туған елінің табиғатын, кӨктемін жырлады. Осындай жағдайда шын сезімді, адамның кӨкейін жарып Өтетін сҮйіспеншілік сырын аңсап отырған қауым, Әсіресе, ақынның Өзі сияқты еркін ойлап, еркін сӨйлеуге ұмтылған оның құрбы буыны Тұманбай Өлеңдерін ду кӨтеріп Әкетті. Ол Әдебиетке осылай жастықтың, махаббаттың, кӨктемнің жыршысы болып енді.

Барлық жақсы ақындар сияқты Тұманбай Өмірі де оның Өлеңдерінде. Оның туған ауылы, Өскен ортасы, кӨрген Өмірі, Отан, ел, адам сҮю сезімдерінің қалыптасуы жайлы мӘліметтерді ақын шығармалары бізге толығырақ береді. Оның лирикалық қаСарманы балалығын соғыстың ауыр кезінде Өткізген, содан жанына ұмытылмас жара тҮскен жас адамның кӨңіл кҮйін бейнелейді. Өмір сҮйгіш ақ кӨңіл жастың бойындағы мұң да, ойлы сезімталдық та содан туады. Жаны жайсаң адамдар алақанында, мейірімді ана бауырында, Алатаудың сұлу табиғаты құшағында Өскен жастық Әсемдікке, сұлулыққа табыну сезімдері де қалай туғанын аңғару қиын емес. Осының бӘрі кейін ақын Өлеңдерінің негізгі тақырыбына айналды. Ол адамды, жастықты, Отанды талмай жырлады.

Тұманбайдың ақындық жолы – тынымсыз ізденістің жолы. Ол осы жолмен ілгерілеп, кемелдену кезеңіне аяқ басты. Оның Өмірі, Өмірді тануы, сӨйлеуі, ұғымы – бӘрі Өлең. Сонымен бірге оның балаларға арналған Өлеңдері де бар. Атап айтар болсақ «әлди», «Бала күннің достары», «ёлыма», «ГҮлдерді сатпаңдар», «Бала күнге барайық», «КӨктем келсе құстар сайрап» т.б.

КӨне бесік жыры

Он шырақ кӨрдім, бӘрін де
Алды ғой қайтып бір құдай.

Сен келдің тағы Өмірге,
әлди, Әлди, Әлди-ай!
Аспанда бұлттар тұтасып,
әлі де тұр ғой жылжымай.
Сен кҮлсең, қалам бір тасып,
Сақтасын сені бір құдай.
өалтырап тоңып барамын,
Тағы бір кҮлші, бӨпешім.
әжеңнің аппақ таяғын
өолыңа ұстар ма екенсің?!
өұрбандығыңа шалайын
Жолыңа сені Өзімді.
Бір көріп қана қалайын
Сен атқа мінген кезіңді.
Барымды беріп бағамын,
Анардың сҮті сұйылса
Арманы бар ма анаңның,
Топырақ сенен бұйырса.
ЖҮрерсің көптің бірі боп,
Сақтасын сені бір құдай.
Артымда қалшы тірі боп,
әлди, Әлди. Әлди-ай!

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұманбай Молдағалиевтің қандай Өлеңдерін білесіңдер?
2. Ақынның балаларға арналған Өлеңдеріне талдау жасаңдар.
3. Ақынның жастық туралы Өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту.

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

ПӘНІНЕН СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ

Білім саласы:	100000 – Білім
Оқыту саласы:	140000 – Оқытушылар дайындау және педагогика пәні

Бакалавриат бағыты:	5141600 – Бастауыш білім және спорт тәрбиелік жұмысы
---------------------	--

Тақырыбы: Балалар фольклоры – балалар әдебиеті туралы түсінік.

Жоспар:

1. Балалар әдебиетінің теориясы мен тарихы.
2. Балалар әдебиетінің міндеттері мен қызметі.
3. Балалар әдебиетінің бірнеше салаға жіктелуі

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1989ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында күдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Балалар әдебиетінің дамуы, басты проблема тіл екендігі, өлеңдердің ойнақы, жинақты болуы, әдебиеттің ерекшеліктері жайындағы пікірлер, бірнеше салаға жіктелуі. Балалар әдебиеті - әдебиетіміздің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, жинақты, тілі баланың өз ойындай мөлдір де тұнық, қызықты да қарапайым болуы шарт. 1920 жылдардан кейін қазақ балалар әдебиеті жөнінде де сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен ақын-жазушылар және мұғалімдердің ықыласы ерекше болды. С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған. І. Жансүгіров 1927жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады» - деп түйіндеген. М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары», «Ертегілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалар екенін дәлелдеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Балалар ауыз әдебиеті қандай дамыдық
2. Балалар әдебиетінің негізгі зерттеушілері кімдер
3. Балалар ауыз әдебиетінің үлгілері қайсылар
4. Балалар әдебиетінің басқа жанрлармен байланысы қандай
5. Балалар әдебиетінің тәрбиелік мақсаты не
6. ХХІ ғасырдың баласына ауыз әдебиетін үйретудің қажеті бар ма, өз пікіріңді айт.
7. «Бала- біздің болашағымыз» тақырыбында шығарма немесе әңгіме жазып келіңдер.
8. Сен қандай ауыз әдебиеті үлгілерін тыңдап өскенсің

Тақырыбы: Балалар фольклоры –балалар әдебиетінің алтын қоры.

Жоспар:

1. Халық ауыз әдебиетінің балаларға арналған түрлері.
2. Балалардың халық поэзиясымен байланыста өсетіндігі.
3. Балаларға арналған шығармаларда шындықты бейнелеу.
4. Балаларға арналған фольклор түрлерінің идеялық-эстетикалық табиғаты.
5. Балалар фольклорын жинап, шығару,зерттеу тарихы.
6. Бала тәрбиесіндегі “Бесік жыры” мен “Тұсау кесу” жырының алатын орны.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1989ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы,2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл.1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы,1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Балалар ауыз әдебиетін жасаған –халық. Адамға баласынан жақын, баласынан артық еш нәрсе болмаған. Халық еш нәрсені де өзінің баласынан жоғары бағалаған емес. Халық ауыз әдебиетін балалар сүйіп оқиды, қызыға тыңдайды. Халықтық шығармалармен мектеп жасына дейінгі балалар да ата-анасының, туған- туыскандарының айтуы бойынша ертеден-ақ таныс бола бастайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаш сөздер, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдер-бәрі де баланы қызықтырып, оларды мәз-мейрам етеді. «Бесік жырынан » кейін- «Тұсау кесу» жыры келеді. Мұнда жас нәрістенің қаз тұрып , апыл-тапыл басқаны «тәй-тәй» деген әнді әуенмен, жылы сөзбен , мазмұнды әсем ырғақпен жыр етеді. Балдырған өскен сайын әннің де, өлеңнің де мазмұны тереңдеп, енді балаға тілек, мақсаттар қойыла бастады. Ауыз әдебиеті үлгілерін кез келген адам шығармаған, оған сөз өнеріне қабілеті, бейімі бар адамдардың қатысы бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Балалар ауыз әдебиеті қандай дамыдық
2. Балалар әдебиетінің негізгі зерттеушілері кімдерк
3. Балалар ауыз әдебиетінің үлгілері қайсыларқ
4. Балалар әдебиетінің басқа жанрлармен байланысы қандайқ
5. Балалар әдебиетінің тәрбиелік мақсаты неқ

Тақырыбы: Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі.

Жоспар:

1. Жаңылтпаш туралы түсінік.
2. Жаңылтпаштың тәрбиелік мәні.
3. Жаңылтпаштар түзілісі.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1989ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Халық ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанрлар деп аталатын жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер мен мақал-мәтелдердің балалар фольклорының алтын қорынан алатын орны ерекше. Бала тәрбиелеуде бұл жанрлардың атқаратын үздік орны бар екендігіне халық зор мән берген. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйрететін, тілін дамытуға жаттықтыратын жанр да бар. Ол- жаңылтпаш. Жаңылтпаш көбінесе мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына лайықты шығарма. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен бастауыш айтылуы қиын сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету ол көбінесе балаға ғана тән нәрсе. Жаңылтпаш әдейіленіп тілдің оралымдылығын, тілдің өте ыңғайлылығын тіктейтін, айтуға қиын қырлы сөздерден құралады. Р-ға тілдің орамы келмей ыңғайы келмей, кішкене қырдан тайып кетсе, түзілген сөз мүлт айтылса, айтушыға ұят келтірерлік сөздерден құрылған болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаңылтпаштың қандай тәрбиелік мәні бар екенін түсіндір.
2. Жаңылтпаш туралы кімдердің пікірлерін білесің, мысал келтір.
3. Жаңылтпаш айтудың маңызы қандай?
4. Жаңылтпаштардың тақырыбы бола ма?
5. Бірнеше жаңылтпаш жаттап алыңдар.
6. Өз ойыңнан бірнеше жаңылтпаш жазып келіңдер, оқып есіттіріңдер.
7. Жаңылтпаштардың авторлары кімдер?
8. Қандай жаңылтпаш айтып тіл, сөз мазмұнын үйренгенсің?
9. Өзіңнен кейінгілерге жаңылтпаш үйрете аласың ба?
10. Жағажай,
Жағажайда - Қамажай
Жағажайды жағалай
Жүгіреді Қамажай.
Ас үйге асты таси-таси
Шаршады Әси,
Әси ас үйге асты
Шаршады таси-таси.
Дәптердің әптер-тіпретін, Мәткәрім

Шығарған қайсысың
Шығарған әптер-тәптерін

Сумандатып қайшысын,
Дәптердің.

М.Әлімбаев.

Тақырыбы. Өтірік өлеңдердің оқыс көріністеріндегі өмір танытарлық оқиғалар.
Жоспар:

1. Өтірік өлең туралы түсінік.
2. Өтірік өлеңдердің түрлері.
3. Балалар әдебиетінде өтірік өлеңдердің тәрбиелік мәні.

Әдебиеттер:

1. Ш. Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті» 1980ж «Мектеп баспасы»
2. «Ақ сандық», «Көк сандық» А «Жазушы» 1988ж.
3. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
4. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
5. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
6. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
7. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том

Тірек ұғымдар:

Өтірік әңгімелермен қатар, қазақта өтірік өлеңдер бар. Өтірік өлеңдер қазақтың, халықтың шығармаларында ертеден орын алған жанр. Мұның түп нұсқасы әзіл-оспаққа, өткір сынға құрылған. Сонымен қатар қиыннан қиыстырылған тапқырлық және ойдың өткірлігімен логиканың күштілігі арта түседі. Сөз еткен тақырыптардың бәрін де адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі жарастықты әзіл-оспақтардың болуымен қатар, үлкен ойға шомдыратын, өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырған. Өтірік өлеңде өмір көп. Салыстыру бар, сықақ мол. Әр жануардың, әр айтылған нәрсенің тұрмысқа байланысы бар деген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өтірік өлеңдер қалай пайда болғанқ
2. Не үшін өтірік өлеңдерді тәрбиеге телемізқ
3. Өтірік өлеңдердің несі саған ұнайды немесе ұнамайдық
4. Өтірік өлеңдерді кімдер шығарғанқ
5. Бірнеше өтірік өлеңдерді жаттап алып, мағынасына түсінік беріңдер.
6. Өтірік өлеңдердің түрлері бар мақ
7. Қазіргі күнде шығарылған өтірік өлеңдерден мысал келтір.
8. Төмендегі өтірік өлеңдегі кейбір сөздерге түсінік бер.

Мизамның сілемейін желі қылдым,

Шымшықтың жұмыртқасын **келі** қылдым.

Қамыстан сегіз қанат үй істетіп,

Жонынан кесірткенің **көгін** тілдім.

Тақырыбы: Халық даналығына баулуда мақал-мәтелдердің орны
Жоспар:

1. Мақал-мәтелдерге түсінік.

2. Мақалдардың мағынасы.
3. Мәтелдегі мазмұн.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті»
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет»
3. «Ақ сандық, көк сандық»
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А,2004
5. Кітаптар, альбом – дәптер, газет- журналдар материалдары.

Тірек ұғымдар:

Мақалдардың өзіне тән ерекшеліктері. Қазақ мақалдарының өзіне тән негізгі бірінші ерекшелігі аз сөзбен көп мағына беретінінде аз сөз алтын- көп сөз көмір - дей отырып халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің тобықтай түйінін береді. Ой пікірін көз қарасын әрі терең әрі ашық айтады. Мақалдың сөз саралауы, олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинала келеді. Ішкі құрылысы жағынан алғанда мақалдар екі түрлі біріншісі айтайын деген ойын ашық етіп, бірден турасынан білдіреді. Жауды алған жаралы қалады, Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ, т.б. Екіншісі негізгі ойды астарлап айтады. Ғибрат білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы соңғы түрге енеді. Бұған мысалы: жығылсаң нардан жығыл, Сырын білмеген аттың артынан жүрме деген мақалдарды жатқызуға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы бар ма?
2. Мақалдар қандай тәрбие беруі мүмкін?
3. Қандай тақырыптарда мақал-мәтелдер шығарылған?
4. Достық туралы қандай мақал-мәтел білесің?
5. Бірнеше тақырыптағы мақал-мәтелдерді жаттап алып, мағынасына түсінік беріңдер.
6. Мақал- мәтелдерді кімдер жазған?
7. Адам және оның қасиеттері туралы мақал-мәтелдерге бірнеше мысал келтіріңдер.
8. «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады», «Талапты бала талпынған құстай, Құмары қанбас аспанға ұшпай» деген мақалдардың мағынасын ашып, түсіндір, өз ойың мен пікіріңді білдір.
9. Мақтаншақтық, ұрлық, еріншектік, өтірікшілік, арсыздық туралы қандай мақал-мәтелдерді білесің, мәніне көз жібер.
10. Сөздері мен өлең шумақтары мақал мен мәтелге айналған ақын-жазушылар, жыраулар мен шешендерден кімдерді білесің, мысалдар келтір.
11. М.Қашқаридың қандай сөздері бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді?
12. «Қорқыт ата кітабындағы» қандай сөздер бүгінгі күнде мақал-мәтел болып айтылып жүр?
13. Мақал-мәтелдерді жинап, топтастырып жарыққа шығарған ғалымдардан кімдерді білесіңдер?
14. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал», мақал ма, мәтел ме, мағынасын түсіндір.
15. Өзбек, татар, қырғыз, қарақалпақ халықтарының мақал-мәтелдерінен бізге ұқсастары бар ма, мысалдар келтір.

Тақырыбы: Жұмбақтарда жасырынған шындық

Жоспар:

1. Жұмбақ туралы түсінік.
2. Жұмбақтардың балалар әдебиетіндегі ролі.
3. Балалардың логикасын дамытудағы жұмбақтың маңызы.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Ақ сандық, көк сандық» А. 1991ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А., 2004
5. М.Ғабдуллин. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1989жыл.
6. С.Сейфуллин. Шығармалар жинағы, Алматы, 2002 жыл.

Тірек ұғымдар:

Жұмбақтар өмірде кездесетін шаруашылық кәсіпке байланысты, тіршілік тірекке тиянақ болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Бәрін де алғаш жұмбақ етіп, санын, сыр-сипатын, түсін, көлемін, құпиясын ашып беруді қажет етеді. Бұл іс-әрекетке баулудың, соған қызықтыра түсудің бір тәсілі. Жұмбақтар баланы байқағыштық, әр нәрсеге зер салғыштық қасиетке, қабілетке үйретумен қатар, ой-қиялға шоматын, ойландыратын жаққа қарай да жетелейді. Жас буынға мұның ең пайдалы жақтары да осында. Жұмбақтардың айтылуы, сөз құрамы, әдемі ұйқасы, құрылысы жинақтылығы, аз сөзбен көп нәрсені қамтитыны да балаға көп эстетикалық әсер береді. Ойын жинақты ықшам айтуға үйретеді. Сөзуар мылжың болудан, пәтуасыздықтан аулақтата береді. Жұмбақтардың балалар фольклорынан үлкен орын алатын себептері де осыдан.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жұмбақтардың балаларды тәрбиелеуде қандай маңызы барқ
2. Жұмбақтарды тек балаларға жасыру керек пеқ
3. Қандай тақырыптарда жұмбақтарды жатқа білесіңқ
4. Жұмбақтар туралы қайсы ақын-жазушылардың пікірлерін оқығансың, дәптеріңе түсіріп ал.
5. Кейінгі буын балалар жазушыларының қандай жұмбақтарын білесіңқ Бірнешеуін дәптеріңе жазып, жаттап ал.
6. Жалпы Қызылқұм өңіріндегі ақын-жазушылардан кімдердің балаларға арналған жұмбақтарын оқығансыңқ
7. «Нұрлы жол» газетінен жұмбақтар шығатын айдарды көргенсің беқ
8. Балалық дәіріңде қайсы журналдарда көбірек жұмбақтар оқығансың, есінде барын айт.
9. Ө.Қожамұратовтың мына жұмбақтарын жаттап алыңдар, дәптерлеріңе түсіріп, мазмұны мен тіл көркемдігіне көңіл бөліңдер.

Тақырыбы: Ертегілер туралы түсінік.

Жоспар:

4. Ертегілердің балалар арасына кең таралуы.
5. Қиял-ғажайып ертегілер мен тұрмыс-салт ертегілер.
6. Ертегілердің эстетикалық әсері.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл

2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Ақ сандық, көк сандық» А. 1991Ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А, 2004
5. М.Ғабдуллин. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1989жыл.
6. С.Сейфуллин. Шығармалар жинағы, Алматы, 2002 жыл.

Тірек ұғымдар:

Халықтық ертегілер –халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған халықтың ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжірибесі, оның мәдениетімен салты, әдеті мен ғұрпы, шаруашылық кәсібінің түрлері, тілінің шебер ерекшеліктері қамтылған.

Халық ертегісі ішінде балалардың сүйіп оқитын, олардың жас ерекшеліктеріне тән мұралар сондай көп. Халық ертегілерінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан қияпатын танытады, сана- сезім, ақыл- ой қызметінің ерте дамуына, ерте қалыптасуына жәрдемдеседі. Халық ертегісін балалардың сүйіп оқитыны, барлық ықыласымен сүйсіне тыңдайтыны, оның ғасырлар бойы ұрпақтан- ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп халықтың даналық, тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Халық ертегілері ішінде балалар арасында кең тарағаны, әсіресе сүйіп тыңдайтыны, хайуанаттар жайындағы ертегілер. Табиғат жайында ең бай материалдар, кең түсініктер балаларға алғаш осы хайуанаттар жайындағандар ертегілер арқылы берілген. « Бармақтай бала», «Қотыр торғай», « Мақта қыз бен мысық», « Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене», « Кім неден күшті», « Түлкі мен тауық» т. б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ертегілерді кімдер, қалай ойлап тапқанқ
2. Ертегілердің қандай түрлерін білесіңқ
3. Балалық шағында көбірек қандай ертегілер тыңдап өстің, олардан нені үйрендіңқ
4. Аяз би ертегісі қандай тәрбиелік мәнге ие екендігін түсіндір, Мадан ханға берілген баға сөздерін жаттап алыңдар.
5. Діннің қайсы жақтары діни ертегілерде әшкере етілген, не себепқ
6. Халықтық педагогика ертегілермен қалай байланысадық
7. Бүгінгі дәуірдің балаларына қандай ертегілер айту мүмкін немесе олар ертегілерді тыңдайды мақ
8. Бірнеше ертегілерді оқып, мазмұнын баяндап, өзара салыстырыңдар.
9. Қырық уәзір мен жаманның арасында қандай айырмашылықтар бар, дәлелдек
10. Қиял-ғажайып ертегілерге қайсы ертегілер жатады.
11. Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай туралы ертегінің тәрбиелік маңызы недеқ
- 12.Тазша бала ертегісі қайсы тақырыпқа құрылған, қандай оқиғалар сөз боладық
13. Хайуанаттар жайлы ертегілерден қайсы ертегілерді білесің, мысалдар келтір.
14. Жалпы ертегілердің бәрі де жақсылықпен аяқтала ма, не үшінқ
15. Ертегілердің басталуы бәрінде бірдей ме, мысалдар келтір.
- 16.Туысқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар халықтарының ертегілерінен бірнешеуін оқып, мазмұны мен мәнін ашып, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табыңдарқ
17. Ертегілер туралы ғылыми пікірлер айтып, олардың зерттелуіне көп көңіл бөлген ғалым-әдебиетшілерден кімдерді білесің, қайсы кітаптарын атай аласыңқ

18. М.Әуезовтың ертегілер туралы пікірлерін дәптерге конспектілеп алыңдар.
19. Қазақ ертегілері неше томдық кітап болып басылған?
20. Өлеңмен жазылған ертегілерді білесің бе, мысалдар келтір.
21. «Боз інген» ертегісі қандай ертегіге жатады, не туралы сөз болады, қандай тәрбиелік мәнге ие деп ойлайсың?

Тақырыбы: Эпостық жырлардағы балалар ауыз әдебиетіне жататын нұсқалар.

Жоспар:

1. Эпостық жырлар туралы түсінік және олардың балалар әдебиетінен алатын орны.
2. «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы.
3. «Қамбар батыр» жырының балаларға берерлік маңызы мен тәрбиесі.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті». Алматы, 1987 жыл
2. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» Алматы, 1978ж
3. «Батырлар жыры» А. 1991ж.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1-кітап. Ш.Ахметов. А, 2004
5. М.Ғабдуллин. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1989жыл.
6. С.Сейфуллин. Шығармалар жинағы, Алматы, 2002 жыл.

Тірек ұғымдар:

Ертегілер, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдер, жаңылтпаштар мен жұмбақтардан басқа халық шығармаларында ерлік істерді дәріптейтін эпос немесе батырлар жыры бар. Халықтық шығармалардың ең көлемдісі, ең көбі, мазмұны мол ұзақ жырланатыны – осы батырлар жыры. Батырлар жырының оқиға желісі, ондағы әр дәуірден құралып суреттелетін кейіпкерлер десол замандағы халықтың өткен өмірін, ерлігін баяндайды. Халық өміріндегі әр дәуірден құралған батырлықты, ерлікті суреттеу – эпикалық жырлардың ең басты ерекшелігі болып саналады. Ал, батырлар образы сол патриоттық идеяның көрінісі. Іріктеліп алынған, балалардың оқуына лайықталған эпостық жырлар да басқа шығармалар сияқты балаларды батылдыққа, ерлікке, іске табандылыққа, әділеттілікке және парасаттылыққа тәрбиелейді. Халықтық эпостық жырлардағы батырлар образы патриоттық идеяның көрінісі болғандықтан ол балаларға күшті әсер етеді. Көркемдігімен қатар батырлар жырының тілі айқын да жеңіл. Осындай принциптерге сүйене отырып, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы мен «Қамбар батыр» жырының ерлікке, еңбекке баулитын эпизодтарын үлкендер мен қатар балалардың да оқуына болатын, солардың қабілетіне сай шығармалар деп бағалаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Батырлар жыры қайсы дәуірдің жемісі?
2. Эпостық жырларға бірнеше мысалдар келтір.
3. Балалық шағында көбірек қандай батырлар жырын оқыдың не тыңдап өстің, олардан нені үйрендің?
4. Қамбар батыр қандай тәрбиелік мәнге ие екендігін түсіндір.
5. Діннің қайсы жақтары діни ертегілерде әшкере етілген, не себеп?
6. Халықтық педагогика эпостық жырлармен қалай байланысады?
7. Қобыланды батыр жырындағы Тайбурылдың шабысы нені аңғартады?
8. Екі жырды да оқып, мазмұнын баяндап, өзара салыстырыңдар.
9. Тайбурылдың шабысын жаттап алыңдар.

10. Батырлар жырының тақырыбы тек батырлыққа құрылған ба, ойтолғау жаз..
11. Туысқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ жырларын оқып, мазмұны мен мәнін ашып, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табындарқ
12. Эпос дегеніміз не, қай тілден енген сөзқ

Тақырыбы: XIX ғасырдағы қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің тәрбиесі.

Жоспар:

4. XIX ғасырдағы балалар әдебиетінің өркендеуі.
5. XIX ғасырдағы екінші жартысынан бастап балаларға арналған оқулықтар.
3. Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі.
4. Махамбет өлеңдерінің балалар тәрбиесіндегі орны.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1989ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында күдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Жазба әдебиеті дамыған қандай елді алсақ та оның негізді ауыз әдебиетімен тығыз байланысты, содан қоректеніп отырып жетілген білеміз. Бұл-жазу, сызудың шығуына сауатылыққа және мәдениеттің үздік өсуіне байланысты іске асатын құбылыс.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап балаларға арналған жаңа типті орыс-қазақ мектептерінде оқытылатын “Букварь” (1892), “Әліппе”, “Қазақтар үшін орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” (1876) “Қазақ хрестоматиясы” (1879) шыға басталды. Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданында, Нарынның Бекетай құмында туған. Өтемістің 10 баласы болып, Махамбет Бекмағамбеттен кейінгі екінші бала болады. Жас кезінде хан ордасында тәрбиеленген ақын кейін бөлектеніп кетеді. Халықты, қарашаны қолдаған Махамбет 1829 жылы түрмеге қамалады. **Өлеңдері.** Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. **Ер қандай болу керек** деген сауалдарға жауап іздейді. Исатайдай жолдасын мақтап, нағыз ер бейнесін жасайды. Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан төккен, сол мақсатқа бел буған ерлер бейнесі жасалса, Исатай – сол ерлерді бастаушы, халық үшін жанын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің, жүректілік пен өрліктің символы да. **«Исатай деген ағам бар», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Мінкен ер», «Тарланым», «Исатайдың сөзі», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай»** өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Махамбеттің өмір сүрген кезеңіндегі Қазақстанның әсіресе Бөкей ордасының жайы туралы не ойларың барқ
2. Махамбет жырларындағы жақсы азамат, жағымды образ болып кім суреттеледік
3. Махамбет өлең құрылымының қандай ерекшеліктерін байқадыңдарқ
4. Махамбет поэзиясындағы ұлттық өршілдік, қазақи ұлтшылдық туралы не пікір бере аласыңдарқ

5. «Махамбет және бүгінгі қазақ жігіті» тақырыбына ойтолғау жазындар.
6. «Қызғыш құс» өлеңі идеясын талдап, ақынның айтпақ ойын баяндаңдар.
7. М.Өтемісұлы поэзиясындағы армандық сарын, аңсау не жөніндек
- 8.«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінің тәрбиелік мәні қандай, өлеңді жаттап алыңдар.
9. Махамбетті кімдер, не үшін түрмеге қамадық
- 10.Махамбет Өтемісұлының балалар жазба әдебиетіне қосқан үлесі неқ

Тақырыбы: Ыбырай Алтынсарин- қазақ балалар әдебиетінің атасы

Жоспар:

4. Ы.Алтынсариннің өмір мен қызметі.
5. Ы. Алтынсарин- әңгімелерінің тәрбиелік мәні.
6. Ы. Алтынсарин -қазақ балалар әдебиетінің атасы.

Әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. Алматы, 2004.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл.1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында құдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Ыбырай Алтынсарин –қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы , тамаша ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ол 1841 жылы 20 қазан да қазіргі Қостанай облысы ,бұрынғы Аманқарағай болысы , Затабол ауданында дүниеге келді. Ыбырай өз әкесі Алтынсарыдан 4 жасында жетім қалды. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Ыбырай атасы Балқожаның тәрбиесінде болады. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушының бірі-Ыбырай Алтынсарин. Ол – заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, қазақ балалары үшін дүниелік ғылымдар негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы. Қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 .Ыбырай Алтынсарин қашан, қайда туылғанқ
2. Ыбырай қандай шығармалар жазғанқ
3. Алтынсарин қазақ балалары үшін не жұмыстар істедік
4. Алтынсариннің өнер-білім туралы өлеңдері қайсыларқ
5. «Қазақ хрестоматиясына» нелер енгізілгенқ
6. Кімдерден аударма жасадық
7. «Әке мен бала» әңгімесінде қандай оқиға сөз болады, мәнісін түсіндірқ
8. «Мейірімді бала» әңгімесінің тәрбиелік мәні недеқ
9. Кел, балалар, оқылық, Балғожаның оқудағы баласына жазған хаты өлеңдерін жаттап алыңдар, мағынасын ашып түсіндіріңдер.

10. «Бай баласы мен кедей баласы» әңгімесінің негізгі тақырыбы мен мазмұнын түсіндіріңдер.

Тақырыбы: Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы. Балалар әдебиеті тарихынан алатын орны.

Жоспары:

4. Қазақ балалар әдебиеті тарихында Абай ролі.
5. Абайдың ғылым туралы әңгімелері.
6. Абайдың тәрбие мәселесіне байланысты көзқарастары.

Әдебиеттер:

1. Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1989ж.
2. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1988ж.
3. М.Қаратаев. Туған әдебиет жайлы. Алматы, 1989ж.
4. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1988ж.
5. М.Ғабдуллин. Ауыз әдебиеті. Алматы, 2002жыл.
6. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті» Астана 2006 жыл. 1-том
7. Момышұлы. Таңдамалы. 1-том. Астана 2005жыл.
8. Ө.Қожамұратов. Күн астында күдірет. Алматы, 2002 жыл.
9. С.Сейфуллин. Таңдамалы. Алматы, 1978 жыл.

Тірек ұғымдар:

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев - өз ұлтының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын.. Абай шебер өлеңді, тәтті әнді мәдениеті жоғары, білімді ақын ғана бере алатынын ескертіп, “Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол-ақынның білімсіз бейшарасы” деп көрсетті. Абай өзінің осы сияқты өлеңдерінде (“Болыс болдым, мінекей”, “Мәз болады болысың”, “Бойы бұлған”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, т.б) өткір, сыншы-сатирик жазушы есебінде бой көрсетті. Өзінің “Күз”, “Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай” деген өлеңдерінде қазақ кедейлері мен байларының өмірін салыстыра бейнелеп, кедейлердің аянышты халін айқын суреттеді. Абай өлеңдеріндегі негізгі елеулі әлеуметтік мәселелердің бірі-қазақ әйелдерінің жайы, қазақ жастарының махаббат, еркіндік мәселесі. Абай творчествосынан ерекше орын алатын ендігі бір үлкен тақырып - оның ағартушылық идеясы. Абай - өнер-білім, тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл аударған, ұлы ағартушы ақын.

Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. “Желсіз түнде жарық ай”, “Қыс”, “Жаз”, т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ аулының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді. Абай А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың реалистік әдістерін жете меңгерген еді. Абай - М.Лермонтов сияқты өзі өмір сүрген қоғам озбырлығына батыл қарсы шыққан кекті ақын. Абайдың көптеген тамаша шығармалары М.Лермонтов творчествосындағы азаматтық әуенмен үндес. Мұндай шығармалардың қатарына оның: “Жүрегім нені сезесің”, “Менсінбеуші ем наданды”, “Сегіз аяқ”, “Не іздейсің көңілім, не іздейсің”, “Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын”, “Жүрегім менің қырық жамау” т.б. өлеңдері жатады. Абай аудармасы арқылы Лермонтовтың “Тұтқындағы батыр”, “Ой”, “Альбомға”, “Қанжар”, “Дұға”, “Теректің сыйы”, “Шайтан”, “Асау той тентек жиын, опыр-топыр”, “Вадим”, “Бородино” және басқа өлеңдері қазақ арасында тұңғыш тарады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абай Құнанбаевтың балалық шағы қалай өткені
2. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде қандай мән-мағына бар
3. Не үшін Абай болыс болмай, көп кітап оқып, өлең жазды
4. Табиғат лирикасын қалай суреттеді, тәрбиелік жақтары қандай
5. «Абай және бүгінгі қазақ жастары» тақырыбына ойтолғау жазыңдар.
6. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің идеясын талдап, ақынның айтпақ ойын баяндандар.
7. А.Құнанбаев поэзиясындағы армандық сарын, тілек не жөнінде
